Қыр баласы – Әлиханның, қазақтың лирикалық жыры Баян сұлу – Қозы Көрпеш жайында: «Қозы Көрпеш, Баян» Ертіс аяғы Тобыл татарында, күншығыс Түркістаны Тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алтайда, Орынқайда, Оралда, башқұртта, Кауказда, шешенде, осетинде бар. Норманға «Фауст» қандай болса, түрік баласына «Қозы-Көрпеш, Баян» сондай», - деп, ой түйіп, - «Алтын шыққан жерді – белден қаз», - деп сөзін бекіткен (Бөкейхан, 1995, 311 б.). Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамында Қозы мен Баян

жырының қаншалықты маңызға ие мәдени ескерткіштердің бірі екенін, ал жыр дүниеге келген өңірдің киелілігі сөз болып тұр. Сондықтан біздің пікірімізше бұл атаулардың барлығы халықтық этимология негізінде туындаған.

XVIII ғасырдың ортасына таман Ертіс бойына Ресей империясының бекініс шептері салынып, әскери экспедициялардың негізінде жер атаулары қалыптаса бастаған. Семей, Өскемен, Кереку атауларына байланысты Алаш көсемі: «1713 жылы генерал-губернатор Гагарин, І Петрге Ертіс бойына бекініс салуды ұсынды. Осыны жүзеге асыру үшін Бухгольц 3 мың адаммен келіп Жәміш өзені бойында, Жәміш бекінісін салуды бастаған, кейін Жоңғарлардың қысымымен Омбы өзен сағасына шегініп, сол жерде Омбы бекінісінің іргесін қалаған. Келесі жылдары жоңғарлармен дипломатиялық келісімге келіп, Жәміш бекінісін аяқтаған, 1718 жылы Семей бекінісі салынады. Лихаревтің 440 адаммен зеңбіректерден тұратын экспедициясы Зайсанға жетіп, ары қарай қара Ертіске жеткен. Қайтар жолда Өскемен бекінісі салынады» (Бөкейхан, 2017, 426 б.).

Жалпы, Әлихан Бөкейхановтың зерттеулері көбіне Ертіс бойының киелі географиялық аймақтарына арналғанын байқаймыз. Әлиханның «Екі жол» атты мақаласында 1909 жылы Кереку өңіріне алым-салықты көбейтіп, Ертістің бойында отырған халықты жайылымынан айырып, тартып алмақ болғанда, Кереку қазақтарының Ресей шенеуніктеріне дәлелін келтіреді: «Біз Ертісте жүз елу жыл отырмыз. Ертіс тоғайының аты қоныс алған кілең бабамыздың аты. Ертісті өрлей, қуалай жүрген адамдар біледі: он шақырым жерінде қазақ бейіті қала сияқты. Ертіс бізге ата қоныс болған жер. Біз, Ертісте жоңғарды күшпен қуып қоныс қылғанбыз», - деп (Бөкейхан, 1995, 267 б.), Ертіс бойы көнеден қазақтың мекен еткен тарихи қонысы, ұлттың киелі жері екендігін айтады.

Екібастұз жер атауының шығуы да тұзбен байланысты. Жер атауының шығуына қатысты бізге бірнеше аңыздар жеткен. Соның ішіндегі көп таралған аңыздардың бірі Екібастұз көмір

алабын тапқан Қосым Пішенбаевтың орынды белгілеу үшін жылқының екі қу басы мен тұзды үйген екен (Сапаров, 2007, 96 б.). Н. Коншин мәліметінше: «Жергілікті қазақтар Екібастұз атауының шығуын, көмір алабынан 50 шақырым жерде орналасқан тұзды көлдің атымен байланыстырады. Қазір тұзды көлдің орнында шахта орналасқан», – дейді (Коншин, 2005).

Тұз – қазақ халқының рухани түсінігінде қасиетті саналған. Бұл жайлы Шоқан Уәлиханов жазады: «Тұзды көлдерді кең деп атайды, тұсынан әулие, не аруақ өтіп бара жатқанда көзі түскен деп түсінеді». (Ш.) Сол себепті тұзбен қалыптасқан жер атауларын агиотопонимдерге қоса аламыз деп білемін.

Сол сияқты Қалқаман елді-мекені атауының шығуы да тұзбен байланысты болуы керек. Үлкен және Кіші Қалқаман тұзды көлдері Павлодардан оңтүстік-батысқа қарай 46 км және Ақсудан 25 км жерде орналасқан, оның ауданы 250 шаршы км (Ертістің, 2013).

Қалқаман этимологиялық атауының шығуын емдік қасиетіне байланысты П.П. Семенов «халық-аман» сөзінен шыққан деп мәлімдейді (Семенов-Тянь-Шанский, 1903, 388 б.). Өлкетанушы Т.А. Еңсебаев болса, тұзды көл атауын «Қалқаман-Мамыр» ғашықтар аңызымен байланыстырған (Еңсебаев, 2017). Дегенмен Ш. Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» лирикалық дастанына сүйенетін болсақ, автор оқиғаның Сыр өңірі бойында болғанын нақты жазып кеткен. Шежіретану мәліметтері бойынша Мақсат Алпысбесұлы Қалқаман тұзды көліне бұл дастанның ешбір қатысы жоқтығын, Қалқаман тұзды көлінің атауы белгілі Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман батырмен байланысты қойылғанын атаған еді. Бұл мәліметтерді өлкетанушы Дәурен Аяшинов та өзінің зерттеулерінде ашуға тырысқан. Ол орыс зерттеушісі Петр Златовтың мәліметтеріне сүйене отырып жазады: «Бұл көлдің аталуы дала ордалары Ресейден тәуелсіз болған кезінде бір беделді қазақтың құрметіне аталған. Бұл көшпенді адамның беделдігі мен құрметтілігі неде екенін анықтау қиын, бірақ көлге аты берілгеніне қарағанда, ол сол далада әулие

ретінде танымал болғаны анық». Әрі қарай зерттеуші Қалқаман батырдың 1714 жылы осы көлдің маңында жоңғарлармен шайқасқа түскенін және Өлкей Марғұланның болжамы бойынша, осы шайқаста Қаржас руынан шыққан, аты аңызға айналған Қалқаман батырдың қаза болғандығын дәлелдейді. Өлкетанушының ақпараттары бойынша Қалқаман батырдың бейіті осы көлдің жағалауында орналасқан. Зерттеуші бұл мәліметті әскери-топографиялық карталарға сүйене отырып көрсеткен.

Агиотопонимдік атауымен қатар өлкедегі Үлкен және Кіші Қалқаман тұзды көлдері де ежелден жергілікті тұрғындар үшін емдік қасиетімен маңызды болған. В.П. Семенов: «Онда тек жергілікті тұрғындар ғана емес, сонымен қатар басқа қалалардан (Омбы мен Семей) науқастар жиналады», – дейді (Семенов-Тянь-Шанский, 1903, 388 б.).

Н. Коншиннің деретінде «Көлдің балшығы да майлы болып келеді және адамдар сол балшықты денелеріне жағып ревматизм сияқты аурулардан айығады», – деген (Рахимов, 2018).

Осыған ұқсас Ертіс өңірінде қасиетті саналатын – Маралды және Мойылды тұзды көлдері.

Маралды көлі Павлодар облысы Шарбақты ауданында орналасқан (Арын, 2003, 479 б.). Көлдің қасиеті табиғи тұзының көп болуымен, минералды тұнба балшығының шипалық құрамымен ерекшеленеді.

Мойылды көлінің емдік қасиеттері де Маралды көлі сияқты түрлі дертке шипасымен белгілі.

1903 ж. В.П. Семенов Мойылды жайлы: «Омбы мен Павлодар аумағындағы Мойылды және басқа да ащы тұзды көлдер туралы айту керек. Бұл көлдердің батпақтарының денсаулық үшін пайдасы анықталды, бірақ арзан және ыңғайлы байланыс пен келушілерге қажетті жағдайлардың болмауы, оларды қол жетімді етпейді», – деп жазған (Семенов-Тянь-Шанский, 1903, 71 б.).

Қазіргі кезде көлдің жағасында «Мойылды» санаторийі жұмыс істейді. Санаторий 1922



Сурет 1. Әулиебұлақ 1

жылы ашылып, халыққа қызмет етіп келеді. Онда ем алып, дендеріне шипа іздеушілер алыс-жақын шетелдерден келеді (Арын, 2003, 496 б.).

Жалпы, адам өмірінің басты байлығы – ас-ауқатының береkesі мен денінің саулығы болатын болса, оған септігін тигізетін факторлардың бірі – тұз бен тұзды көлдер. Сондықтан Қазақстанның қасиетті географиясына енгізілетін табиғи құндылық ретінде тануға негіз бар; екіншіден, қазіргі заман талабына сәйкес тұзды көлдерді медициналық туризм орталығына айналдыруға толық мүмкіндіктер бар деп есептейміз.

Зерттеуші Азамат Керімбаев қазақ халқының киелі сөз этнолингвистикалық категорияларының жіктелуінде табиғи киелі орындарға қатысты келесідей пікір білдіреді: «Таулар мен қыраттарға сыйыну көптеген оронимдердің этнолингвистикалық сакральды семантикасында байқалады. Су және табиғи су нысандарына сыйыну қазақ сакральді лексикасындағы киелі гидронимдердің едәуір басым бөлігінің пайда болуына әсер етті», – деп жазады [Керімбаев, 2007, 13 б.]. Бұл пікірмен келісуге болады. Себебі, Ертіс өңіріндегі өзен, көл, бұлақ атауларының қалыптасуында агиотопонимдік киелі мән жатыр.

Баянауыл ауданында Әулиебұлақ атымен белгілі бірнеше киелі нысандар

бар. Баянауыл ауданы, Күркелі ауылдық округінің Ж. Шанин ауылынан солтүстікке 25 шақырым жерде орналасқан. Әулиебұлақ атауы Ақбура елді мекенінде өмір сүрген әулиелермен байланысты қойылыпты. Бұлақ ғылыми тұрғыда толықтай зерттелмеген киелі нысандардың қатарына жатады. Нысан туралы мәліметтер жергілікті басылымдар мен көнекөз қариялардың мәліметтері негізінде қарастырылған.

Ақбура елді мекенін, басқаша Жеті әулие мекені деп те атайды. Күркелі елінің шежіреші қарттарының бірі Нығмет Жаминов әулиелердің атын: «Тәшмағанбет, Төлембек пен Жаулыбайды, Дәнсат абыз, әулие Мұратайды, Қажы Лекер баласы Исабаймен – «Жеті әулие» деп Мәшһүр елге жайды», – деп тізген. Әулиелерді бұл жерге киесі жетектеп әкеледі екен. Сондықтан ертеректе осы жерге келушілердің қарасы көп болған. Сондықтан әулиелер мекен еткен бұлақ бастауының суы дертке шипа қасиетімен ел арасына танылған.

Бұлақтың сипаттамасына назар аударсақ бір емес үш көзі бар. Ең қызығы, үш бастаудан дәмі үш түрлі су ағады. Бұлақтың ғажайыптығы – қыстың ызғарлы суық күндерінде де жанынан жасыл шөптің өсіп тұрғанын көруге болады.

Көпшілік Әулиебұлаққа асқазан, бүйрек, тері ауруларынан емделуге келеді екен. Қазіргі күні арнайы зиярат жасап, емдік суынан шипа іздеп келушілер саны көбейіп келе жатыр.



Сурет 2. Әулиебұлақ 2

Екібастұз қаласынан шығып, Баянауылға кіре беріс Майқайың – Баянауыл тас жолы бойында қасиетті Сарыадыр бұлағы орналасқан. Бұл қасиетті бұлақ жолаушылардың аялдамасы іспетті. Мәлдір бұлақтың суын келген жолаушылар «Тәңірдің берген несібесі» деп біледі. Сарқырап аққан бұлақ суына алғысын білдіріп, бұлақ жанында өсіп тұрған жалғыз ағашқа ниет етіп, матаның кесіндісін байлайды. Бұл көне дәстүр туралы Орынбор генерал-губернаторлығының статтық кеңесшісі Василий Григорьев: «Қасиетті орындардың қасынан өтіп бара жатқан қазақтар, арнайы тоқтап дұға бағышылауды міндеті деп біледі. Сонымен бірге аттың қылын, тозған көйлектің матасын немесе жетіспеген жағдайда құрғақ сүйектерді, тіпті болмаса тас қалдыруды міндет санайды» (РМТМ.Қ. 853, п. 44-46). Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан бұл ғұрыпты қазақтар ғана емес, бұлақ суын пайдаланған өзге ұлт өкілдері де ұстануға тырысады.

Сарыадыр қасиетті бұлағының халықтың таным түсінігінде қасиеттілігі туралы М.А. Алпыбес жазады: «Сарыарқа жерінде Сарыадыр деп аталатын жерлер көп кездеседі. Елдің ақсақалы Сарыөлеңдегі Әулие бұлақтың шырақшысы болып отырған Нығмет Жәмінұлы жер қасиетін төмендегідей жырлайды: «Жайқалған көк бетеге, тарлау

өзен. // Сылдырлап ағып жатқан өзен, бұлақ. // Малға – өріс, жанға – шипа бола білген» (Алпысбес, 2005, 22 б.). Демек, қасиетті Сарыадыр бұлағына тәу ету құбылысы ұрпақтан ұрпаққа жалғастығын тауып келе жатқан дәстүр екені анық.

Баянауылдағы «Драверт» жарлауыт қуысы адамдардың көнеден қоршаған ортаға ғұрыптық рәсімдерінің көрініс тапқан орны. Нысан Баянауыл ауылының солтүстік-батысына қарай 5,5 км, Жасыбай көлінің жағасының оңтүстік-шығысында орналасқан.

Ескерткіштің ені 2,8 метр, тереңдігі 2,1 метр, кіре беріс биіктігі 1,8 метр. Үңгірдің төбе жағындағы суреттер қызыл жосамен боялған. Сурет шамамен 1 метрді алады. Шамамен он бес түрлі бейне көрінеді, оның ішінде он шақтысы адамға ұқсайды. П.Л. Драверт мақаласында: «Жарлауыт қуыстың кішкентай мөлшері бір адамның үйі деп айтуға келмейді. Бұл ғұрыптық заттарын сақтауға арналған ғибадатхананың бір түрі болса керек, ал қуыстағы суреттер қандай да бір діни немесе сиқырлы мағынаға ие болған болу керек», – деп сипаттаған (Драверт, 1930, 232 б.). Яғни, бұл тәңіршілдік сенімімен байланысты болуы да мүмкін. Қуыстағы суреттелген адамдардың салт-ғұрыптық билері тәңірден сәттілікті жору, ниет жасауымен байланысты болуы ықтимал. Ж.О. Артықбаев Драверт жарлауыт қуысын шартты түрде «Бақсы тас» деп атау керектігін ұсынады. Осы туралы: «Тас бетіндегі алқызыл



Сурет 3. Драверт үңгірі

бояумен салынған суреттер әлдекімдер айтып жүрген еріккен аңшылар мен терімшілердің қолынан шыққан туындылардан бөлек, бұл Тәңірі, Көк аспан мен Жарық күнге деген адамдардың ілтипат сезімі» (Артықбаев, 2018, 33 б.). Яғни, бұл жер тәңіршілдік дәстүрлеріне сай киелі орындардың бірі. Осы жерді қазақ халқы «қорлауға болмайды, зияны тиеді», – деп сақтауға тырысқан. Дегенмен қазіргі кезде суреттер өшіп бара жатқаны қиын мәселе.

Ертіс өңіріндегі этноархеологиялық маңызы бар киелі нысандар қатарына Қаз дауысты Қазыбек бидің сөре тасы жатады.

Нысан Баянауыл ауданы, Мұрынтал ауылынан 3 шақырым жердегі Далба таулары, Теректібұлақ атты тау бұлағының маңында орналасқан. Қазыбек бидің сөре тасы үсті тастармен үйіліп, тас стелламен белгіленіп, жан-жағы темір қоршаулармен қоршалған объект түрінде көрініс тапқан. Ол нысан М.А. Алпысбес еңбегінде келесідей сипатталады: «Далба тауының етегінде «Қазыбек сөресі» сопақтау келген төрт меңгірден тұрады. Қазақтар сөре ретінде қолданған. Тек өкініштісі – осы меңгір тастардың бүгінгі күні екеуі ғана сақталған» (Алпысбес, 2005, б. 102).



Сурет 4. Қазыбек бидің сөре тасы



Сурет 5. Едіге бидің билік тасы

Қазыбек би – (шамамен 1667-1764 жж.) Орта жүздің атақты билерінің бірі, Қазақ хандығының мемлекеттік тарихи қайраткері, Тәуке ханның атақты үш биінің бірі болған. Қазыбек бидің шыққан тегі Орта жүз Арғын руы ішіндегі Қаракесекке жатады. Жас кезінен бастап өзінің жалынды, жарқын сөздерімен бүкіл Қазақ хандығында танымал болған. Тәуке хан, жас таланттың қабілеттеріне сүйсініп, 18 жасар Қазыбекті Жоңғар мемлекетіне аттандырған делегаттар қатарында алып барады. Жас бидің жалынды сөздерінің арқасында жоңғарлар айдап әкеткен малдар мен тұтқындарды босату жүзеге асады. Қазыбектің қаздай сыңғырлыған аңыз дауысына орай Қаз дауысты деп атаған.

Қартая келе Қазыбек би саяси істерден алшақтап, өкілеттілігін ұлы Бекболатқа табыстап кетті. Қалған өмірін алдымен Сарыарқа даласының Қарқаралы, кейін Далба тауларында өткізеді.

Қазыбек би Далба тауларындағы қыстауында дүниеден озады. Ұрпақтары мәйітін қасиетті Түркістанға апарып жерлеуге бел байлайды. Дегенмен, сықырлаған аязды қыста жолға шығу қиындық туғызып, бидің денесін көктемге дейін сақтауды жөн деп есептейді. Сол үшін бидің қыстауы маңына үлкен тастарды жинап, бидің мәйітін сонда қояды. М. Алпысбес сөрелеу әдісі туралы

келесідей мәлімет береді: «Сөреге сақтау» негізінен қыс мезгілінде қайтыс болған адамды көктемге шейін сақтаудың тәсілі. «Сөрелеп жерлеу» ғұрпы да көне түріктік тайпалардың жерлеу ғұрпындағы жер бетінде жерлеу салтынан бастау алады. Бұл жерлеу ғұрпы түркі тілдес шамандық діндегі Сібір халықтарында да кейінгі уақытқа дейін сақталып келді» (Алпысбес, 2005, 380 б.). Көктем кезінде Бекболат би бастаған топ бидің денесін Түркістанға әкеліп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қасына жерлейді.

Қаз дауысты Қазыбек бидің денесі сақталған сөре тастар туралы мәлімет ауызша үлгіде жеткен. Кейін сөре тастар орналасқан орын қоршалған. Халықтың нанымында танымал тарихи тұлғалар жатқан жерлерге киелілікке байланысты түсінік жатыр. В.В. Григорьевтің жеке қорында осы жайлы келесідей ақпарат беріледі: «Қазақ даласында бұрынғы дала тұрғындарының көптеген ескерткіштері сақталған, олардың сақталынып қалуына қазақ даласындағы аруақтар сенімі себеп. Қазақтар өздерінің киелілік сенімдерін бейтаныс адамдардан жасыруға тырысады» (Қ.631, п. 43). Сол себепті, Қазыбек бидің сөре тасы жұрттың жиі барып, кие тұтатын орындарының бірі болып табылады.

Қазақ халқының ауызша үлгісінде аталып, қастерленетін киелі ескерткіш – Едіге бидің

билік тасы. Киелі орын Баянауыл жеріндегі Мұрынтал ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2 шақырымдай жерде орналасқан.

Едіге би – қазақтың атақты биі болды. Бидің шежіресін шежіретанушы М.А. Алпысбес келесідей өрбітеді: «Айдабол-Жанғозы-Төлебей. Төлебей батырдан – Еламан, Едіге би, Елкелді» (Алпысбес, 2005, б. 375). Айдабол би – Қазақ хандығының біртуар биі болған. Ал Едігенің әкесі Төлебей – даңқты батыр.

Едіге би бүкіл Сарыарқаға белгілі Шоң бимен Торайғыр бидің әкесі болатын. 1833 жылы Шоң би Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Едігенің балалары дүниеге келер алдында түс жоруы жайында мынадай ауызша дерек кездеседі: «Шоң туарда қара бүркіт ұстадым. Жемін екі қанатымен бүркеп жеді. Екінші – Қиғара – туарда қырғауылдың қоразын ұстадым. Мал баққаннан басқа дәнемеге жарамас! – деген екен. Үшінші – Шорманда – тот басқан қылыш тауып алдым. «Тотын кетіремін дегенше кім бар, кім жоқ!» – деген. Төртінші – Торайғырда сұңқар ұстадым: көлдің бір шетінен кірді, бір шетінен шықты. Алған құсын бір шоқымады. Адамның сұңқары болар!» – депті (Көпейұлы, 2006, 79 б.).

Мұрынтал ауылы маңында жатқан ірі-ірі қойтастар халықтың ауызша дәстүрінде, Едіге бидің даулы мәселелерді шешетін жиын орны болса керек. Дәл осы жерде даңқты би сот істерін шешіп, күрделі мәселелерді талқылаған. Ақсақалдардың мәліметтерінше, Едіге би Ақ нарға мініп биік тастың жоғары бетіне көтерілген. Сарыарқа жұртшылығы осы жерді «Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен Едіге» деп есімін дәріптеген екен.

Едіге бидің билік тасын қазақ халқы ескі дәстүрге сәйкес, қасиетті, киелі орын деп санайды. Осы орынға Ертіс өңірінің халқы келіп дұға қайырып жүр. Бұл нысанды халық киелі рухани ескерткіш тұрғысында ерекше қастерлейді.

Ертіс өңірінде орналасқан киелі орындар тарихтағы ұлы тұлғалар есімімен байланысты. Ұлы тұлғалардың басына зиярат ету дәстүрлері киелі аңыз-әпсаналармен

сабақтастырылады. Ә. Муминов сөзінше, тұлғаның қасиеттілігі туралы аңыз-әпсаналар киелі орындарға зиярат ету дәстүрінің негізі. Көбінесе ондай орындар кеңестік зерттеушілер тарапынан қарастырылмай немесе бір жақты әдеби ескерткіш деп бағаланған (Муминов, 2011, 62 б.). Сонымен қасиетті тұлғалардың кереметтілігі туралы оқиғалар әпсаналарда сипатталған және көпшілігі қағаз бетіне түспей ауызша дәстүр түрінде халық жадында сақталған.

Әпсаналарға зер салсақ, қасиетті адамға киелік қону түспен жүзеге асады. Түсінде оған әулие келіп (көбінесе бұл – ақ киінген Қызыр әулие) аян береді. Аянда әулие оған халыққа көмектесу жолында өз қызметін бастауын айтады. Қасиеттілікпен айналысудан бас тартқан жағдайда ол күрделі ауруларға шалдығады. Келіскен жағдайда бойындағы барлық ауру-сырқаудан айығып құтылады. Ереже бойынша әулиені түсінде көру киелі орында түнеумен жүзеге асады (көпшілік жағдайда ата-баба бейіті, әулие қонған орын).

Қасиетті адамның бір ерекшелігі – құпия ілімді білуі. Ол жолығуға келген адамның ішкі ниетін алдын ала біледі. Қасиетті адамның бойында көріпкелдігі де болады. Мысалы, келген адамдардың түстері жайлы біледі, кей кезде түс процессіне дейін араласады.

Қоғамдық өмірде құпияны ашуға көмектесіп жатады. Мысалы, әулие жоғалған жылқыны немесе басқа мал түрін табуға жәрдемдескені туралы аңыз-әңгімелер тараған. Қасиетті адамдардың бойына киеліліктің пайда болуы туралы Ә. Муминов келесідей жазған: «Ежелгі батырлар ғажайыптардың (керемет) жаратушылары болып табылады, бұл олардың табиғаттан тыс күші арқасында мүмкін болды. Тағы бір дәстүр бойынша, батырлар Қызыр пайғамбарымен қарым-қатынастан керемет рухани күш (барака) алады (Қыдыр Ілияс, Қыдыр Ілияс-у Абдалдың нұсқалары бар)» (Муминов, 2016).

Киелі орындар немесе естелік орындары бір өңірдің тарихын баяндап қоймайды, ол сол өңірдің ерекшелігі мен тартымдылығын, мәдени өзегін көрсетеді. Мысалы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасында

Тарбағатайдың таулы аймақтарында емші, сынықшы Досқанұлы Ырғызбай әулие өмір сүріпті. Әулиенің өмір сүрген жылдары шамамен 1787-1850 жж. Аралығы.

Ауызша жеткен мәліметтерде, емші шипалы шөптермен науқасты емдеп, қан тамырлардың соғысы арқылы ауруды анықтаған. Бірақ өзінің көмектері үшін халықтан ешқашанда ақы алып көрмеген: «Жетім-жесірге беріңдер, менің міндетім бөлек», – дейді екен. Әулиенің жалпақ жұртқа есімі қатты сырқаттанған Құнанбай биді емдем жазғанымен таныла түскен. Бұл мәлімет поляк этнографы Адольф Янушкевичтің күнделіктерінде жазылады. Ризашылығы ретінде Құнанбай емшіге құлыны бар биені сыйға тартып: «Алла қаласа, осы биімен өміріңде таршылық көрмей өтесін», – депті деседі [243].

Халықтың мұң-мұқтажын дұға, емдік шөптермен емдеген дала дәрігері Ырғызбайға жан-жақтан келушелер көп болған. Мәліметтерге сүйенсек, Ырғызбай атаның көріпкелдік қасиеті де болған. Ол алдын ала келе жатқан адам туралы біліп отырыпты.

Әулие өмірден озған соң 1902 жылдары мазары тұрғызылған. Жатқан жері қасиетті саналып, халық басына келуін ешуақытта тоқтатпаған. 2014 жылы ескі мазардың орнына жаңа кесене тұрғызылып, халықтың мінәжат орнына айналған.

Келесі Ертіс өңірінде орналасқан Исабек ишан хазірет киелі орны мен әулиелігі туралы ел арасында тараған аңыздарға тоқталып өтсек.

Исабек ишан хазіреттің белгілі тәлімгері болған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ұстазына арнаған қара өлеңінде былайша жазады: «Жан еді шарапатты даңқы жеткен// Кәнекей, кім бар еді одан өткен.// Түрлі ауру, шерменде де, тіпті науқас,// Жазылып сау-саламат болып кеткен. Көзсіз келсе алдына көзді болған,// Тілсіз келсе сөйлейтін тілді болған.// Не дегенін құдайым қабыл етіп,// Мұңлы, кәріп алдына бәрі толған.// Саңыраудың себеп болған құлағына,// Ақсақтың дауа болған аяғына.// Жын-шайтан құтылып халис болған,// Өзі түгіл сүйкенсе таяғына», – деп

қасиеттілігін көзімен көрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әулиенің шарапатын сипаттаған (Көпейұлы, 2006, 36 б.).

Жалпы қазақ елінде көпшілікке белгілі Исабек ишанның тәлімгері Мәшһүр Жүсіп әулиемен де қазақ еліне тараған аңыз-әңгіме деректері мол. Соның бірі әулиенің өзінің дүниеден озары туралы алдын ала білуі мен денесінің 20 жылдай уақыт бұзылмағандығы жайындағы оқиғалар. Мәшһүр Жүсіп өмірден озарын 1 жыл бұрын білген екен. Өзін жерлеуге байланысты әулие келесідей ескертпе айтса керек: «Мен өзім тірі күнімде Құдайға шын берілгенмін. Өлген соң, менімен жұмыстарың болмасын». «Үйдегі парызды базардағы нарық бұзады», – дегендей, заманның толқыны еріксіз билеп кетіп: «Өлгенде, керек болады», – деген ой тіріде өзіне жарату жабдығына ықтияр түсіреді: «Пенденің дегені болмайды, Алланың дегені болады»... Жайнамаз, Сіләмболы (Стамбул) алаша, өлгенде бір шапан, оның сыртынан жайнамазға орап барып, екеуі қабір басында берілсін... » (Көпейұлы, 2006, 244 б.). Мәшһүр Жүсіп айтқандай бір жылдан соң қайтыс болып, ел-жұрты оның мәйітін қалай өсиет етсе дәл солай жерлеген. Жылдар өткенімен мәйіт бұзылмақ түгілі бөлме ішіне хош иіс таратып тұрған. Сүйіндік Көпеев марқұм өз естелігінде: «1946 жылы Сәбит Мұқанов келіп, қабірдің ішіне түскен. 1950 жылы өзім де түсіп, денесін сипаған едім, сонда жадағай жерде жатса да, біртүрлі хош иіс шығып тұрды. Ешбір құрт-құмырсқа, көрді жайлап алатын сасық күзен, тышқанның ізі де білінбеді», – деп жазады.

Халық арасында сақталған аңыздарда, Қазанғап би шыншыл, әрі адал адам болыпты. М.Ж. Көпейұлы ұстазы Исабек Ишанның әділдігі жағынан Сарыарқада үш би барын, біріншісі – Құнанбай би, екіншісі – Шоң би, үшіншісі – Қазанғап би деп атайтынын жеткізеді.

Қазанғап Сатыбалдыұлы, Бәсентиін руынан шыққан белгілі би болған. Өмір сүрген жылдары 1771-1856 жж. Қазанғап Ертіс өңірінің дамуына зор үлес қосқан қайраткер еді. Ол Баянауыл сыртқы округі ашылғанда

сүбелі міндеттер атқарып, кейін 1843-1848 жылдар аралығында аға сұлтаны болды. Қалқаман тұзды көлінен тұз шығаруды ұйымдастырып, ел үшін жасаған қызметтеріне орай, Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы майор шенін берген еді.

Патша әкімшілігі Қазанғап Сатыбалдыұлының халық арасындағы беделін ескере отырып, әрқашан пікір-ұсыныстарымен санасып отырған және биді ерекше құрметтесе керек. Мәселен, Санкт-Петербург архивінде Қазанғап Сатыбалдыұлына қатысты арнайы жеке істер табылды. 1806-1812 жылдар аралығын қамтитын тарихи істерде Коряков форпостының басшысы Антон Колонның граф Румянцевқа жазған хатында, Бәсентиін руының старшыны Қазанғап Сатыбалдыұлының жалақысын көтеру туралы өтініш жазса (РМТМ. Қ. 1291, п. 1-2) 1808 жылғы келесі бір рапортта Қазанғап бидің кезінде, елде тыныштық орнап, ұрлық азайып, ру аралық қарулы қақтығыстар тоқтағандығын мәлімдейді (РМТМ. Қ. 1291, п. 4-5). 1810 жылғы граф Румянцевтің жазған мәлімдемесінде Қазанғап Сатыбалдыұлының адамдары шептен қашқан 3 орыс солдатын ұстап, бөлімшеге қайтарғаны жайлы жазады. 1812 жылғы Ресей императорына жазған Батыс Сібір генерал-губернаторы Георгий Глазенап: «Жоғары мәртебеліден осы құрметті старшинге капитандық шенді беруіңізді өтінемін», – деп сұраған хаты кездесті (РМТМ. Қ. 1291, п. 6).

1856 жылы Қазанғап Сатыбалдыұлы дүниеден озған соң, Рамазан есімді тәлімгері Қызылжар (Петропавл) және Омбы шаһарынан ақ мәрмәр әкеліп, бейітті қоршап, үсті ашық сағанатам салса керек. Дегенмен, кеңес үкіметі кезінде құрылыс толық қиратылып, кірпіштерін ауылдың тұрғындары жеке құрылысқа алып кеткен. Алайда, қасиетті энергетикалық өрісі бар киелі орынға, жылқы, қой жануарлары жайылмай үркіп айналып өтеді екен. 2008 жылы бидің бейітінің жаңадан қоршауы жаңартылып, ескерткіш орнатылған. Бұл орынды Ертіс өңірінің жұртшылығы адамға

ерекше рухани күш-қуат беретін, аруақты жер деп, атақты бидің жатқан орнын ерекше қадірлейтін болған. Қазіргі күні Қазанғап Сатыбалдыұлының ескерткіші Ертіс өңірінің халқы үшін тарихи маңызды киелі орын болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Ақшатау ауылы, Сандықтас қонысында жерленген зар-заман ақындарының өкілі Дулат Бабатайұлының кесенесі халықтың қасиетті орны. Ақын, қоғам қайраткері Дулат Бабатайұлы 1802-1874 жылдар аралығында Ертіс өңірінде өмір кешкен. Ол патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына, қоғам ішіндегі әділетсіздіктерге наразылық білдірген адам болатын. Жастайынан ескіше оқыған ақын, ел ішіндегі сауатты адамдардың қатарына жатты. Көзі ашық, көкірегі зерек зиялы тұлға ел ішінде орнаған әділетсіздіктерді көзімен көріп, бей-жай қала алмады. Ақынның «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ», «Аягөз қайда барасың?» және т.б. өлеңдері соның дәлелі.

1990 жылы ұзақ уақыт ізденістерден кейін ақын бейіті орналасқан белгітас табылды. Сол жерге кесене тұрғызылып, ақынның есімі жалпыұлттық көлемде ұлықталды. Халық санасында бұл орын киелі мәнге ие, қадірлі, құрметті орын болып табылады.

Ертіс өңірінің көрнекті тарихи тұлғаларға арналған киелі орындарының бірі – бұл Мұса Шорманов кесенесі. Киелі нысан Баянауыл ауданы Теңдік ауылынан солтүстік-шығысқа қарай бір шақырым қашықтықта, Ащысу өзенінің оң жағалауындағы Ақкелін шатқалының ескі қазақ зиратында орналасқан.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф және публицист, қазақ фольклорын жинаушы, ағартушы Мұса Шорманов 1818-1884 жылдар аралығында киелі Баянауыл аймағында өмір кешкен.

XIX ғасырдың 50-60-жылдары Мұса Шормановтың қоғамдық-саяси мансабы шарықтай түскен уақыт болатын. 1854 жылы Мұса Шорманов Баянауыл округінің аға сұлтаны болып тағайындалды. Бұл қызметте Мұса оған сеніп тапсырылған округтің

шаруашылық, мәдени жағдайының жақсаруы бағытында айтарлықтай жетістікке жетті. Халқының ағартушылыққа ден қоюына қолдау көрсетіп, қамқорлық танытқаны үшін зор беделге ие болды. Мұса білім мен мәдениеттің мән-маңызын түсіне отырып, жас қазақтардың орыс мектептері мен пансионаттарында білім алуы мақсатында белсенді жұмыс атқарды. 1857 жылы аға сұлтанның ұйымдастыруымен Омбыда болыстық кеңселер хатшыларын дайындайтын мектеп ашылды. Мұса Сібір қазақтарының облыстық басқармасы алдында көшпелі өмірге бейімделген жылжымалы гимназияларды ашу мәселесін бірнеше рет көтерді. Өз қаржысы есебінен Баянауылда мешіт пен медресе салды.

1868 жылы Баянауыл округі таратылып, Мұса Шорманов полковник атағымен отставкаға жіберілді. Алайда білікті басшының еңбегі ескерусіз қалмады. 1868-1884 жылдары, өмірінің соңына дейін Мұса Батыс Сібір генерал-губернаторлығында қазақтар бойынша кеңесші болды. Дарынды басқарушы қазақ балалары бар жетімдер үйі, қайырымдылық үйі мен интернаттарға қол ұшын созып, қайырымдылық көрсету үшін беделді, бай қазақтарды жұмылдыратын.

Сонымен қатар Мұса Шорманов Ертіс өңірі қазақтарының этнографиясы, тарихы мен шаруашылығы бойынша мол мұра қалдырды. Мұса Шормановтың «Қырғыз халқының салт-дәстүрлері», «Батыс Сібір қазақтарының мал шаруашылығы туралы», «Павлодар уезі қазақтары туралы ақпараттар», «Қыстаулар мен қысқы көш», «Қазақтардың көші туралы» секілді еңбектері сапалы фактологиялық материалдармен ерекшеленеді, өз халқының мәдениеті пен тұрмыстық шаруашылығын терең танығанын айғақтайды.

Мұса Шорманов бейіті силикат кірпіштен жасалған отбасылық зиратқа жерленді. Оның бейіті фигуралы, тік бұрышты, темір қаңылтыр қоршау мен мәрмәр блоктардан болатын. Киелі орындарды қайта жөндеу, реставрациялық жұмыстар барысында 2018 жылы атақты бидің 200 жылдығына орай, басына ақ күмбезді кесене салынды. Кесенеге жол төселіп, жан-жағы абаттандырылған.

Баянауылдағы келесі бір қасиетті орындардың бірі Жаяу Мұса Байжановтың мазары. Киелі орын Мұрынтал ауылынан батысқа қарай шамамен 10 шақырым қашықтықта орналасқан. Белгілі қазақ халық композиторы, ақын әрі әнші Жаяу Мұса Байжанұлы 1835 жылы Жасыбай көліне жақын маңда дүниеге келген. Ол ауылға келетін әншілер мен күйшілерді тыңдап өсті. Халық әндерін орындаушылармен танысып, әр түрлі аспаптарда ойнаудың ерекшеліктерін бойына сіңірді. Халық әншілерінің шығармаларын орындаған кезде домбыра, қобыз, саз сырнайда шебер ойнайтын (Қазақстанның өңірлік, 2017, 450 б.).

Жаяу Мұса әндерінің мазмұнына зер салсақ, сыни пікірге, сатираға, мысалға толы, олар әйелдердің қиын тағдыры, шешілмеген әлеуметтік мәселелер сияқты қоғамның өзекті проблемаларына ұласып жатады. Туындыларында махаббат лирикасына да, азаматтық лирикаға да орын бар. Шығармалары сан қилы әрі идеяға бай. Олардан мол музыкалық бояуды аңғаруға болады. Оның «Толғау», «Тұтқын зары», «Қазан қыздары», «Тұрымтай», «Құлбай», «Шолпан», «Сапар», «Хаулау», «Сұрша қыз» және басқа әндері ел арасында танымал. Әсіресе «Ақсиса» әні халық арасында ерекше танымалдыққа ие. Өлеңнің шығу тарихына алғышарт болған Баянауыл өңірінде басшылық қызметте болған Шорманның ұлдары – Мұса мен Мұстафа Жаяу Мұсаға сабақ болсын деп астындағы жалғыз атын тартып алады. Сол кезден бастап, ақын халық арасында Жаяу Мұса атанған.

Жаяу Мұса 1929 жылы 94 жасында қайтыс болады. Ақынның бай рухани, музыкалық мұрасы, заманауи қазақи мәдениеттің қалыптасуына ықпалы оның мазарының Павлодар облысының киелі нысаны ретінде қарастырылуына негіз болды. Жаяу Мұса мұрасын құрметтеп, қадірлеу, оның жерленген орнына бару облыстың заманауи мәдениетінің ажырамас көрінісі болып табылады.

Жалпы тарихта көрсетілген өткен шақ естелігі қоғам үшін, халық үшін, мемлекет

үшін маңызды. Жоғарыда айтып кеткен мысалдардай мұндай естеліктерге толы киелі орындардың танымдық құндылығы зор. Мәдени-тарихи ескерткіштер, қасиеттілерге арналған мемориалды кешендер, әпсаналар мен салт-жоралғылар – көне дәстүр мен архетиптерді сақтайды. Тарихи архетиптер – мифтік бейнелер, діни ілімдер, салт-дәстүр, ұлттық идея түрінде тасымалданады. Сондықтан әр өңірдің өткенімен танысу үшін киелі орындарын аралау қажетті. Олар өңірдің мәртебесі мен мақтанышы. Мысалға мифтік образдардың маңыздылығы арқылы ғалым Серікбол Қондыбай әулиелердің тарихын өңірдің географиясымен байланыстырып сипаттаған. Маңғыстау өңірінің табиғаты мен киелі ландшафтысын, қасиетті тұлғаларын мифтік сюжеттермен баяндап, сол өңірге қызығушылықты арттырған. Расында, Маңғыстаудың географиялық ерекшелігіне зер салсақ тау мен тастардан мифтік бейнелерді байқауға болады. Дәл сондай Ертіс өңірінің табиғи географиялық пейзажы, мифтік бейнесімен тылсым құпияға толы.

Елдің, өңірдің ерекшелігін сипаттайтын киелі орындар өзінің рухани құндылығы негізінде мемлекеттің басты бір тірегі болып табылады. Біріншіден, киелі орындардың өзектілігі өткен шақтың сақтаушысы бола отырып болашаққа қадам жасау тәжірибесі болса, екіншіден, өңірдің ерекшелігін сипаттайтындықтан, ол тек көрікті жер ғана емес, сол өңірдің мәдени келбетін көрсетеді. Үшіншіден, тарихи географиялық сипатталған жер кеңістігінің символдық нүктелері болғандықтан елдің нақты бір уақыт шеңберіндегі тарихи-мәдени құндылық әлеуетінің көрсеткіші ретінде маңызды міндет атқарады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде келесідей қорытындылар жасауға болады: 1. Ертіс өңірінің киелі орындары типологиялық бөлінісі бойынша орасан зор санаттылығымен ерекшеленеді. Мұндай орындар қарапайым

географиялық нысандар болғандығымен, бірақ «қасиетті орын» ретінде өзіне әр түрлі білімдер комплексін жинақтайды. Яғни, Ертіс өңірінің киелі географиясы немесе киелі орындар торы бірнеше ғасыр жинақталып, халықтың тарихи-мәдени мұрасы сақталған ортақ бір киелі кеңістікті құрайды. 2. Ертіс өңірінің киелі география моделі қарапайым халықтың стихиялы түрде өзін-өзі ұйымдастыруы және ұлттық рухани құндылық аясында бір орталыққа жұмылу формасы болып табылады. Бұл рухани орталықтар ескі сеніммен дәстүрлі дүниетанымдық көзқарастарды саралау негізінде қайта қалпына келтірілді. Халықтың киелі орындардың рухани күшіне сенімі әр түрлі тарихи кезеңде ұлттың өміршеңдігіне, өзін-өзі анықтауына және қорғануына ықпал жасап келген. 3. Ертіс өңірінің киелі географиясы мемлекеттің шекарасын құрылымдау мен игерудегі халықтың әдісі болған. Осы әдіс негізінде әлеуметтік аймақтар қалыптасып, адам мен киелі орын арасындағы өзара тығыз байланыс орнаған. 4. Киелі орындар қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарау, екі дүниені құрметтеудің қағидаларының қалыптасуына негіз болған.

Сонымен, Ертіс өңірінің киелі нысандары халықтың ұлттық кодының сақтаушысы. Тарихи оқиғалар желісі шоғырланған символдық нүктелер – мәдени болмысымызды танудың өзекті орталығы. Толеранттылық пен қоғамдық сананың ашықтығы, прагматизмдік жолмен заманауи Қазақстанның тарихы мен мәдениетін әлемге танымал ететін құтты мекені болып табылады.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР08857699 «**Даланың өркениеттік коды ретінде қазақтардың көшпелі және отыршыл мәдениетінің симбиозы**» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

- Алпысбес М.А., Аршабек Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы (монографиялық зерттеу). – Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2005. – 480 б.
- Артықбаев Ж.О. Байырғы бейнелеу өнерінің абыздық мазмұны: Баянауыл өңірінен табылған ерте замандағы бейнелеу өнерінің туындылары мысалында // Альманах Мәдениет. Культура. Culture. – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты, 2018. – 126 с.
- Артықбаев Ж.О. Баянауыл. – Астана: Фолиант, 2009. – 312 б.
- Арын Е.М., Кудабаяев А.Ж. Павлодарское Прииртышье: энциклопедия. – Алматы: Әверо, 2003. – 678 с.
- Бартольд В.В. Извлечения из сочинения Гардизи Зайн аль – Ахбар: прил. к «Отчету о поездке в Среднюю Азию с научной целью, 1893 - 1894 гг.» – Москва, 1973. Т.8. – С. 23 - 63.
- Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). Гл. ред. Р. Нургалиев. Сост. : С. Аққұлұлы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
- Бөкейхан Әлихан Шығармалары – Сочинения / құраст. Сұлтан Хан Жүсіп (Аққұлұлы). 6 томдық. – 3 том. – Астана: Сарыарқа, 2017. – 616 б.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, 1985. 416 с.
- Горбаневский М.В. Из опыта культурно-исторического анализа топонимии: русские ойконимы // Топонимия и общество. – Москва. – 1989. – С.11-34.
- Драверт П.Л. Грот с писаницей на озере Джасыбаи в окрестностях Баян-Аула // Известия Западно-Сибирского отдела Русского географического общества. – Омск, 1930. – Т. VII. – С. 231–234.
- Еңсебаев Т.А. Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер: том 1 / бас ред. А. Нұхұлы. – Павлодар: ПМПИ, 2017. – 188 б.
- Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия / Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 776 б.
- Керімбаев А.Е. Қазақ тіліндегі сакральді атаулардың этнолингвистикалық сипаты: 10.02.02: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.
- Коншин Н.Я. Қазақ этнографиясына байланысты еңбектері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 310 б.
- Коншин Н.Я. От Павлодара до Каркаралинска. Путевые наброски // Памятная книжка Семипалатинской области. – Семипалатинск, 1901. – Вып. 5. – С. 1-55.
- Көпейұлы М.Ж. Шығармалары: 20 т. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2006. – Т. 9. – 366 б.
- Қ.631. Т. 1. Іс. 241. П. 1–4, 43–47.
- «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» жобасына енгізілетін нысандарды іріктеудің ғылыми негізделген критерийлер: ұжымдық монография / ред. З.Е. Қабылдинов – Алматы: Атамұра, 2017. – 260 б.
- Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары / жауапты ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.
- Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
- Муминов А. Культура святых мест в центральной Азии: тема древних героев // Исламская духовность, рациональность и этнокультурные традиции как факторы противодействия религиозному экстремизму: матер. междунар. науч. конф., посв. 20-летию ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – Астана, 2016. – С. 58–74.
- Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова. – Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.
- Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: Наука, 1988. – 187 с.
- Рахимов М.И., Шаяхметов Н.У., Батталов К.К. Сакральная география Прииртышья в трудах российских исследователей / Sacral Geography of Region in the Works of Russian Researchers // Bylye gody. – 2018. – Vol. 50, Issue 4. – P. 1406-1416.
- РМТМ. Қ. 853 (Санкт-Петербург). Т. 2. Іс. 7. П. 1–46.
- РМТМ. Қ. 1291 (Санкт-Петербург). Т. 85. Іс. 6. П. 1–6.
- Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.
- Семенов-Тянь-Шанский П.П. Россия: Полное географическое описание нашего отечества. – Санкт-Петербург: Изд. А.Ф. Девриена, 1903. – Т. 18. – 478 с.
- Янушкевич А. Дневники и письма из путешествий по казахским степям. – Алматы: МКА, 2005. – 236 с.

М.И. Рахимов¹, К.К. Батталов², А.Т. Дукомбайев³, К.С. Сапарова⁴

¹Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан

²Astana IT University, Астана, Казахстан

³Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

⁴Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

Историко-культурные аспекты изучения сакральных мест Прииртышья и проблема агитопонимии

Аннотация. Статья посвящена проблеме агитопонимов сакральных мест Прииртышья. На территории Казахстана, простирающейся от Алтая на востоке до Каспийского моря на западе, много топонимов, названных в честь святых. В частности, в Прииртышье много топонимов, связанных с именами святых. В связи с этим следует отметить, что Прииртышье является одним из сакральных мест казахского народа с тысячелетней историей. Только изучая священные места, простирающиеся на сто–сто двадцать километров по обоим берегам по всей протяженности Иртыша, мы можем сохранить традиционную религию. Основой для образования агитопонимических имен были сакральные персонажи, святые, их пути, которые легли в основу легенд. В народном мировоззрении места, где ступала нога святых, считались сакральными, а места поклонения, построенные для сакральных персонажей, становились важными объектами поклонения.

Ключевые слова: Прииртышье; священное; святые места; агитопоним; историческая память; национальное самосознание; духовные ценности.

M.I. Rakhimov¹, K.K. Battalov², A.T. Dukombaiev³, K.S. Saparova⁴

¹Toraighyrov university, Pavlodar, Kazakhstan

²Astana IT University, Astana, Kazakhstan

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

⁴National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

Historical and cultural aspects of the study of the sacred places of the Irtysh region and the problem of hagiotionymy

Abstract. The article is devoted to the problem of hagiotionymy of the sacred places of the Irtysh region. On the territory of Kazakhstan, stretching from the Altai in the east to the Caspian Sea in the west, there are many toponyms named after saints. In particular, there are many toponyms associated with the names of saints in the Irtysh region. In this regard, it should be noted that the Irtysh region is one of the sacred places of the Kazakh people with a thousand-year history. Only by studying the sacred sites stretching for one hundred to one hundred and twenty kilometers on both banks along the entire length of the Irtysh, we can preserve the traditional religion. The basis for the formation of hagiotionymic names were sacred characters, saints, and their ways, which formed the basis of legends. In the popular worldview, the places where the foot of saint set foot was considered sacred, and places of worship built for sacred characters became important objects of worship.

Keywords: Irtysh; sacred; holy places; hagiotionym; historical memory; national identity; spiritual values.

References

- Alpysbes M.A., Arshabek T.T., Kasen E.B., Keyki E. Kone Koktau. 6ayyrgy Bayanaula baytagynyn tarikhy: monografiyalık zertteu. [Kone Koktau, history of the 6th bayanaul baytag: monographic survey] (Astana, «Parasat Alemler» baspasy, 2005, 480 p.), [in Kazakh].
- Artykbayev Zh.O. Bayyrgy beyneleu onirinin abyzdyk mazmuny: Bayanauyl onirinen tabylgan erte zamandagy beyneleu onerinin tuyndylary mysalynda // Kit.: Almanakh Madeniyet. Kultura. Culture. [Priestly content of ancient fine art: on the example of works of ancient fine art found in the Bayanaul region /Kit.: Almanac Culture. Culture. Culture] (Astana, Kazak gylimi-zertteu madeniyet instituty, 2018, 126 p.), [in Kazakh].

- Artykbayev Zh.O. Bayanaul. [Bayanaul](Astana, Foliant, 2009, 312 p.), [in Kazakh].
- Aryn E.M., Kudabaev A.Zh. Pavlodarskoye Priirtyshye: entsiklopediya. [Pavlodar Priirtyshye: encyclopedia] (Almaty, Evero, 2003, 678 p.), [in Russian].
- Bartold V.V. (Izvlecheniia iz sochineniia Gardizi Zain al-Ahbar: pril. k «Otchetý o poezdke v Sredniýy Aziý s naýchnoi tseliý, 1893-1894 gg.». [Extracts from the work of Gardisi Zain al-Akhbar: app. to the «Report on a trip to Central Asia for a scientific purpose, 1893-1894-th»). Moscow, V.8. P. 23-63. [in Russian]
- Bokeykhan A. Tandamaly (Izbrannoye). Gl. red. R. Nurgaliyev. Sost.: S. Akkululy. [Bokeykhanov A. Selected (Selected). GL. Ed. R. Nurgaliyev. Compiler: S. Akkululy] (Almaty, Kazak entsiklopediyasy, 1995, 478 p.), [in Kazakh].
- Bokeykhan Alikhan Shygarmalary – Sochineniya / kurast. Sultan Khan Zhusip (Akkuly). 6 tomdyk. – 3-tom. [Bokeykhan Alikhan Shygarmalary - Essays. / assembling. Sultan Khan Zhusip (Akkuly). 6 volume – 3- volume] (Astana, Saryarka, 2017, 616 p.), [in Kazakh].
- Valihanov Ch.Ch. Sobranie sochinenii v pyati tomah. [Collection of works in five volumes]. Alma-Ata, 416 p. [in Russian]
- Gorbanevskij M.V. Iz opyta kul'turno-istoricheskogo analiza toponimii: russkie oikonimy. Toponimiya i obshchestvo. [From the Experience of Cultural and Historical Analysis of Toponymy: Russian Oikonims and Orthodoxy] M., 1989. P.11-34.. [in Russian].
- Dravert P.L. Grot s pisanitsey na ozere Dzhasybai v okrestnostyakh Bayan-Aula. Izvestiya Zapadno-Sibirskogo otdela Russkogo geograficheskogo obshchestva. [Dravert P.L. Grotto with writing on Lake Jasybai in the vicinity of Bayanaul. News of the West Siberian Department of the Russian Geographical Society] (Omsk, 1930. – Tom VII. – P. 231-234), [in Russian].
- Enseybayev T.A. Pavlodar onirinin tarikhyy turaly ocherkter. [Essays on the history of the Pavlodar region] (Pavlodar, PMPI, 2017, Vol. 1, 188 p.), [in Kazakh].
- Ertistin Pavlodar oniri: entsiklopediya / red. B.O. Zhakyp. [Pavlodar region of the Irtysh: encyclopedia/ editor. B.O. Zhakyp] (Almaty, Kazak entsiklopediyasy, 2013, 776 p.), [in Kazakh].
- Kerimbaev A.E. Kazak tilindegi sakraldi ataualdyin etnolingvistikalyk sipaty: 10.02.02: filol. gyil. kand. ... avtoref. [Ethnolinguistic characteristics of sacred names in the Kazakh language: 10.02.02: philol. science candid. ... author's ref] (Almaty, 2007, 25 p.), [in Kazakh].
- Konshin N.Ya. Kazak etnografiyasyna baylanysty enbekteri. [Works related to Kazakh ethnography] (Pavlodar, ECO, 2005, 310 p.), [in Kazakh].
- Konshin N.Ya. Ot Pavlodara do Karkaraliska. Putevyye nabroski // Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoy oblasti. [From Pavlodar to Karkaralinsk. Travel sketches // Commemorative book of the Semipalatinsk region] (Semipalatinsk, 1901, Vyp. 5. P. 1-55., [in Russian].
- Kopeyuly M.Zh. Shygarmalary: 20 t. [Works: 20 t] (Pavlodar: «ECO» ZhShS, 2006. -T.9.- 336 p.), [in Kazakh]. K.631. T. 1. Is. 241. P. 1-4. 43-47, [in Russian].
- «Kazakstannyin kielii zherler geografiyasyyi» zhobasyina engiziletin nyisandardyyi irikteudin gyilyimi negl'zdelgen kriteriyyler: uzhyimdyk monografiya / red. Z.E. Kabyildinov. [Scientifically based criteria for the selection of objects to be included in the project «Geography of the Holy Lands of Kazakhstan»: a collective] (Almaty: Atamura, 2017, 260 p.), [in Kazakh].
- Kazakstannyin onirlik kasietti nyisandaryi / red. B. Abdigaliulyi [Regional sacred objects of Kazakhstan] (Astana: Foliant, 2017, p. 504), [in Kazakh].
- Mahmut Kashkari. Turik tilinin sozdigi: 3 tomdyk shygarmalar zhinagy / Kazak tiline audargan, algy sozy men gylmy tusinikterin zhazgan A. Egeubay [Mahmut Kashkari. Turkish Dictionary: 3 vols collection of materials] (Almaty: Hant, 1998, 600 p.), [in Kazakh].
- Muminov A. Kultura svyatykh mest v tsentralnoy Azii: tema drevnikh geroyev. Islamskaya dukhovnost. ratsionalnost i etnokulturnyye traditsii kak faktory protivodeystviya religioznomu ekstremizmu: mater. mezhdunar. nachu. konf.. posv. 20-letiyu ENU im. L.N. Gumileva. [Culture of holy places in Central Asia: the theme of ancient heroes. Islamic spirituality, rationality and ethno-cultural traditions as factors of countering religious extremism: mater. international. I'll start. conf., dedicated to the 20-th anniversary of L.N. Gumilyov ENU], Astana, 2016. P. 58-74., [in Russian].
- Muminov A.K. Rodoslovnoye drevo Mukhtara Auezova. [The family tree of Mukhtar Auevov] (Almaty, Zhibek zholy, 2011, 304 p.), [in Russian].

Podol'skaya N.V. Slovar' russkoj onomasticheskoy terminologii. [Dictionary of Russian onomastic terminology]. (Moscow, Nauka, 1988. - 187 p., [in Russian].

Rakhimov M.I., Shayakhmetov N.U., Battalov K.K. Sakralnaya geografiya Priirtyshia v trudakh rossiyskikh issledovateley / Sacral Geography of Region in the Works of Russian Researchers // Bylye gody. – 2018. – Vol. 50. Issue 4. – P. 1406-1416.

RMTM. K. 853 (Sankt-Peterburg). T. 2. Is. 7. P. 1-46, [in Kazakh].

RMTM. K. 1291 (Sankt-Peterburg). T. 85. Is. 6. P. 1-6, [in Russian].

Saparov K.T. Pavlodar oblysynyn toponimikalyk kenestigi: kazaktardyn kenestikti igeru tazhiribesinin zher-su ataularyndagy korinisi. – [Toponymic space of Pavlodar region: reflection of the experience of Kazakhs in the development of space in land and water names] (Pavlodar: ECO GOF, 2007, 308 p.), [in Kazakh].

Semenov-Tyan-Shanskiy P.P. Rossiya: Polnoye geograficheskoye opisaniye nashego otechestva. [Russia: A complete geographical description of our Fatherland] (SPb.: Izd. A.F. Devriyena, 1903. – T. 18. – 478 p.), [in Russian].

Yanushkeevich A. Dnevnik i pis'ma iz puteshestviy po kazahskim stepyam. [Diaries and letters from travels in the Kazakh steppes]. – Almaty: MKA, 2005. – 236 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Рахимов Мади Ильялович – Ph.D., Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан.

Батталов Қайрат Канатович – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Astana IT University, Астана, Қазақстан.

Дукомбайев Азамат Талғатович – ғылым және коммерцияландыру департаментінің ғылыми қолдау секторының бас маманы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сапарова Камеля Серікқызы – Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорын сақтау бөлімінің жоғары деңгейдегі маман, Астана, Қазақстан.

Rakhimov Madi Ilyalovich – Ph.D., teacher Department of History of Kazakhstan, Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

Battalov Kairat Kanatovich – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Astana IT University, Astana, Kazakhstan.

Dukombaiev Azamat Talgatovich – Chief Specialist of the Scientific Projects Support Sector of the Department of Science and Commercialization, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Saparova Kamelya Serikkyzy – Senior specialist of the department of storage of the fund of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Soviet childhood in schools and boarding schools in Kazakhstan during the War (1941-1945)

Zauresh G. Saktaganova*
Zhanara K. Abdukarimova

Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

*Corresponding author: zauresh63@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-5881-482X>

<https://orcid.org/0000-0002-1114-6887>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-102-120

Abstract. *The article deals with the issues of organizing the education of Soviet children in schools and boarding schools of the Kazakh SSR during the Great Patriotic War (1941-1945). On the basis of data from archival documents and materials from oral sources, the authors analyze the life of Soviet Kazakhstan schoolchildren during the war years. The authors used materials from the funds of the archives of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. Archival documents show the real situation in Soviet schools and boarding schools, and interview materials taken from "children of the war" supplement the study with memories of participants in the events of the war years. The authors, using the data of a number of regions of Kazakhstan as an example, show the changes that have occurred in the school system, one of them was a decrease in the number of schoolchildren during the war years. The reasons for the change in the number of students, especially in high school, among the girls of Kazakh schools are also being investigated. On the basis of statistical data, the article studies the problems of organizing schoolchildren's education in boarding schools, as well as the role of boarding school for the implementation of the general education program for remote settlements of the republic. Although domestic historical science has a number of studies on the problems of Kazakh schools during the war years, the history of the childhood of Kazakh children of the war years has not yet become the object of special study.*

Keywords: *children; Soviet childhood; school; boarding school; evacuation; vacations; Karaganda region; Great Patriotic War.*

Received 01.08. 2022. Revised 05.08.2022. Accepted 15.09. 2022. Available online 30.12.2022.

For citation:

Saktaganova Z.G., Abdukarimova Zh.K. Soviet childhood in schools and boarding schools in Kazakhstan during the War (1941-1945) //Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 141. – №. 4. – P. 102-120.. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-102-120.

Для цитирования:

- Андреев А.А., Ершов В.Л. Педагогика в годы Великой Отечественной войны // Актуальные проблемы гуманитарных и социально-экономических наук. – 2013. – Т.7, №1. – С. 21-23.
- Архив Президента Республики Казахстан (далее АП РК). Ф. 708. Оп. 1. Д. 1532. Л. 7-8, 26.
- Арьес Ф. Ребенок и семейная жизнь при Старом порядке / пер. с фр. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1999. – 416 с.
- Ващенко А.А. *Образование и человеческие ресурсы России в XX веке: монография*. – Волгоград: ПринтТерра, 2007. – 332 с.
- Государственный архив Российской Федерации (далее ГА РФ). Ф. 1692. Оп. 1. Д. 720. Л. 42, 44.
- ГА РФ. Ф. 1562. Оп. 17. Д. 935. Л. 13.
- Государственный архив Карагандинской области (далее ГАКО). Ф. 1. Оп. 2. Д. 414. Л. 3, 100-117, 229.
- ГАКО. Ф. 18. Оп. 1. Д. 557. Л., 50.
- ГАКО. Ф. 469. Оп. 2. Д. 24. Л. 62.
- Гендерные аспекты Великой Отечественной войны в Казахстане и России: макро- и микроуровень: коллективная монография / под ред. Р.С. Жаркынбаевой, Е.В. Ануфриевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 271 с.

Ешпанов В. С. История прошлого: советская школа в годы Великой Отечественной войны (материалы Актюбинской области, 1941-1945 гг.) // Наука и образование: новое время. – 2018. – № 3(26). – С. 47-51.

Жалмагамбетов Е.А. Қызылорда қаласының астаналық кезіндегі күнделекті өмірі (1925-1929 жж.): дис. ... док. PhD: 6D020300. – Алматы, 2014. – 163 б.

Жаркынбаева Р.С., Дулина Н.В., Ануфриева Е.В. Военная повседневность в городах тыла в 1941-1945 гг. (на примере г. Алма-Ата) // Вестник Волгоградского государственного университета. – 2020. – Т. 25, №1. – С. 97-108.

Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: воспоминания и интервью: сб. матер. – Караганда, 2020. – 400 с.

Жумашев Р.М. Очерки истории и культуры Казахстана (1917-1991 гг.). – Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. – 148 с.

История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 годов: в 6 т. / под ред. П.Н. Поспелова и др. – Москва: Воениздат, 1981. – Т. 2. – 682 с.

Итбаев Н.М. Бой шел и за будущее детей. – Алма-Ата, 1975. – 121 с.

К истории пионерской организации Западного Казахстана: 1923-1958 гг. – Уральск, 1958. – 192 с.

Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг.: сб. докум. / Ин-т истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. – Алма-Ата, 1964. – Т. 1. – 600 с.

Келли К. «Маленькие граждане большой страны»: Интернационализм, дети и пропаганда // Новое литературное обозрение. – 2003. – № 60. – С. 218-251.

Келли К. Советский Союз – рай для детей? // Развитие личности. – 2007. – №4. – С. 71-90.

Коренью В.М. Повседневная жизнь детей военного и послевоенного времени (по материалам Молотовской области): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Пермь, 2017. – 295 с.

Курчанова Н.А. Становление и развитие теории и практики воспитания в условиях детского оздоровительного лагеря: опыт историко-педагогического процесса // Вестник ТГПУ – 2006. – Т. 11. – № 4 – С. 510-512.

Муканова Б.И. Пионерская организация Казахстана (1935-1945 гг.): автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Алма-Ата, 1970. – 42 с.

Народное хозяйство Казахской ССР: стат. сб. / Стат. упр. Каз. ССР. – Алма-Ата, 1957. – 381 с.

Очерки истории Великой Отечественной войны 1941-1945 / под ред. Б.С. Тельпуховского и др. – М: АН СССР, 1955. – 534 с.

Протасова Е.В. Военное детство в воспоминаниях уральцев о 1941-1945 годах // Научный диалог. – 2017. – №10. – С. 355-367.

Российский государственный архив социально-политической истории. Ф. 17. Оп. 8. Д. 184. Л. 34.

Рыблова М.А., Кринко Е.Ф., Хлынина Т.П. Детство и война: культура повседневности, механизмы адаптации и практики выживания детей в условиях Великой Отечественной войны: на материалах Сталинградской битвы. – Волгоград: Волгоградский филиал. – 2015. – 336 с.

Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К. Повседневная жизнь Казахстана в годы Великой Отечественной войны // Вестник Омского университета. – 2019. – №4(24). – С. 93-100.

Сарсенбаева С.С., Аликеева Г.М., Шахиева А.М. и др. Страницы истории охраны материнства и детства в Казахстане в годы Великой Отечественной войны // Вестник КазНМУ. – 2015. – №4. – С. 713-715.

Токарев А.В. Педагогика в годы Великой Отечественной войны // Молодежь. Образование. Наука. – 2017. – Т.1. – №1-1. – С. 211-214.

Уайт Э. Современная история российского детства: от Позднего имперского периода до распада Советского Союза / пер. с англ. – Лондон: Издательство Блумсбери, 2020. – 224 с.

Хиторян М.Г. Трудовое воспитание и политехническое образование в советской школе и педагогике (30-50-е годы): автореф. ... док.пед. наук: 13.00.01. – М., 1976. – 40 с.

Храпченко В.Г. Военно-физическое воспитание в школах Казахстана (1941-1945): дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Алма-Ата, 1984. – 178 с.

ЦГА РК. Ф. 1479. Оп. 4. Д. 894. Л. 8.

ЦГА РК. Ф. 1692. Оп. 1. Д. 460. Л. 3.

ЦГА РК. Ф. 1692. Оп. 1. Д. 626а. Л. 9, 10.

ЦГА РК. Ф. 1692. Оп. 1. Д. 306. Л. 18.

Щетинин Н.П. Проблема осуществления всеобщего в общеобразовательных школах Рязани в годы Великой Отечественной войны (1941-1945) (к 75-летию со дня Победы) // Психолого-педагогический поиск. – 2020. – №2(54). – С. 103-111.

З.Г. Сактаганова, Ж.К. Абдукаримова

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Советское детство в школах и интернатах Казахстана в годы войны (1941-1945 гг.)

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы организации обучения советских детей в школах и интернатах Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). На основе данных архивных документов и материалов устных источников авторами проводится анализ жизни советских казахстанских школьников в годы войны. При написании статьи использовались материалы фондов архивов Республики Казахстан и Российской Федерации. Архивные документы, большинство из которых впервые вводятся в оборот, показывают реальное положение советских школ и интернатов, а материалы интервью, взятые у «детей войны», дополняют исследование воспоминаниями участников событий военных лет. Авторы на примере данных ряда областей Казахстана показывают изменения, произошедшие в системе школьного обучения, одним из них было уменьшение числа школьников в годы войны. Также исследуются причины изменения количества обучающихся, в особенности в старших классах, среди девушек казахских школ. Основываясь на статистических данных, в статье изучаются проблемы организации обучения школьников в интернатах, а также роль интернатного обучения для реализации программы всеобщего для отдаленных населенных пунктов республики. Хотя в отечественной исторической науке имеется ряд исследований по проблемам казахстанских школ в годы войны, но все же история детства казахстанских детей военных лет пока не стала объектом специального изучения.

Ключевые слова: дети; советское детство; школа; интернат; эвакуация; каникулы; Карагандинская область; Великая Отечественная война.

З.Г. Сактаганова, Ж.К. Абдукаримова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Соғыс жылдарындағы Қазақстандағы мектептер мен интернаттардағы кеңестік балалық шақ (1941-1945)

Аңдатпа. Мақалада Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдарындағы Қазақ КСР мектептері мен мектеп-интернаттарында балаларды оқытуды ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Авторлар мұрағат құжаттарының деректері мен ауызша деректердің материалдары негізінде соғыс жылдарындағы кеңестік қазақстандық мектеп оқушыларының өмірін талдайды. Мақаланы жазу кезінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мұрағат қорларының материалдары пайдаланылды. Бірінші рет айналымға енгізіліп жатқан мұрағат құжаттары кеңес мектептері мен интернаттардағы нақты жағдайды көрсетеді. «Соғыс балаларынан» алынған сұхбат материалдары мақаланы соғыс жылдарындағы оқиғаларға қатысушылардың естеліктерімен толықтырады. Авторлар Қазақстанның бірқатар облыстарының деректерін мысалға ала отырып, мектеп жүйесінде болған өзгерістерді көрсетеді, олардың бірі соғыс жылдарындағы мектеп оқушылары санының азаюы. Әсіресе, жоғары сыныптарда қазақ мектебіндегі қыздардың санының өзгеруінің себептері де зерттелген. Статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, мақалада мектеп-интернаттарда мектеп оқушыларының білім алуын ұйымдастыру мәселелері, сондай-ақ республиканың шалғай елді мекендері үшін жалпыға бірдей білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы мектеп-интернаттың рөлі қарастырылады. Отандық тарих ғылымында соғыс жылдарындағы қазақ мектептерінің мәселелеріне қатысты бірқатар зерттеулер болғанымен, соғыс жылдарындағы қазақ балаларының балалық шағының тарихы әлі арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

Түйін сөздер: балалар; кеңестік балалық шақ; мектеп; интернат; эвакуация; демалыс; Қарағанды облысы; Ұлы Отан соғысы.

References

- Graffenried J.K. *Sacrificing childhood: children and the Soviet State in the Great Patriotic War*, (Lawrence, University Press of Kansas, 2014, 248 p.).
- Frierson C.A. *Silence Was Salvation: Child Survivors of Stalin's Terror and World War II in the Soviet Union*, (New Haven, Yale University Press, 2015, 267 p.).
- Kelly C. *Children's World: Growing Up in Russia. 1890-1991*, (London, Yaleuniversitypress, 2008, 736 p.).
- Kucherenko O. *Little Soldiers: How Soviet Children Went to War, 1941-1945*, (NY, Oxford University Press, 2011, 266 p.).
- Abdukarimova Zh.K., Altavec A.A.: interv'yū: stenografiya [Abdukarimova Zh.K., Altavets A.A.: interview: shorthand], (Karaganda, 2021), [in Russian].
- Abdukarimova Zh.K., Baklyuk Lydia Maksimovna: interv'yū: stenografiya [Abdukarimova Zh.K., Baklyuk Lydia Maksimovna: interview: shorthand], (Karaganda, 2021), [in Russian].
- Abdukarimova Zh.K., Bejbigaj N.: interv'yū: stenografiya [Abdukarimova Zh.K., Babygain N.: interview: shorthand], (Karaganda, 2022), [in Russian].
- Abdukarimova Zh.K., Syzdykov T.: interv'yū: stenografiya [Abdukarimova Zh.K., Syzdykov T.: interview: shorthand], (Karaganda, 2022), [in Russian].
- Abdukarimova Zh.K., Shcheblykina Vera Grigor'evna: interv'yū: stenografiya [Abdukarimova Zh.K., Shcheblykina Vera Grigorievna: interview: shorthand], (Karaganda, 2021), [in Russian].
- Andreev A.A., Ershov V.L. *Pedagogika v gody Velikoj Otechestvennoj vojny* [Pedagogy during the Great Patriotic War]. *Aktual'nye problemy gumanitarnyh i social'no-ekonomicheskikh nauk* [Actual problems of the humanities and socio-economic sciences]. 2013. Vol. 7. No. 1. P. 21-23., [in Russian].
- AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. F. 708. Op. 1. D. 1532. L. 7-8, 26, [in Russian].
- Aries Philippe. *Rebenok i semejnaya zhizn' pri Starom poryadke* [L'enfant et la vie familiale sous l'ancien régime], (Ekaterinburg, Ural Publishing House. un-ta, 1999, 416 p.) [in Russian].
- Vashchenko A.A. *Obrazovanie i chelovecheskie resursy Rossii v XX veke: monografiya* [Education and human resources in Russia in the 20th century: monograph], (Volgograd, PrintTerra, 2007, 332 p.), [in Russian].
- GA RF [State Archive of the Russian Federation]. F. 1692. Op. 1. D. 720. L. 42, 44, [in Russian].
- GA RF [State Archive of the Russian Federation]. F. 1562. Op. 17. D. 935. L. 13, [in Russian].
- GAKO [State archive of Karaganda region]. F. 1. Op. 2. D. 414. L. 3, 100-117, 229, [in Russian].
- GAKO [State archive of Karaganda region]. F. 18. Op. 1. D. 557. L. 50, [in Russian].
- GAKO [State archive of Karaganda region]. F. 469. Op. 2. D. 24. L. 62, [in Russian].
- Zharkynbaeva R.S., Anufrieva E.V. *Gendernye aspekty Velikoj Otechestvennoj vojny v Kazahstane i Rossii: makro- i mikrouroven': kollektivnaya monografiya* [Gender Aspects of the Great Patriotic War in Kazakhstan and Russia: macro and micro levels: collective monograph], (Almaty, Kazakh Universitety, 2020, 271 p.), [in Russian].
- Eshpanov V. S. *Istoriya proshlogo: sovetskaya shkola v gody Velikoj Otechestvennoj vojny (materialy Aktyubinskoj oblasti, 1941-1945gg.)* [History of the past: the Soviet school during the Great Patriotic War (materials of the Aktobe region, 1941-1945)]. *Nauka i obrazovanie: novoe vremya* [Science and education: new time]. 2018. No. 3(26). P. 47-51., [in Russian].
- Zhalmagambetov E.A. *Kyzylorda kalasynyn astanalık kezendegi kundlekti omiri (1925-1929 zhzh.): dis. dok. PhD: 6D020300* [Daily life of Kyzylorda during the capital period (1925-1929): dissertation doc. PhD: 6D020300], (Almaty, 2014, 163 p.), [in Kazakh].
- Zharkynbaeva R.S., Dulina N.V., Anufrieva E.V. *Voennaya povsednevnost' v gorodah tyla v 1941-1945 gg. (na primere g. Alma-Ata)* [Military everyday life in the cities of the home front in 1941-1945. (on the example of Alma-Ata)]. *Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta* [Bulletin of the Volgograd State University]. 2020. Vol. 25. No. 1. P. 97-108., [in Russian].
- Zhenshchiny Kazahstana v gody Velikoj Otechestvennoj vojny: vospominaniya i interv'yū: sb. mater. / pod red. Z.G. Saktaganovoy [Women of Kazakhstan during the Great Patriotic War: memories and interviews: Sat. mater. / ed. Z.G. Saktaganova, (Karaganda, 2020, 400 p.), [in Russian].
- Zhumashev R.M. *Ocherki istorii i kul'tury Kazahstana (1917-1991 gg.)* [Essays on the history and culture of Kazakhstan (1917-1991)], (Karaganda, Izd-vo KarGU, 2002, 148 p.), [in Russian].

Istoriya Velikoj Otechestvennoj vojny Sovetskogo Soyuza 1941-1945 godov: v 6 t. / pod red. P.N. Pospelova i dr. [Essays on the history and culture of Kazakhstan (1917-1991). History of the Great Patriotic War of the Soviet Union 1941-1945: in 6 volumes / ed. P.N. Pospelova, etc.], (Moscow, Voenizdat, 1981, Vol. 2, 682 p.), [in Russian].

Itbaev N.M. Boj shel i za budushchee detej [The fight was for the future of children], (Alma-Ata, 1975, 121 p.), [in Russian].

K istorii pionerskoj organizacii Zapadnogo Kazakhstana: 1923-1958 gg. / pod red. S.A. Akmurzina i dr. [On the history of the pioneer organization of Western Kazakhstan: 1923-1958. / ed. S.A. Akmurzina, etc.], (Uralsk, 1958, 192 p.), [in Russian].

Kazakhstan v period Velikoj Otechestvennoj vojny Sovetskogo Soyuza 1941-1945 gg.: sb. dokum. [[Kazakhstan during the Great Patriotic War of the Soviet Union 1941-1945: collection of documents], In-t istorii, arheologii i etnografii im. Ch.Ch. Valihanova [Institute of History, Archeology and Ethnography named after Ch.Ch. Valikhanov], (Alma-Ata, 1964, Vol. 1, 600 p.), [in Russian].

Kelly K. "Malen'kie grazhdane bol'shoj strany": Internacionalizm, deti i propaganda [«Little Citizens of a Big Country»: Internationalism, Children and Propaganda]. // Novoe literaturnoe obozrenie [New Literary Review]. 2003. No. 60. P. 218-251., [in Russian].

Kelly K. Sovetskij Soyuz – raj dlya detej? [The Soviet Union – a paradise for children?]. Razvitie lichnosti [Personal development]. 2007. No. 4. P. 71-90., [in Russian].

Korenyuk V.M. Povsednevnyaya zhizn' detej voennogo i poslevoennogo vremeni (po materialam Molotovskoj oblasti): dis. kand. ist. nauk: 07.00.02. [Everyday life of children of the war and post-war period (based on the materials of the Molotov region): dis. cand. of historical sciences: 07.00.02.], (Per'm, 2017, 295 p.), [in Russian].

Kurchanova N.A. Stanovlenie i razvitie teorii i praktiki vospitaniya v usloviyah detskogo ozdorovitel'nogo lagerya: opyt istoriko-pedagogicheskogo processa [Formation and development of the theory and practice of education in the conditions of a children's health camp: the experience of the historical and pedagogical process]. Vestnik TGPU [Bulletin of TSPU]. 2006. Vol. 11. No. 4 P. 510-512., [in Russian].

Mukanova B.I. Pionerskaya organizaciya Kazakhstana (1935-1945 gg.): avtoref. kand. ped. nauk: 13.00.01. [Pioneer organization of Kazakhstan (1935-1945): author. cand. ped. Sciences: 13.00.01], (Alma-Ata, 1970, 42 p.), [in Russian].

Narodnoe hozyajstvo Kazahskoj SSR: stat. sb. [National Economy of the Kazakh SSR: Statistical Collection], Stat. upr. Kaz. SSR [Statistical Department of the Kazakh SSR], (Alma-Ata, 1957, 381 p.), [in Russian].

Ocherki istorii Velikoj Otechestvennoj vojny 1941-1945 [Essays on the history of the Great Patriotic War 1941-1945], Izd. pod red. B.S. Tel'puhovskogo i dr. [Publishing house edited by B.S. Telpuhovsky], (Moscow, USSR Academy of Sciences, 1955, 534 p.), [in Russian].

Protasova E.V. Voennoe detstvo v vospominaniyah ural'cev o 1941-1945 godah [Military childhood in the memories of the Urals about 1941-1945]. Nauchnyj dialog. [Scientific dialogue]. 2017. No. 10. P. 355-367., [in Russian].

RGASPI [Russian State Archive of Socio-Political History]. F. 17. Op. 8. D. 184. L. 34, [in Russian].

Ryblova M.A., Krinko E.F., Hlynina T.P. Detstvo i vojna: kul'tura povsednevnosti, mekhanizmy adaptacii i praktiki vyzhivaniya detej v usloviyah Velikoj Otechestvennoj vojny: na materialah Stalingradskoj bitvy [Childhood and war: the culture of everyday life, adaptation mechanisms and practices of children's survival in the conditions of the Great Patriotic War: on the materials of the Battle of Stalingrad], (Volgograd, Volgogradskij filial, 2015, 336 p.), [in Russian].

Saktaganova Z.G., Abdrahmanova K.K. Povsednevnyaya zhizn' Kazakhstana v gody Velikoj Otechestvennoj vojny [Everyday life in Kazakhstan during the Great Patriotic War]. Vestnik Omskogo universiteta [Bulletin of Omsk University]. 2019. No. 4(24). – P. 93-100., [in Russian].

Sarsenbaeva S.S., Alikeeva G.M., Shahieva A.M. i dr. Stranicy istorii ohrany materinstva i detstva v Kazahstane v gody Velikoj Otechestvennoj vojny [Pages of the history of motherhood and childhood in Kazakhstan during the Great Patriotic War]. Vestnik KazNMU [Bulletin of KazNMU]. 2015. No. 4. P. 713-715., [in Russian].

Tokarev A.V. Pedagogika v gody Velikoj Otechestvennoj vojny [Pedagogy during the Great Patriotic War]. Molodezh'. Obrazovanie. Nauka [Youth. Education. Science]. 2017. Vol. 1. No. 1-1. P. 211-214., [in Russian].

White E. Sovremennaya istoriya rossijskogo detstva: ot Pozdnego imperskogo perioda do raspada Sovetskogo Soyuza [The Modern History of Russian childhood: from the Late Imperial Period to the Collapse of the Soviet Union], (London, Bloomsbury Publishing House, 2020, 224 p.) [in Russian].

Hitoryan M.G. Trudovoe vospitanie i politekhnicheskoe obrazovanie v sovetskoj shkole i pedagogike (30-50-e gody): avtoref. dok.ped. nauk: 13.00.01.[Labor education and polytechnic education in the Soviet school and pedagogy (30-50s): author. doc.ped. Sciences: 13.00.01.], (Moscow, 1976, 40 p.), [in Russian].

Hrapchenko V.G. Voenno-fizicheskoe vospitanie v shkolah Kazahstana (1941-1945): dis. ... kand. ped nauk: 13.00.01. [Military physical education in the schools of Kazakhstan (1941-1945): dis. ... cand. ped sciences: 13.00.01.], (Alma-Ata, 1984. 178 p.), [in Russian].

CGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 1479. Op. 4. D. 894. L. 8, [in Russian].

CGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 1692. Op. 1. D. 460. L. 3, [in Russian].

CGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 1692. Op. 1. D. 626a. L. 9, 10, [in Russian].

CGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 1692. Op. 1.D. 306. L. 18, [in Russian].

Shchetinin N.P. Problema osushchestvleniya vseobucha v obshcheobrazovatel'nyh shkolah Ryazani v gody Velikoj Otechestvennoj vojny (1941-1945) (k 75-letiyu so dnya Pobedy) [The problem of the implementation of universal education in secondary schools in Ryazan during the Great Patriotic War (1941-1945) (to the 75th anniversary of the Victory)]. Psihologo-pedagogicheskij poisk [Psychological and pedagogical search]. 2020. No. 2(54). P. 103-111., [in Russian].

Information about authors:

Saktaganova Zarish Galimzhanovna – Doctor of Historical Sciences, Professor of the department of archeology, ethnology and national history, Director of the Center for Ethnocultural and Historical-Anthropological Research, Karaganda State University named after Academician E. A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan.

Abdukarimova Zhanara Kadirovna – Senior Lecturer, Department of Archeology, Ethnology and National History, Academician E. A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan.

Сақтағанова Зауреш Галимжановна – тарих ғылымдарының докторы, археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

Абдукаримова Жанара Кадировна – археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан.

Кеңестік кезең мен Кемел Тоқаев (жеке күнделігі мен замандастар естелігінен)

Мадияр Н. Шакиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: madiyar.shakiev@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-2407-0500>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-121-133

Аңдатпа. Мақалада автор Кемел Тоқаев есіміне қатысты 2000-2021 жылдар аралығында шыққан жарияланымдар мен басылымдарды қарастырады. Аталған уақыт аралығындағы жарияланымдар іріктеліп, мақаланың мақсатын ашатындары ғана таңдалды. Жазушының өміріне қатысты келтірілген құнды деректерді тарихи тұрғыда талдап, архив құжаттарымен дәлелдей отыру мақаланың мақсаты ретінде алынды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінен, Орталық мемлекеттік архивінің Кемел Тоқаев қорынан, Ұлттық академиялық кітапханадан алынған құжаттар қолданылды. Мақаланың өзектілігі жазушының шығармашылық жанрына қазіргі қоғам тарапынан сұраныстың артуынан, қазақ әдебиетіндегі детективтік жанрдың бастамасында тұрған тұлғаның мұрасына жаңаша баға беріп, Қазақстан тарихындағы орнын межелу. Автор Кемел Тоқаевтың 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі Қазақ КСР-дегі мәдениет саласының өркендеуі сияқты тарихи оқиғалар мен бетбұрыстарды басынан кешіргеніне тоқталады. Соған байланысты қазіргі таңда мемлекеттік деңгейдегі ашаршылық мәселесінің көтерілуі, жазушының аталған трагедиялық оқиға кезіндегі өмір кезеңін тереңірек зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысына қатысты көптеген архивтік құжаттардың құпиялығының жойылуына байланысты, майдангер-жазушының ірі шайқастарға қатысу барысы туралы жаңа зерттеу кеңістіктері ашылды. Осыған орай автор ашаршылық пен соғыс, мәдени өрлеу кезіндегі шығармашылық жолы сияқты мәселелерді қарастыру міндеттерін алға қойды. Соңынан елеулі із қалдырған қайраткерлер есімдерін ардақтау, ұрпақ тәрбиесі мен ел тұрақтылығы үшін қажетті ұлттық идеологиялық қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Осы орайда мақаланың негізгі мәселесі ретінде жеткілікті дәрежеде зерттелмеген Кемел Тоқаев есімі қарастырылады.

Түйін сөздер: Кемел Тоқаев; жазушы; ашаршылық; соғыс; Қазақ КСР; детективтік жанр; повесть; тұлға; замандастар; әдебиет.

Received 15.07.2022. Revised 20.07.2022. Accepted 15.09.2022. Available online 30.12.2022.

For citation:

Shakiev M.N. Soviet period and Kemel Tokaev (according to notes from a personal diary and memoirs of contemporaries) // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 141. – No. 4. – P. 121-133. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-121-133.

Для цитирования:

Шакиев М.Н. Советский период и Кемель Токаев (по записям из личного дневника и воспоминаниям современников) // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 141. – №. 4. – С. 121-133. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-121-133.

Кіріспе

Қазіргі кезде жас ұлт буындары мен өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде тарихи тұлғаларды ардақтаудың маңызды екені сөзсіз. Осы орайда қазақ әдебиетінің детективтік жанрының негізін қалаушыларының бірі деп санауға болатын қаламгер Кемел Тоқаев тұлғасы тарих ғылымы тарапынан жеткілікті дәрежеде зерттелген деп нақтылап айтуға қиын. Тәуелсіздік алғаннан кейін көптеген қазақ зиялылары мен қоғамға ерең еңбегін сіңірген қайраткерлерінің есімдері қайта жаңғырып, тарих беттеріндегі тиісті орындарын алып, атқарған іс-әрекеттеріне жаңаша баға берілуде. Қазақстан тарихы ғылымындағы орын алып отырған оң сипаттағы бетбұрыс тұсында Кемел Тоқаев есімі елеңсіз қалмауы тиіс екені анық.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – тұлғаға байланысты Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі ғылыми айналымға енгізілмеген құжаттардың қолданылуы, соның ішінде замандастарының жоғары билік тарапынан қудалауға ұшырағанын дәлелдейтін жеке күнделігіндегі қолжазбалардың мақалаға қосылуы. Осы уақытқа дейін Кемел Тоқаевқа қатысты мақалалар публицистикалық сипатта болғандықтан, келтірілген мәліметтер ғылыми тұрғыда нақты архивтік құжаттармен көрсетілмеді.

Соңғы уақытта Қазақстанда мәдениет саласының өркендеу үрдісі байқалады. Соның ішінде әдебиет, кинематограф, музыка салалары елімізді әлемдік деңгейде танытуда. Ғаламтордың көмегімен ақпарат алмасу жылдамдығы жеделдегені мәлім. Сол себепті әлемдегі инновациялар, заманауи технологиялар, мәденибеталыстар қолжетімді. Әдебиет саласының фантастикалық, шытырман оқиғалар жанрларына қазіргі қоғамның қызығушылық танытуы, еліміздің қоғамынан бірден жаңырды. Осы орайда аталған жанрда еңбектер жазған Кемел Тоқаев есімінің өзектілігі артады.

Кез келген құбылысқа, маңызды оқиғаға, белгілі тұлғаға мерзімді басылымдарда,

ғылыми журнал жинақтарында, кітап беттерінде жазылып, талқыланып, баға беріледі. Әр адамның өмір жолына, атқарған қызметі аясына, тарихи оқиғаларға қатыстылығына байланысты архив құжаттары мен түрлі сипаттағы басылымдарда аты жазылып қалады. Қарастырылып отырған Кемел Тоқаев тұлғасына замандастары, үзеңгілестері мен шығармашылығымен жақсы таныс оқырмандары баға беріп, барынша психологиялық портретін суреттеуге тырысқан.

Кеңестік кезеңде қазақ жері көптеген саяси, тарихи, идеологиялық, трагедиялық оқиғалар мен құбылыстарға толы болды. Сол өзгерістердің тізбегін, бар өмірін толықтай аталған кезеңде өткізген Кемел Тоқаев биографиясынан байқауға болады. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі әдебиет, өнер, ғылым салаларының өркендеуі, бір сөзбен мәдени өрлеу кезеңдері жазушының көз алдынан өтті.

Кемел Тоқаев 1923 жылы 2 қазанда, Алматы облысының Қаратал ауданы, Қалпе ауылында дүниеге келіп, 1986 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті. Ағасы Қасыммен бірге Шымкент қаласындағы қорғасын зауыты жанындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, кейін Фрунзе қаласындағы әскери училищеде дайындықтан өтеді. 1942 жылы 226 атқыштар дивизиясы құрамында Сталинград шайқасындағы, майдан шебін бұзып өтетін 7-ші гвардиялық танк полкінің құрамында 1-ші Украин, 2-ші Беларусь фронттарындағы әскери іс-қимылдарға қатысты. Ауыр жарақат алғаннан кейін 1945 жылы эвакогоспитальдың медициналық комиссиясының шешімімен әрі қарай әскери қызметін жалғастыруға жарамсыз деп танылды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін әр түрлі дәрежедегі медальдармен, ордендермен марапатталды. 1948 жылғы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттері редакцияларында түрлі қызметтер атқарды. 1960-1977 жылдар аралығында Қазақ КСР

Жоғарғы Кеңесі «Ведомостарының» бас редакторы болды. Өмірінің соңғы жылдары Қазақ ССР жазушылар одағында қызмет істеп, көбіне шығармашылық жұмыстармен айналысты (ҚР ОМА, 1778: 817).



Сурет 1. Кемел Тоқаев балалары Қасым-Жомарт пен Бақытбекпен бірге. (1954 ж.) (ҚР ОМА, 1038: 76).

Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында нарративтік, хронологиялық тәсілдері қолданылды. Аталған тәсілдердің бұл мақалада қолданудың негізгі себептері бар. Бірінші, нарративтік әдіс жазушының жеке қасиеттерін талдауда, замандастарының естелік ой-пікірлеріне баға бере отырып, тұлғалық келбетіне талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Екінші, хронологиялық әдіс жазушы туралы жазылған жарияланымның шығу реті мен Кемел Тоқаевтың шығармашылық ізденістерінің қамтитын уақыт шеңбері мен еңбектеріндегі немесе жоспарлаған әдеби еңбектеріндегі тарихи оқиғаларға негізделген. Сондықтан, хронология реті Кемел Тоқаев өмір кезеңдерінің ретімен емес, жарияланымдардың шығу реті мен әдебиет жолындағы ізденістердегі тарихи оқиғалар тізбегін сақтайды. Жазушы есіміне қатысты

жарияланымдардағы, шығармашылық ізденістердегі мәліметтер қосымша архивтік деректермен толықтырылып, тарихи тұрғыда сараланды.

Қазіргі таңда тарих ғылымындағы ізденістердегі визуалды деректердің маңыздылығы артып, ғылыми айналымда жиірек қолданылып келеді. Соған байланысты, мақаладағы қозғалып отырған мәселелерге сай, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі Кемел Тоқаевтың жеке қорынан алынған фотосуреттер қосылды.

Талқылау

Жауынгер-жазушы Кемел Тоқаев тұлғасына қатысты тарихнамаға тоқталған кезде, ғылыми ізденістердің аздығына көз жеткізуге болады. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2005 жылы «Әке туралы ой-толғау» атты еңбегі шықты. 2021 жылы Ұлттық академиялық кітапхана ұжымы «Кемел Тоқаев» атты библиографиялық көрсеткішін кітапхана баспасынан шығарды. Жоғарыда аталған еңбектерде архивтік құжаттар көп қолданылуымен және жазушы өмірі туралы тыңғылықты деректердің кездесуімен ерекшеленеді. Зерттеліп отырған тұлғаға арналып шығарылған мерейтойлық жинақтардың сипаты көбіне замандастарының қысқа естеліктері мен іріктелген детективтік шығармалардың жиынтығымен ғана шектеледі. Қазіргі таңда Кемел Тоқаев есіміне ғылыми ортаның қызығушылығының артуы, тарихнамалық базаның кеңеюіне алып келуге мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Кемел Тоқаевтың жеке қасиеттеріне баға беру барысы мерзімді басылымдардағы естеліктерге негізделеді. Аталмыш басылымдардың барлығы дерлік тәуелсіздік алғаннан кейін баспаға шыққан. Негізгі хронологиялық шеңбері 2000-2021 жылдар аралығы. Басылымдардың хронологиясын саралау барысында негізгі екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар: Кемел Тоқаевтың 80 жылдығына орай 2000-2010 жылдар аралығында шыққан Хамит Әлжанов (Әлжанов, 2000), Қасым-Жомарт

Тоқаев (Тоқаев, 2005), Бижамал Рамазанова (Рамазанова, 2006), сияқты авторлардың және 90 жылдығына орай жарық көрген 2010-2021 жылдарды қамтитын Асыллов Нұртазаның (Асыллов, 2020) естелік жарияланымдары болып табылады. Кейбір авторлар мақалаларында белгілі бір өмір кезеңіне, мысалға Ұлы Отан соғысы немесе шығармашылық ісіне аса назар аударады. Мақалада Орталық мемлекеттік архивіндегі Кемел Тоқаевтың жеке қорынан, Ұлттық архивтен алынған құжаттар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың естелік шығармасы қолданылды. Сонымен қатар аталған жылдар аралығында басқа да көптеген авторлардың мақалалары жарыққа шықты.

2000 жылдың бірінші декадасында отандық басылымдардың ішінде А. Баратқызы, Ш. Елеукенов, Н. Әлдібаев, Ә. Қожамұратқызы, Б. Мұқай, Ә. Қыдырбек, Ә. Мырза және т.б. естелік мақалаларын атап өтуге болады.

2010-2021 жылдар аралығында Ә. Әйтілеуұлы, М. Әкімжанов (М. Әкімжанов, Ж. Рахимова, Г. Айтжанбай, Е. Бектас және т.б. авторлығымен шыққан жарияланымдар аталған жылдар аралығында басылып шыққан. Бір авторлар оның жеке тұлғалық қасиеттеріне, екінші авторлар негізінен шығармашылығына тоқталады, ал үшінші авторлар әдебиет саласындағы еңбегіне де, психологиялық портретіне де тоқталып кетеді.

Нәтижелер

2000 жылдың бірінші декадасында мерзімді басылымдарда Кемел Тоқаев тақырыбында бірқатар мақалалар жарияланды. Осы жылдары жарық көрген мақалалардың ішінде Кемел Тоқаевтың өмір жолындағы нақты деректермен таныс авторлардың жұмыстарын көруге болады. 2000 жылы «Заң» газетінде Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің және Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің жоғары институтының профессоры, академик Хамит Әлжановтың «Кемеліне келген Кемел еді» атты мақаласы жарияланды (Әлжанов, 2000). Бұл мақаланы қарастырудағы екі негізгі себеп бар:

1) Жарияланым авторы, Хамит Әлжанов, жазушының жақын достарының бірі, жазушының әр түрлі өмір кезеңдерінен бірге өткен, яғни тікелей дереккөзге жатқызуға болады.

2) Мақала авторы жазушы өмірінен алынған бірқатар фактілерді келтіреді.

Жазушының биографиясына тоқтала отырып, автор негізінен шығармашылық ізденістеріне мән берген. Ұзақ уақыт мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде (КГБ) қызмет атқарған Хамит Әлжановтың Кемел Тоқаев жайлы естеліктен үзінді келтірсек: «Кемел майданнан оралғаннан кейін де өзінің барлаушылық тәжірибесін жазушылық жолмен жалғастырып, шымшытырлық оқиғалы шығармалар жазуға кірісті. Онда Қазақстан барлаушылары мен қарсы барлаушыларының құпия қызықты жұмыстарын жазушылық шеберлікпен көрсете білді. Соның өзінде ол шығармаларын жазарда оның жоспарын, жүйесін қалай жасау жөнінде менімен кеңесіп отыратын. Өйткені мен ол кезде сыртқы барлау бөлімінде бастық болып істейтінмін. Мен Кемелге керекті құпия мәліметтерді шектен шықпай, нақтылы адамдардың аты-жөндерін атамай беріп отырдым» (Әлжанов, 2000: 4).

2005 жылы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы толғаныс» атты еңбегі жарық көрді. Бұл шығарма әкесі Кемел Тоқаев пен анасы Тұрар Шабарбаева туралы жазылған. Аталған естелік шығарманы мақаланың негізгі дереккөзі ретінде алудың бірнеше себептері бар:

1. Автордың Кемел Тоқаевқа тікелей туыстық қатыстылығы.

2. Аталған еңбекте құнды архивтік құжаттардың қолданылуы.

3. Зерттеліп отырған тұлғаға қатысты альтернативті көлемді еңбектердің болмауы.

Кемел Тоқаевты ғылыми зерттеу тақырыбы етіп қарастыруға, тарихи орнын белгілеуге, тұлғалық келбетіне баға беруге мүмкіндік беретін оның соңынан қалдырған шығармашылық ізі мен жазушы туралы әр түрлі жылдарда шыққан жарияланымдар болып табылады. Осы орайда оның есімін

танытқан шығармашылық жолға келу тарихына тоқталу негізді.

Ұлы Отан соғысынан оралған майдангердің қазақ әдебиетінің детективтік жанрына келу барысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлемді естелік еңбегінде сипатталады. Кемел Тоқаев 1945 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Студенттік кезінде білімге, ізденуге деген ынтасын жақсы үлгерімімен көрсетеді. Жазушы оқу бітіргеннен кейін бір жыл Жамбыл қаласындағы облыстық газетте қызмет істейді. Алматы қаласындағы балалар аудиториясына арналған «Қазақстан пионері» (қазіргі атауы «Ұлан») редакторлық қызметке ауысқаннан кейін, болашақ жазушы көркем шығарма жазуға ниеттенеді. Пионерлер туралы жазылған алғашқы «Жұлдызды жорық» атты еңбегі көптеген сындық пікірлерге тап болады. Кейін Кемел Тоқаев милиция қызметкерлері туралы «Тасқын» деп аталатын туындыны жазып, әдебиеттің детективтік жанрына бет бұра бастайды. Аталған еңбегі өз аудиториясын тауып, оқырман қоғамымен жақсы қабылданады, республикалық байқаудан ең басты жүлделік орынды алады. Жазушы айтылған бағытта тағы да көптеген туындылар жазып шықты. Кемел Тоқаев қазақ әдебиетіндегі ең сәтті, резонансты детективтік жанрдағы еңбектердің авторы ретінде танылып, Кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік алғаннан кейін де есімі мерзімді басылымдарда кездесе бастайды (Тоқаев, 2005: 130).



Сурет 2. Кемел Тоқаев жолдасы Тұрар Шабарбаева мен баласы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге. (1954 ж.) (ҚР ОМА, 1038: 76).

Кемел Тоқаевтың шығармашылығында қазақ халқына қатысты нақты тарихи оқиғалар көрсетілген. Детектив жанрында повестер, романдар жазған кезде шытырман оқиғаларын тарихи құбылыстарға негіздеп өрістеді. Кейбір сюжеттік идеялары жүзеге асырылды, алайда жазушыдан байланысты емес жағдайлар салдарынан, көптеген шығармаларын өзінің логикалық аяғына дейін жеткізе алмады. Бұл жағдайларды жазушының өмір сүрген заманындағы саяси-идеологиялық жай күйімен тікелей байланыстыруға болады. Кеңестік кезеңдегі көпшілікке таралатын шығармалар, газет, журнал басылымдарындағы мақалалар күрделі цензуралық түзетулерден өтіп отырғаны құпия емес. Ал Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивтерімен тікелей жұмыс істеген Кемел Тоқаев шығармалары тиісті органдар мен коммунистік партия тарапынан аса тиянақты бақылауда тұрғаны анық. Мысалы, жазушының Голощекин жүргізген саясатының нәтижесінде орын алған қазақ даласындағы жұт туралы архив құжаттарымен жұмыстанып, роман жазуды қолға алуға жоспарлады.

Кемел Тоқаев қолға алғысы келген тақырып, қазақ халқы үшін аса ауыр кезең. Оны Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаевтың Сталинге жазған хатынан көруге болады. «1929 жылғы есепке қарағанда, Қазақстанда жас малды қоса алғанда 40 миллион бас, ал қазір 6 миллион бас қалған. Соның ішінде 2 миллион совхоздарға, 4 миллион бас колхоздық және жеке секторға тиесілі. Мал басының көп бөлігі бұрынғы қазақтардың мал шаруашылық аймақтарына емес, орыс ұлтты шаруалар аймақтарында шоғырланған. Мал шаруашылығы қазақ халқының көпшілік бөлігінің негізгі шаруашылығы мен басты табыс көзі болғандықтан, ұжымдастыру шаралары жергілікті халыққа аса ауыр тиді. Қазіргі мал шаруашылығындағы ахуал, қазақ ауылдарын дамытудағы жетістіктерімізді жоққа шығаратынын нақтылап айтқан дурыс» (Тахаева, 2010: 204).

Жазушы Қаратал ауданының тумасы болғандықтан, осы өңірдегі ахуалға байланысты қысқаша мәліметке тоқталу қажет. «Қаратал ауданындағы ойға сыймайтын жағдай бәріне белгілі. Аудан экономикалық тұрғыда құлдырауға ұшыраған. 1932 жылғы ауданға жіберілген азық-түлік көмегі ұқыпсыз пайдаланылды. Жіберілген азық-түлікке бақылау мен есеп тиісті түрде жүргізілмеді. Бұрынғы аудан басшылықтың көшпенділерге арналған азық-түлік қорын аудандық астық өндіру жоспарына қосылып жіберілуі салдарынан, 1932 жылғы желтоқсан айындағы көшіп кету деңгейі күрт өсіп, 1933 жылдың 1 қаңтарына санағанда, ауданда 459 шаруашылық пен 1369 адам қалды» (Тахаева, 2010: 279).

Осыған дейін тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әке туралы ой толғау» атты еңбегінде 1927 жылы БКП (б)-ның XV съезінде елде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бойынша науқан жүргізу туралы шешім қабылданғаны айтылып, оның зардабы бүкіл елдегі ауыл тұрғындарына қасіретті зардапқа алып келгені көрсетіледі. Әке туралы естелік еңбекте ашаршылыққа тоқталудың негізі бар. Ашаршылықтан аман алып қалу үшін атасы Тоқа, отбасын Фрунзе қаласына көшіріп алып, жұт біткенге дейін сол жерді паналауға шешім қабылдайды. Аталған қалада Яков атты адам, тұратын жер бөліп беріп, сол кісіден көп көмек көреді. Фрунзеге қоныс аударғаннан кейінгі 1933 жыл барша қазақ халқымен бірге, сөз болып отырған жанұяға да ауыр тиеді. Осы жылы аса қайғылы оқиға орын алады. Әкесі Тоқа азық іздеп кеткен уақытта, ағасы Қасыммен бірге Кемел Тоқаевты милиция патрулі үйсіз балалар деген оймен ұстап, жетімдер үйіне күштеп алып кетеді. Қасым-Жомарт Тоқаев келтірген мәлімет бойынша, «Сол қасіретті күні әжем үйде кіші қызымен қалады. Әкемнің қарындасы қатты суықтан қорғалап, пештің жанында ойнап отырған екен. Бір кезде аяғы тайып, жанып тұрған отқа түсіп кеткен. Төсекке таңылған ана сәбиіне қол ұшын соза алмайды. Туған баласы тірідей өрт құшағына оранған қасіретті оқиғаны көруден басқа дәрмені жоқ ана жүрегі де осынау жан

шошырлық көрініске шыдай алмай, бірнеше минуттан кейін мәңгілік тыныс тапқан. Бір сұмдықты сезген атам мен Яков жүгіріп жеткен. Қайғылы оқиғаны көріп, әл-дәрмені құрыған атам әйелінің жанына тізерлей отырып, егіліп жылаған. Осы аралықта Яков пешке су шашып, одан жанып кеткен қыздың денесін шығарып алған» (Тоқаев, 2005). Қайғылы оқиғадан кейін, бір мезетте бар отбасынан айырылған Кемел Тоқаевтың әкесі із-түзсіз жоғалған.

Осыған дейін келтірілген деректерден кейін, жазушыға ашаршылық тақырыбы бейтаныс емес екені білінеді. Алайда жоспарланған шығарманың жарыққа шығуы мүмкін болмады. Оған мақала авторының айтуы бойынша келесі оқиға себеп болды: «Ол алдымен патриоттық тақырыпта Ақмола облысының Мариновка қыстағында өткен көтеріліс туралы повесть жазуға кірісті. Тарихтан белгілі, 1919 жылы Кеңес өкіметі орнаған, алайда, ақгвардияшылар колчактардың қолдауымен төңкеріс жасап, кеңес жағындағы 3 мың адамды атып тастаған, олардың ішінде 36 саяси большевик жетекшілері бар еді. Төңкерісшілер ешқандай сотсыз талайлардың қанын төгіп, үйлерін өртеп жіберген. Жазықсыз атылғандардың ішінде айтулы азамат Әділбек Майкөтов те бар еді. Мұрағат материалдарына сүйеніп жазылған бұл кітаптың басты кейіпкерлерінің бірі Атбасарда Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан сол кездегі Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың қайын атасы еді» (Әлжанов, 2000: 4). Хамит Әлжанов сөздеріне қарағанда аталған тарихи оқиғаға негізделген шығарма жарыққа шыққаннан кейін жазушының өмірінде қиын кезеңдер басталды. Кемел Тоқаевтың детективтік жанрындағы шығармаларын барынша шындыққа жанастырып жазғысы келгенін, кейбір шығармаларындағы кейіпкерлердің аттарын өзгеріссіз қалдырғанынан көруге болады. Жазушының бұл шығармашылық стилі күтпеген жерден жоғары лауазымды шенеуніктер қатарынан қысымшылық көрсетуге себеп туғызды. Бұл жағдайды

мақаладағы келесі сөздерден байқауға болады: «Осындай кітап жазғаны үшін Кемел Жоғарғы Кеңестегі қызметінен де кетті, Қазақстан Жазушылар одағындағы жұмысын да тоқтатты. Ал, кітапты таратуға тыйым салынды, бірақ оның кейбір тауарлары мерзімдік баспасөздерде жарияланып та үлгерген еді. Патриот жазушымыз қоғамда осындай ауыр жағдайға душар болды. Бір адамның көзқарасы бойынша Кеңес өкіметіне қарсы адам болып шыға келді» (Әлжанов, 2000: 4).

Орталық мемлекеттік архивінің Кемел Тоқаевтың жеке қорынан табылған жазушының жеке күнделігінде жоғарыда айтылған өміріндегі кезең туралы құнды деректер келтірілді. Оқиғаға қатысты күнделік жазбасын «6 шілде, 1977 жыл (сәрсенбі). Бұл күндері көңгі қауіпті іштей тынып, әділет шындықтың жоғына күйінем» (ҚР ОМА, 1038: 55) деген сөздерімен бастайды. Қолжазбаларда «Таңбалы алтын» шығармасы Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік қауіпсіздік комитеті тапсырмасымен, Ұлы Октябрьдің 60 жылдық мерекесіне арналып жазып шыққанын айтады. Жаңа повесттің үзіндісі аталған жылдың 29-30 сәуір айларында «Социалистік Қазақстан» жарияланды. 1965-1978 жылдар аралығында Жоғарғы Кеңес президиумының төрағасы Сабыр Біләлұлы Ниязбековпен болған диалог анық сипатталған: «Кемел, өзіңмен 12 жыл бірге жұмыс істедік. Менің өзің жөнінде көңілім қандай екенін білесің. Өрдайым қолдап келдім. Бірге жақсы жұмыс істедік. Бірақ соңғы үш күн бойы құлағымның ұшын жеп бітірді. Бұл не әңгіме? - деп Әбдіманап Тілеулиевті шақырып сұрасам, Шәріп Ялымов Қонаевтың әйелінің әкесі екен, оған да (Тілеулиевке) шақырып алып, қатты ренжісе керек» (ҚР ОМА, 1038: 55). Жоғарыда айтылған Әбдіманап Тілеулиев сол жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқарған жоғары шендегі тұлға. Кемел Тоқаевқа «Таңбалы алтын» повестін жазып шығуға қажетті құпия архивтік құжаттарға қол жеткізуге атсалысқан. Жазушы күнделігіндегі

айтылып отырған оқиғаға қатысты жазбалар төмендегідей Сабыр Ниязбековтың сөздерімен жалғасады: «Осында маза бермей жүрген кісіге «Білмей жазған шығар» деп едім, оны елейтпен емес. Бір сөзбен айтқанда, шығармашылық жұмысқа ауыссаң қайтеді?» (ҚР ОМА, 1038: 55). Демек, жазушы Жоғарғы Кеңес президиумындағы бас редакторлық қызметінен өз еркімен кетпегені анық.

Қазақ әдебиеті үшін бейтаныс жаңа детективтік жанрда шығармаларын жазып жүрген жазушының емін еркін ойлаған тақырыптарда еңбектер жазуға тек қана жоғары лауазымды шенеуніктер ғана емес, сонымен қатар қатаң цензура айтылған болатын. 1940-1970 жылдар аралығында, қазақ ғылымы мен әдебиетін кеңестік идеологиясының арнасынан шығармауға арналған қаулылар шығып отырды. Аталмыш қаулылардың бірін, «Большевик Казахстана» саяси-экономикалық журналынан алып, мысал ретінде келтіруге болады. «Феодалдық-рулық қатынастар идеологиясы тұрғысынан қазақ әдебиеті өкілдерінің тарапынан өткенді біржақты насихаттау, қазақ ауылдарындағы таптық күрестің болғанын мойындамау немесе бүркемелеу, революцияға дейінгі және советтік кезеңнің қазақ әдебиеті қайраткерлері қатарынан байқалған феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық көзқарастары нәтижесінде қазақ әдебиеті тарихын қоғам өмірінің материалдық бөлігінен, таптық күрестен ажыратып көрсетуге талпынды. Жоғарыда айтылғандар Қазақ ССР-дың Ғылым академиясының тіл және әдебиет Институтының саяси қателіктері, аталмыш институттың марксистік-лениндік идеологиядан алшақтағанын дәлелдейді» (Большевик Казахстана, 1947: 50).

Кемел Тоқаев шығармаларын кеңестік кезең идеологиясына икемдеп, заман талабына сай жазды. Аталған талапқа сай емес әдебиет саласының өкілдерінің еңбектері синтезделмей, қатаң цензурадан өтпей басылымға шықпағаны белгілі. Ғылыми еңбектер Қазақ КСР ғылым академиясында талқыланса, көпшілік тиражбен шығатын резонансты шығармалар міндетті түрде

Қазақ КСР жазушылар одағында талқыланды. Қажетті идеологиялық бағыттан ауытқымауды «Орталық» аса бақылауда ұстап отырды.

Кемел Тоқаевпен ұзақ жылдар Жоғарғы Кеңесте қызметтес болған, Төралқаның хатшысы лауазымында болған Бидамал Рамазанованың «Елім деп соққан жүректері» атты жинағы 2006 жылы шықты. Жинақта жеке таныған белгілі тұлғалар туралы естеліктері жазылған. Естелік жарияланымында қызметтес болған жазушымен туыстық қатынастары бар екеніне тоқталады. Автор Кемел Тоқаевтың жеке қасиеттеріне, психологиялық портретіне, кәсіби біліктілігіне баға берген.

Ұзақ жылдар бойы газеттерде жұмыс істеп тәжірибе жинаған Кемел Тоқаев, 1960 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысына» қызметке орналасады. Бұл Кеңестік құрылымның республикадағы маңызды органы. Аталған органда бас редактор лауазымына дейін көтеріліп, 1977 жылға дейін қызмет атқарды. Мемлекеттік қызметте жасаса да жазушылық кәсібін қатар алып жүріп, 17 жыл аралықта «Түнде атылған оқ», «Көмескі із», «Сарғабанда болған оқиға» сияқты детективтік шығармалары жарық көрді (Рамазанова, 2006: 159).

Майдангер-жазушының ұзақ жылдар бойы жауапкершілігі жоғары қызметті атқарғаны туралы Бидамал Рамазанованың естелік жазбаларынан көруге болады. Мәселен, «Іс-қағаздардан басқа жылына екі мәрте өтетін Жоғарғы кеңестің сессияларының баяндамаларын, сөйлеушілердің сөздерін қазақшалау, ауызба-ауыз (синхронды) тәржімалау, сессиялардың толық стенографиялық кітаптарын, ай сайын өтетін Жоғарғы кеңес Президиумының қаулыларын аудару, «Жаршысын» шығару сияқты жұмыстар көп болатын. 60-жылдардың ортасынан бастап Қазақстанның тұңғыш заңдары (Азаматтық, Азаматтық іс жүргізу, Неке және отбасы, су туралы, жер туралы, көптеген әкімшілік заңдар) қабылдана бастады. Бұл заңдар сол уақытта тұңғыш рет ана тілімізде жарық көрді. Оларды қазақ тіліне аудару Кемекең басқарған бөлімінің

қызметкерлері мен қазақша жаза алатын заңгер ғалымдардың еңбектерінің нәтижесі болатын» (Рамазанова, 2006: 161).



Сурет 3. Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңес Президиумы аппаратының отырысы. (оңнан солға қарай: К. Тоқаев, А. Часовникова, К. Ақаев, Б. Рамазанова. 1974 ж.) (ҚР ОМА, 1038: 76).


Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы қарсаңында жарық көрген «Айбын» республикалық әскери-патриоттық газетінде «Ұрпаққа өсиет» тақырыбында Кемел Тоқаевқа арналған мақала жарық көрді. Сұрапыл соғыс жазушының өміріндегі ауыр сынақ болды. Мақалада ағасы Қасым Болтаев көлік ротасының саяси жетекшісі ретінде, 186 атқыштар дивизиясының 290 атқыштар полкінің құрамында Ржев шайқасына қатысып, 1942 жылы 22 ақпанда қаза тапқаны туралы айтылады (Асыллов, 2020: 6). Ағасынан айырылғаны туралы хабар Кемел Тоқаевқа ауыр тиеді. Арада көп уақыт өтпей Кемел Тоқаев өзі майданға аттанады. Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Әскери тарихи музейінің директоры, Асыллов Нұртазаның мақаласындағы келесі сөздер бойынша, «Фрунзе жаяу әскер училищесіндегі сержанттар курсын бітірген 18 жасар Кемел, 226-шы атқыштар дивизиясының бөлімше командирі ретінде Сталинград майданына соғысқа аттанды. Сталинград қорғанысы ұрыстарына үш ай қатысқаннан кейін ол жараланып, әскери госпитальге түсті. Бірақ, онда ұзақ жатпай, тезірек майдан шебіне жіберуді өтінді. Сөйтіп Кемел Тоқаев Бірінші Украин, кейіннен Екінші Беларусь

майданының құрамына кірген майдан шебін бұзып өтетін 7-ші гвардиялық танк полкіне қосылды» (Асыллов, 2020: 6).



Сурет 4. К.Тоқаев, Қ.Қайсенов Киевке сапар барысында украиндық ардагерлермен кездесуі. (1963 ж.) (ҚР ОМА, 1038: 90).

Осыған дейін келтірілген мақалалардың ерекшелігі архивтік құжаттардың қолданылуымен сипатталады. Бұрын құпия болған архивтік деректер де алынған. «Ерлігі үшін» алғашқы медалімен ержүрек қызыл әскер 1943 жылғы 5 тамызда наградталды. 2007 жылғы мамырда ғана КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы атынан №7/Р бұйрығының мәтіні құпиясыз етілді.



Сурет 5. «Сталинград қорғанысы үшін» медалімен марапатталғанын растаушы құжаты (ҚР ОМА, 1038: 35).

Автоматшылар бөлімшесінің командирі гвардия сержанты Кемел Тоқаев «1943 жылғы 17 шілдеден бастап 1 тамыз аралығындағы ұрыстардың барлық кезеңінде танкілердің қасында үздіксіз болған, оларды қорғап, табандылықпен және батыл іс-қимыл жасаған. Зеңбірекпен атқылаған оқтың астында танкілермен байланыста болды және мылтық-пулеметтің оқ атуынан қиратылған танкілер мен экипаждардың жағдайын барлау және танкілер үшін өткелдерді іздеп табу бойынша қолбасшылықтың бұйрықтарын орындады. Өз автоматынан 20-ға жуық гитлершіні жойды» деп жазылған (Асыллов, 2020: 7).

Кемел Тоқаев соғыс барысы туралы 1983 жылы «Солдат соғысқа кетті» атты автобиографиялық романын жазды. Көркем шығармалық роман болса да, жазушы өмірінің майданда болған кезең туралы құнды мәліметтерге толы. Өйткені жоғарыда айтылғандай жазушы өз шығармаларын нақты архивтік құжаттарға сүйеніп жазған.

Детективтік жанрда алғашқылардың бірі болып шығармалар жазған Кемел Тоқаев есімінің жеткілікті дәрежеде зерттелмей, елеусіз қалуының себебін, аталған жанрдың қазақ әдебиетіне сіңу процесінің баяулығымен түсіндіруге болады. Қазіргі таңда детективтік жанрдың даму мәселелері мен туындаған қиындықтары туралы зерттеулер мен ғылыми қауым арасында талқылаулар қарқынды жүріп жатыр.

№ по-пор.	Наименование учреждения и город (полностью)	Должность	С какого по какому времени	Причина перехода
1	Организация жилищно-коммунального хозяйства, г. г. Алматы	Инженер	6.1942 - 6.1942	В. Р. О.
2	ВВФ - Всесоюзная фабрика	Инженер	6.1942 - 6.1942	
3	Автомобильный завод	Инженер	6.1942 - 6.1942	
4	7-й инженерный полк	Инженер	6.1942 - 6.1942	
5	Степной конный полк	Инженер	6.1942 - 6.1942	
6	Степной конный полк	Инженер	6.1942 - 6.1942	
7	Степной конный полк	Инженер	6.1942 - 6.1942	
8	Степной конный полк	Инженер	6.1942 - 6.1942	
9	Степной конный полк	Инженер	6.1942 - 6.1942	

Сурет 6. Кемел Тоқаевтың жеке ісіндегі өз қолымен толтырған құжаты (1955 ж.) (ҚР ОМА, 1778: 811).

- Terry Martin. *The Affirmative Action Empire: Nation and Nationalism in the Soviet Union, 1923-1939*. Ithaca, Cornell University Press. Available at: <https://www.jstor.org/stable/10.7591/j.ctt1rv61tj>. (accessed 02.10.2022).
- Tlostanova M. «The Postcolonial and the Postsocialist. a Deferred Coalition? Brothers Forever?». *Postcolonial Interventions: An Interdisciplinary Journal of Postcolonial Studies*. 2018. No.1. P. 1-37.

Tlostanova M., Mignolo W. Learning to Unlearn: Decolonial Reflection from Eurasia and the Americas. Ohio: Ohio State University Press. P. 1-28.

Walter D. Mignolo. Delinking: The Rhetoric of Modernity, the Logic of Coloniality and the Grammar of Decoloniality. Globalization and the Decolonial Option, P. 449-514.

Sokolov M., Titaev K. Provincial'naja i tuzemnaja nauka. Antropologicheskij forum. 2013. No. 19. P. 239-275, [in Russian].

Turaev B. «Vostok Drevnij». v 86 t. (82 t. i 4 dop.). SPb., 1890-1907. Jenciklopedicheskij slovar' Brokgauza i Efrona. Available at: https://ru.wikisource.org/wiki/%D0%AD%D0%A1%D0%91%D0%95/%D0%92%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D0%BA_%D0%B4%D1%80%D0%B5%D0%B2%D0%BD%D0%B8%D0%B9. [in Russian]. (accessed 08.10.2022).

Jetkind A. Vnutrennjaja kolonizacija. Imperskij opyt Rossii [Domestic Colonization. The Imperial Experience of Russia]. (Moscow, Novoe literaturnoe obozrenie, 2013, 448 p.), [in Russian].

Сведения об авторах:

Бисенова Алима Жумабаевна – Ph.D., ассоциированный профессор (доцент) антропологии департамента социологии и антропологии «Назарбаев Университет», Астана, Казахстан.

Bissenova Alima Zhumabaevna – Ph.D., associate professor of Anthropology in the Department of Sociology and Anthropology at Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.

Исламдағы мирас ілімінің артықшылығы және фард иелерінен болған әйелдер мұрасы

Азамат Ш. Жамашев¹

Изатіллә Р. Наурзалиев^{2*}, Қожа Тоқтияр³

^{1,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Әбу Ханифа медресе колледжі, Алматы, Қазақстан

*Корреспонденция үшін автор: izatullanaurzaliev21@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0002-5330-9437>

²<https://orcid.org/0000-0001-8181-0213>

³<https://orcid.org/0000-0001-6606-7476>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-172-183

Аңдатпа. Ислам дінінің мұрагерлік құқық ғылымы ғасырлар бойы мұсылман ғалымдарының тәжірибесіне негізделіп, дамыған сала. Дұрыс жүзеге асқан жағдайда адамның көңіліне шаттық сыйлайтын және қарым-қатынастарын ретке келтіріп, әлеуметтік өміріне тұрақтылық әкелетін Алла Тағаланың бұйрықтарының бірі – мұра. Исламдық мұрагерлік құқықтың негізгі қағидасы – Құран нормаларына бағыну. Ислам шариятында Алла Тағала мирас іліміне ерекше мән беріп, ондағы мәселелерді тікелей өз басшылығымен егжей-тегжейлі баяндаған. Алла Тағала бізге Өзінің шексіз даналығымен қайтыс болған кісіден қалған мирасты мұрагерлер арасында әділ бөлудің теңдессіз жүйесін көрсетіп берді. Бұл көрсетілген жүйеде мұрагерлер арасында талас-тартыс пен ұрыс-керіске ешқандай орын жоқ.

Аталмыш мақалада ислам құқығында қолданылатын мирас ұғымына тілдік және терминдік анықтамалық тұрғыдан қысқаша талдау жасалып, ислам дінінің негізгі дереккөздері болып табылатын, Құран мен Пайғамбар хадистері, сахабалардан жеткен деректер аясында қарастырылады. Исламдағы мұраның артықшылығына қатысты мәселелер, сондай ақ оның ислам құқығындағы маңызы талқыланады. Исламдық мұрагерлік құқықтың негізгі қағидасы – Құран нормаларына сүйеніп, ережелер мен шешімдерге айрықша назар аударылады. Исламдағы мұрагерліктің құқықтық жүйесі басқа құқықтық жүйелерден айтарлықтай ерекше екендігі әрі Құранда ешқандай мәселе мұра мәселесі секілді егжей-тегжейлі айтылмағандығы баяндалады. Исламдағы мұрагерлік мәселелерін қарастыратын ғылым турасында шарият құқықтанушылары тарапынан көзқарастар келтіріліп, исламға дейінгі араб қоғамындағы мұрагерлік құқығының көріністеріне қысқаша шолу жасалынады. Мұрагерлік құқықтардың негізгі принциптерін және фард иелерінен болған әрбір әйел мұрагердің үлесін ашуға әрекет жасалады.

Түйін сөздер: Құран, хадис, исламдағы мұра, мирас ілімі, араб қоғамы, фард иелері, мұрагерлік құқық, үлес, дәлел, әйел мұрасы.

Received 18 November 2022. Revised 25 November 2022. Accepted 31 November 2022. Available online 15 December 2022.

For citation:

Zhamashev A.Sh., Naurzaliev I.R., Kojat T. Inheritance privilege in Islam and the legacy of women from fard owners // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 141. – №. 4. – P. 172-183. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-172-183.

Для цитирования:

Жамашев А.Ш., Наурзалиев И.Р., Кожат Т. Привилегия наследства в исламе и наследие женщин от владельцев фард // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 141. – №. 4. – С. 172-183. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-172-183.

Кіріспе

Адам жеке тұлғалық дәмін біліп, ұжымдық өмір формасын бастағаннан бастап, қайтыс болған адамның мүлкі мұрагерлік жолмен өтіп бастады. Ислам келгенге дейін бұл мәселе әр түрлі әлем халықтары мұрагерлерінің пәрмені мен билігіне бағынды. Қуатты болған адам марқұмның барлық мүлкін қолына алып, оның дәрменсіз туыстарының құқығынан айырып жатты. Әрине, әйелдерді мұрагерлік құқығынан айыру барлық халықтар арасында болған. Мысалы, римдіктер, гректер, мысырлықтар мен қытайлар әйелді күйеуінің меншігі деп санады және оны мүлік ретінде мұра деп білді. Жалпы әйелдер мұрагерлік құқығынан толыққанды айырылды (Усенов, 2017). Осындай әділетсіздіктер марқұмның байлығының айналасында жиі күрделі дауларды туғызары анық. Бұл даулар жанжалдарға, қорлауға, отбасылық қатынастардың бұзылуына әкеледі. Сондықтан исламдық мұрагерліктің ережелері мен принциптерін зерттеу, білу және қолдану барлық мұсылмандар үшін үлкен маңызға ие, олардың міндеті және ислам мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мұсылман өмірінде Құран құқықтың басты қайнар көзі болып саналады және оның нормалары мұсылмандар үшін өзгертілмейтін міндетті ұйғарымдар ретінде есептеледі.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада негізінен интерпретациялық, аналитикалық талдау әдістері пайдаланылып, ислам шарият құқығындағы мирас сөзінің тілдік мағыналары және терминдік анықтамалары, әртүрлі ғалымдардың көзқарасына сүйене отырып, салыстырмалы түрде талданады. Мирас ғылымы турасында Құран аяттарынан, Пайғамбар хадистеріне сүйене отырып, мирас ілімнің артықшылығы мен ерекшеліктері және фард иелерінен болған әрбір әйел мұрагердің үлесі баяндалады.

Талқылау

Ислам шариятында мирас құқықтарын зерттейтін ғылымның бірнеше атаулары бар.

Барлығы да мағынасы тұрғысынан бір-біріне балама ретінде пайдалана береді. Олар: «илму әл-иирас» Мирас ғылымы, «илму әл-фараид» Үлестер ғылымы, «илму әт-тарикә» мұра ғылымы. Бұл атаулардың арасында қолданыс тұрғысынан басқаларына қарағанда жиі кездесетіні – «мирас» сөзі. Тілдік мағынасы «түбір, негізгі, біреуден басқа біреуге берілген ескі мүлік мағынасында (уираса) сөзінен шыққан мирас (мұра), біреуінен екіншіге мұра болатын тепе-теңдік пайда болады. Сонымен қатар, «Біреуден екінші біреуге берілген нәрсені немесе қауымдастықтан басқасына өткізілген, біреуден қалған нәрсе және мұра болып қалған мүлік» мағыналарында қолданылады (Бархуми, 2013: 12).

ҚР Конституциясындағы анықтама бойынша мұра дегеніміз – бұл мүліктік немесе басқа да мүліктік емес құқықтар мен міндеттердің қайтыс болған адамның мұрагерлеріне заңды түрде қалуы.

Заманымыздың шарият құқықтанушы ғалымы Уахба әз-Зухайли, өзінің Исламдағы мирас мәселесіне қатысты жазған «әл-Фараид уә әл-мәуәрис» атты еңбегінде, «илм әл-Фараид» деген – мирас ретінде қалған мүлік үлестерін, Алла Тағаланың Кітабы мен Пайғамбар сүннеті және үмметтің бір ауыздан келіскендеріне сай бекітілген белгілі мөлшерлерін, тиісті мұрагерлерге бөлу жағдайларын зерттейтін ғылым саласы, – деп анықтама берген. Сондай-ақ, әрбір мұрагердің мирастағы үлесін анықтау мақсатында, фикһ пен есептеу ережелерін өзіне қамтыған ғылым ретінде тануға да болады.

Ислам фикһ терминінде «ирс» немесе «мирас» қайтыс болған адамның артында қалған мүлкін белгілі қағидаларға сүйене отырып реттейтін ережелерді білдіреді (әз-Зухайли, 2001: 55). Сол сияқты, Имам әс-Сабуни өз анықтамасында: Мирас – марқұмнан қалған нәрсенің, артындағы тірі мұрагерлеріне иелік ретінде өтуі, ал ол нәрсе, өз кезегінде мал-мүлік немесе жылжымайтын мүлік немесе шарият құқықтарының бірі болуы да мүмкін, – деген (Әс-Сабуни, 1990: 34). Яғни исламда мирас ұғымы тек мал-мүлікке ғана қатысты емес, шарият құқықтарын да

өзіне қамтыйды. Сибт әл-Маридини өзінің «шархәл-фусул әл-муһиммәһ» атты еңбегінде, «фарайд» ғылымына түсіндірме бере келе, мұраның үлестерін тиісті иелеріне тапсыру барысында, белгіленген мөлшерлерін есептеу арқылы анықтайтын, мұрагерлікке қатысты фикһ ғылымы екендігін баяндап өткен. Әл-Жәләл әл-Махалли «фарайд» сөзі араб тіліндегі «фарида» яғни белгіленген үлес деген мағынаны білдіретіндігін көрсеткен. Хадистегі мирас ғылымын Құраннан кейін айтылуы – оның артықшылығы мен шарапатын, ғылыми мәртебесін анықтайды. Себебі мирас ғылымының негіздері Қасиетті Құранда, Пайғамбар хадистерінде, үмбеттің бір ауыздан келісімі (ижма) және кейбір мәселелерінде сахабалардың ижтиһадтарында кездеседі (әл-Маридини, 2004).

Исламға дейінгі араб қоғамына зер салып қарайтын болсақ, ол кезеңде де мирас құқықтарының болғанын көреміз. Алайда ол кезеңдегі мирас жүйесі адамның табиғатына сай келмейтін, тіпті, ақылға сыймайтын әділетсіздікке негізделген-ді. Соның нәтижесінде қоғамда ұрлық, қарақшылық, тонау, әлімжеттік сынды іс-әрекеттер дүние жинаудың негізгі жолы саналды. Әрине,

мұндай іс-әрекеттер әйел мен бала-шағаның қолынан келер іс емес, бұған буыны бекіген ер кісілердің баратыны анық. Өйткені жаугершілік заманда қай қоғамда болмасын, қолына қару ұстап атқа қонатын сол елдің ер азаматтары. Сондықтан ол кезеңде жас бала мен әйел кісіге қайтыс болған жақындарынан қалған мұра берілмейтін. Мирасқа қалған мұра тек, атқа қонатын ер азаматтардың арасында ғана бөлінді. Исламға дейін және исламның алғашқы дәуірінде араб қоғамында мирас алудың келесідей жолдары болды:

1. Тек пен жақындық арқылы мирас алу;
2. Бала асырап алу арқылы мирас алу;
3. Хижрет жасау және өзара бауырласу арқылы мирас алу;
4. Серттесу арқылы мирас алу.

Исламнан алдын нағандық кезеңінде арабтар әйелдерді есепке қоспай еркектерге және балаларды қоспай жасы үлкендерге мирас қалдыратын. Тіпті өз араларында ант

арқылы да мирас жүретін. Кейін Алла Тағала мына аятты түсірумен жоғарыда аталған әділетсіздіктің күшін жойды (Сәбиқ, 1983). Құранның «Ниса» сүресінің 11 аятында: «Балаларыңа мұра қалдырғанда әділдіктен ауытқымауларың үшін Алла Тағала сендерге мынаны бұйырады: ер балаға екі қыз баланың сыбағасындай үлес беріледі. Егер барлығы қыз бала болса, һәм саны жағынан екеу немесе одан көп болса, сонда оларға мұраның үштен екі бөлігі тиеді. Ал жалғыз қыз болса, оған мұраның тең жарымы болады. Марқұмның артында бала қалса, онда артында қалған ата-анасының әрқайсысына мұраның алтыдан бір бөлігі тиесілі. Егер баласы болмай дүние-мүлкіне артында қалған ата-анасы ғана мұрагерлік етсе, анасына үштен бірі. Ал туған бауырлары болса, анасына алтыдан бір бөлігі ғана болады. Мұндай бөліс марқұмның өсиеті орындалып, қарыздары толық өтелгеннен кейін жүзеге асады. Ата-аналарың мен балаларыңның қайсысының пайдасы жағынан өздеріңе жақынырақ екенін біле алмайсыңдар. Ендеше бұл бөліс Алла тарапынан бекітілген парыз. Шүбәсіз, Алла – Алим (бәрін білетін шексіз ілім иесі), Хаким (әр ісі мен әрбір үкімі хикметтерге толы болған асқан даналық иесі)». Бұл аяттың түсу себебі. Жәбірден (р.а) келген хадисте: Рабиғ ибн Сағдтың (р.а) әйелі Пайғамбарымызға (с.а.с) екі қызымен келіп: «Иә Алланың елшісі, мына екеуі Ухūd соғысында шәһид Рабиғ ибн Сағдтың қыздары. Алайда бұлардың көкелері Сағдтың қалдырған мал мүлкінің бәрін алып қойды. Бірақ ол екеуі мүлкі болса ғана тұрмысқа шығады емес пе?!» Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с) «Алла Тағала өзі үкімін береді» – деп айтты. Кейіннен жоғарыда айтып өткен мирас аяты түсті. Артынша Пайғамбарымыз (с.а.с): Сағдтың ағасын шақыртып, марқұмның бауыры келгенде оған: қалған дүниенің қыздарына үштен екісін, әйеліне сегізден бірін беріп, қалғанын өзіңе ал, – деді (әс-Синди, 1996).

Мұра ілімі маңызды ғылымдардың бірі, исламның бес парызын білгеннен кейінгі ең ардақтысы болып саналады. Құндылығы, маңыздылығы жағынан ең абзалы екендігі

мына аяттар мен хадистерден байқалады:

Исламда мұраның үлестерін белгілейтін адам емес, Алла Тағала. Оған: «Ата-аналарыңның және балаларыңның қайсысының пайдасы жағынан өздеріне жақынырақ екенін біле алмайсыңдар. Ендеше, бұл бөліс Алла тарапынан бекітілген парыз. Шүбәсіз, Алла – Алим (бәрін білетін шексіз ілім иесі), Хаким (әр ісі мен әрбір үкімі хикметтерге толы болған асқан даналық иесі)», – деген аят дәлел («Ниса» сүресі, 11-аят).

Құранда ешқандай мәселе мұра мәселесі секілді егжей-тегжейлі анық айтылмаған. Сондықтан мұра ілімінің маңызды екендігін білу үшін Алла Тағаланың өзі періштелерден немесе пайғамбарлардан ешқандай делдалсыз «Ниса» сүресінен аяттарды түсіріп, әрбір мұрагердің үлесін түсіндіргеніне назар аудару жеткілікті. Әрі мұрагерлердің үлесін түсіндіргеннен кейін, Алла Тағала осы аяттарды ұстанатындарға жұмақ мекеніне уәде берді, ал шекарасынан шыққандарға ауыр азап бар екенін ескертеді: «Бұлар (мұрагерге берілетін үлес) – Алланың белгілеген шекарасы. Кімде-кім Аллаға және елшісіне бағынса, Алла оны түбінен өзендер ағып жататын жаннат бақшаларына кіргізеді. Олар сонда мәңгі-бақи қалып (бақытты ғұмыр кешеді). Ең үлкен жетістік, ең зор табыс, міне, осы. Ал кімде-кім Аллаға және пайғамбарына қарсы келіп, Оның белгілеген шекарасынан асатын болса, оны ішінде мәңгі-бақи қалатын отқа тастайды. Сөйтіп, оның сыбағасы өзін қор қылатын азап болмақ» («Ниса» сүресі, 13-14 аят).

Абдулла ибн Амр (р.а): Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Білім үш нәрседен тұрады бұлардан басқасы қосымша болып табылады: Құран, сүннет, әділ мұра», – деп айтқанын жеткізген (әд-Дәрокутни, 2004).

Абдулла ибн Масғуд (р.а) Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Құранды үйреніңдер және адамдарға үйретіңдер. Мұра ілімін үйреніңдер. Және адамдарға үйретіңдер. Мен ертелі-кеш дүниеден озамын. Білім көтеріледі (мұра үкімдерін білетін ғалымдардың өлуімен мұра ілімі жоғалады). Тіпті, мұра жайында екі адам таласып, екеуі

мұра жайлы үкім беретін адам таппайды», – дегенін риуаят еткен (әл-Байһақи, 1989). Сол себепті ислам құқығының бұл бөліміне сахабалар (р.а) көп көңіл бөлген. Омар ибн Әл-Хаттаб (р.а): «Егер сендер өзара бір-бірлеріңмен сөйлесетін болсаңдар, мұрагерлік құқық туралы сөйлесіңдер», – деп айтқан. Әбу Һурайра (р.а) Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Мұра ілімін үйреніңдер әрі оны адамдарға үйретіңдер. Расында ол – білімнің жартысы тіпті алғашқы ұмытылатыны және үмбетімнен алғашқы болып жойылатыны да осы мұра ілімі», – дегенін риуаят еткен (әд-Дәрокутни, 2004). Осы хадистен көріп тұрғанымыздай, мұра ілімі – ілімнің жартысы деп аталған. Себебі мұра адамның өмір мен өлім болған екі жағдайының бірімен яғни өліммен байланысты. Өмір мен өлімді қамтитын білім бүтін болса, өліммен байланысты ғылым – білімнің жартысы болары анық. Шын мәнінде, ислам құқығының бұл саласы елімізде аз зерттелгендіктен және қарапайым мұсылмандар мұраны шариятқа сәйкес бөлуге жеткілікті назар аудармайтындықтан, мұсылмандар арасында қолданыстан тыс қалып ұмытылуда. Себебі мұра ілімін жетік білетін, оны үйреніп әрі өзгеге үйрете алатындар өте аз.

Мирас ілімінің шарият ретінде бекітілуі мен хикметтері

Фикһ ғұламалары мирас ілімінің Құран аяттарымен, сүннетпен, ижмағпен және ақыли тұрғыдан да шарият болып бекітілгендігіне бірауыздан келіскен. Бұған Құраннан дәлел келтіретін болсақ «Ниса» сүресінің 11, 12, 176-аяттарында Алла Тағала мирас үкімдерін толық баяндап өтеді. Ал сүннеттегі дәлелге келсек, Абдулла ибн Аббастан риуаят етілген хадисте Алла елшісі (с.а.с.): «Мұрадан өлшеулі несібелерді тиісті иелеріне үлестіріңдер. Ал олардан қалғаны ер кісілерден болған мұрагерлеріне (ғасабаларына) тиесілі деген. Ижмағ тұрғысынан болған дәлелге келсек; мирас үкімдері үмбет тарапынан бірауыздан шарият болып бікітілген. Осылайша мирас ілімі дінде орнығып, үйреніп әрі үйретілуі

міндетті болған ғылым саласына айналды. Ақыли тұрғыдан қарайтын болсақ, адамның әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі мирас ілімін қажет етеді. Қоғам үшін бүлік пен әділетсіздік, бұзақылық пен зұлымдық жайламасы үшін, сондай-ақ, адамның құқығы аяқ асты етілмеу мақсатында жекелеген адам мен қоғам аталған үкімдерге мұқтаж. Мирас ілімі, жеке тұлғаның жан дүниесі мен отбасында, сондай-ақ қоғам ішінде тыныштық пен әділдік орнату секілді ұлы мақсаттарды жүзеге асыруды көздейді. Ендігі кезекте аталған ғылым саласының пайдаларына тоқталып өтейік:

1. *Адамдар арасында әділдік орнату.* Исламдағы мұрагерлік жүйе әділ тұрғыда, адамдар арасындағы мұраға қатысты құқықтарды, әсіресе, исламға дейінгі қоғамдарда қадірі болмаған әйелдер мен жас балалардың құқықтарын бекітіп берді. Олардың исламға дейінгі аяқ асты етілген ар-намысы мен қадір– касиетін қайтадан өз калпына келтірді. Осылайша жас бала мирас мәселесінде ересек адамдармен иық тіресердей тең құқылы дәрежеге қол жеткізді. Адал әрі әділ болған мұрагерлік жолмен өзіне тиесілі мирасты иеленіп, еш қиындықсыз одан әрі өз тіршілігін жалғастыру мүмкіндігін алды. Мұның бәрі мирас ілімінің адамдар арасында әділдік орнатуда қаншалықты маңызға ие екендігін көрсетеді.

2. *Еңбекке ынтыландыру.* Адам баласы нәпақа табу жолында тер төгіп, адалынан мал жиса және сол жиған малының ертеңгі күні артында қалған балаларына, жақындарына мұра болып қалатынын білсе, бойында еңбек етуге деген құлшыныс пайда болады. Өзі өмірден өткеннен соң жиған дүниесінің зая кетпейтігін білгендіктен жан дүниесі де тыныштыққа бөленеді. Ал керісінше, еңбектеніп тапқан малының өзі дүниеден өткеннен соң, артында қалған мұрагерлеріне емес, надандық дәуіріндегідей ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететінін білген жағдайда, санасын мазасыздық билейді. Сол себепті мирас іліміне қатысты үкімдер, монотеистік діндерде шарият заңы ретінде бекітілді. Солардың ішінде мирас жүйелері мен үкімдерін нақты әрі егжей-тегжейлі орнатуы жағынан көшбасында ислам діні тұр.

3. *Адам баласының жер бетіндегі халифалық миссиясының жалғасуы.* Адам баласы – Алла Тағаланың жер бетіне жіберген халифасы екендігіне талас жоқ. Адамды жер бетін көркейтсін, бейбітшілік орнатсын, ол жерде жақсылық дәнетін ексін деп Өзінің уәкілі етіп тағайындады. Діттеген мақсатына жету жолында пайдалансын деп өз еңбегінің жемісін көру құқығын берді. Адам өмірден өткен соң, артында қалған дүние-мүліктің ұл-қыздарына, жақын туыстары мен ағайындарына қалатындығына сенімді болса, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін тіршілікте аянбай еңбек етіп, әр ісінде жауаптылық танытады. Мінеки, осылайша адам баласының жер бетіндегі шынайы халифалық миссиясы да жүзеге аспақ (Жүсіпбеков, 2021: 14-16).

Ислам мұрагерлік мәселесінде көптеген өзгерістер әкелді. Мал-мүлік құқығының басты жиналу қоры мұра мен мұрагерліктен құралатындықтан, шарият заңы оған мұқият маңыз бере қарастырады. Өйткені, әділдік, заңдылық, өзгенің ақысын жемеу мұра мен мұрагерліктен жарқын көрініс табады (Барраж, 1999: 38-41). Ислам шариятындағы мұрагерлік құқықта көптеген даналықтар бар, айта кетсек:

1. *Туыстық байланыстарды нығайту.* Мұрагерлік құқықты білу туысқандық және бауырластық қарым-қатынастарды нығайтудың себебі, бұл туралы Алла Тағала: «...ал жақын туыстарға келсек, Алланың кітабы (үкімі) бойынша олар бір-біріне мұрагер болуға әбден лайық. Шүбәсіз, Алла – барлық нәрсені білетін шексіз ілім иесі» (Әнфәл сүресі, 75-аят). Бұл аятта туыстық байланысы бар адамдар бір-бірінің мұрагерлері болу құқығына ие болып, ал басқалар ондай құқыққа ие бола алмайтындығы туралы айтылған.

2. *Қоғамда Ислам заңдары орындала бастап, қолданысқа енеді.* Алла Тағала өзінің әмірлерін әр пендеге шама-шарқына қарай орындауды бұйырған, сондықтан мұсылмандар қай жерде және қашан өмір сүрсе де, Алланың бұйрықтарын орындауға тырысуы керек. Мұрагерлік құқықты зерттеу

және оны тұрмыста қолдану – бұл қоғамда Алланың заңдары көрініс табатындығының белгісі.

3. Мұрагерлік құқықтың болуы мүлікті құқығына құрметпен қарауға кепілдік береді және құқықтық жауапкершілікті қамтамасыз етіп, қайтыс болған адамның мүлкін иесіне қайтаруды міндеттейді.

4. Мұрагерлік құқықтың болуы мұсылман адам үшін мал-дүние тұрғысынан ауқатты болуға мүмкіндік береді, себебі қайтыс болғаннан кейін бұл мүлік оның мұрагерлеріне қалады. Сондай-ақ мұрагерлерді кедейліктен жеткілікті түрде қорғайды.

5. Қайтыс болған адамның мүлкі мұрагерлердің қолына түскен кезде, ол сауда айналымында пайдаланыла бастайды, ал сауда қоғамдағы нарықтың дамуына ықпал етеді.

6. Мұрагерлік құқықтың даналығының бірі-әрбір мұрагердің үлесін Алла Тағаланың өзі анықтаған. Бұл өз кезегінде мұрагерлер арасындағы дау-дамайдың, жанжал мен араздықтың алдын алады.

7. Мұрагерлік құқық арқылы кез келген адамдардың әлеуметтік мәртебесіне, тұрмыстық жағдайына қарамастан мүддесі тең қорғалады. Күшті және ықпалды адамдар әлсіздердің үлесін тартып алуға жол берілмейді, себебі Алла әркімнің үлесін анықтап қойған.

Ислам – тек діни жоралғылармен немесе құлшылық рәсімдер жиынтығымен ғана шектелетін дін емес. Ислам – адам өмірінің рухани, әлеуметтік, тұрмыстық және құқықтық сынды барлық аспектілерін қамтитын жүйе екендігін байқауға болады. Шариғат заңдары қоғам үшін маңызды орынға ие болған, мирас-мұрагерлік құқықтарды реттеу әрі заңнамалық тұрғыдан жүйелеу міндетін өзіне қамтыған. Ал ол өз кезегінде ислам шариғатының заңдылықтарын, құқықтық нормаларының теориялық және практикалық жақтарын ғылыми тұрғыдан терең зерттеп анықтауды қажет етеді. Сондықтан, исламның ерте тарихи кезеңдерінен бері, мирас ілімінің зерттелуі

мұсылман ғалымдарының назарынан тыс қалмаған. Мұрагерліктің исламдық үлгісінің қалыптасуы – ислам дініндегі экономикалық қатынастардың көрініс тауып, өз алдына бөлек ғылым ретінде дамуына үлкен әсерін тигізді деп айтуға болады.

Фард иелерінен болған әйелдер мұрасы

Еуропада 18 ғасырда ғана әйел адамның заң бойынша келісімшарттың кез-келген түрін түзе алуы туралы құқық орнатылды. Яғни сатып алуға, сатуға, меншікті иеленуге, мұра алуға, басқа да экономикалық құқықтарды пайдалануға рұқсат алды. Ал ислам дінінде осыдан 14 ғасыр бұрын әйелдің құқықтарын анық, жүйелі, әділ белгілеген. Дінімізде еркек пен әйелдің құқығы заң алдында бірдей. Әрқайсысына өзінің табиғи болмыстарына лайықты құқықтар беріліп, міндеттер жүктелген. Әйелдердің міндеттері өзінің әлсіз жаратылысына сай жеңілдетілген.

Мұсылман әйелдің құқығы, оның мұрадан сыбағасы, ер мен әйел арасындағы теңсіздік тақырыбы – қазіргі таңның аса күрделі де өзекті мәселесінің бірі. Мирасқа қатысты Құран аяттары түсіп, мұрагерлердің үлестерін баяндағанда, арабтардың арасында даудамай шығып, бұл аят түспегендей, Пайғамбарымыз (с.а.с) екінші рет бұл аятты қайталамайтын шығар деген үмітпен, ұмытқысы келді. Себебі ұзақ жылдар бойы әйелдің қоғамдағы, отбасындағы орны болмаған, мұраны әйелге ешқашан бермегенеді, сол үшін бұл аятқа амал ету оларға қиынға соқты. Барлығы болмаса да, кейбіреулері: Әйел мұраның сегізден бірін ала ма? Қыз жартысын ала ма? Кішкентай бала мұра ала ма? Бұлардың барлығы соғыспайды, олжа таппайды – деп, Пайғамбарымыздан (с.а.с) барып, анық-қанығын сұрағысы келіп былай дейді: қызы әкесінен қалған мұраның жартысын ала ма? Атқа мінбесе де? Соғыспаса да? Алла елшісі (с.а.с) бұл сұрақтарға аятпен жауап бергеннен кейін бәрі орнына келген еді. Осылайша ислам бұрын мұра алмайтын әйелге міндетті үлес тағайындады.

Ислам мұрагерлік туралы заңдарды отбасы мен қоғам шеңберіндегі әйел мен күйеуінің қаржылық жауапкершілігі мен

функцияларына сәйкес келтірді. Исламда мұрагерлік туралы заң қаржылық-экономикалық мәселе ретінде әлеуметтік әділеттілік қағидасынан туындайды. Сонымен қатар, мұрагерлік туралы ислам құқығы заңдарының шынайы негізі мұрагерлерді жынысы бойынша бөлу болып табылмайды. Мұрагерлік туралы Алла Тағаланың дана заңдарының әлдеқайда терең негіздері бар.

Мұрагер әйелдер дегеніміз – жасына қарамастан мұрагерлік құқығына кіретін келесі әйел адамдар:

1. Туған қызы. Қызының балалары енді мұрагерлер болып саналмайды.
2. Ұлының қызы (немересі). Сондай-ақ, осы түрге туысқан әрі ер жақтан болған барлық қыздары (шөберелері) жатады.
3. Туған ана.
4. Ананың анасы (әже). Сондай-ақ, бұл түрге тек әйелдер жақтан болған туысқан әжелер (әжесінің анасы) кіреді.
5. Әкесінің анасы (әжесі). Және бұл түрге туысқан болған барлық әжелер (әжесінің анасы) жатады.
6. Туған әпкесі.
7. Аналары әртүрлі болып, бір әкеден шыққан әпке.
8. Бір анадан туған, бірақ басқа әкеден болған әпке.
9. Әйелі.
10. Бұрынғы құл иесі. Өзі босатып, азаттық берген құлының мұрасын алады, егер оның өзінен басқа мұрагерлері болмаса (Нургалеев, 2009: 20-21).

Фард үлестерінің иелері – он екі. Фард иелері – Құранда аталған белгілі үлестердің иелері. Яғни, «Ниса» сүресінің 11, 12 және 176-аяттарында үлестері айтылатын адамдар. Құранда аталған үлестерін алуы парыз болғандықтан олар фард иелері деп аталған. Сол он екі парыз иесінің басым көпшілігі әйел адам: Олардың төртеуі ер: әке, ата, күйеу, анасы бір ұл бауыр және сегізі – әйел: (қыз, ұлының қызы, туған қыз бауыры (әкесі де анасы да бір), бір әкеден қыз бауыр (анасы бөлек), бір анадан қыз бауыр (әкесі бөлек) ана, әже, әйел. Құранда келген әйел адамның мұрасына зер салатын болсақ олардың үлесін ғасабалық

жолымен емес (Ғасаба – мұрагерлердің ішінен өзінен басқа ешкім болмай, жалғыз қалса, барлық мұраға тиесілі, ал егер парыз иелерінен біреу болса, олар үлесін алған соң қалған қалдық мұраны алушы) көбінесе осы фард жолымен бөліп бергенін байқаймыз. Осылайша Алла Тағала өз даналығымен әйел затын мұрагер болу жағынан ерекше орынға қойды (Ауратани, 2010: 25). Осы әйел адамдардың үлес түрлері төмендегідей:

Ана мұрасы.

Мұра қалдырушының балалары және бауырларының болу, болмауына қарай ананың үлесі өзгереді. Мұрадан үлесі үш түрлі болады:

а) 1/3. Бұл үлесін екі жағдайда алады.

– Марқұмның дүние-мүлкіне артында қалған анасы және әкесі ғана мұрагерлік етсе, анасына 1/3 тиеді.

– Анасы марқұмның туған ұл бауырымен бірге мұрагерлік етсе, анасына 1/3, ұл бауырына қалған 2/3 ғасабалық жолмен тиеді.

Дәлелі: «Егер баласы болмай дүние-мүлкіне артында қалған ата-анасы ғана мұрагерлік етсе, анасына үштен бірі тиеді» (Ниса11 аят).

ә) 1/6. Бұл үлесінде де екі жағдайда алады.

– Мұра қалдырушының ұрпағы болса, анасы мұраның 1/6 алады.

– Мұра қалдырушының бірнеше ұлы немесе қызы немесе аралас туған немесе бір әкеден не бір анадан бауырлары болса, анасы 1/6 алады (әс-Сәләм Бәлий, 2003: 22).

Дәлелі: «Марқұмның артында бала қалса, онда артында қалған ата-анасының әрқайсысына мұраның алтыдан бір бөлігі тиеді» және «Ал туған бауырлары болса, анасына алтыдан бір бөлігі ғана тиеді» (Ниса 11 аят).

б) Мұраға марқұмның ата-анасы мен ерлі-зайыптылардың бірі мұрагерлік етсе, жұбайы үлесін алған соң қалған мұраның 1/3 анасы алады.

2. Әже мұрасы.

Әженің үлесі 1/6. Бұл үлесін фард жолымен мына екі шарт табылған кезде алады:

Марқұмның анасы болмау керек;

Өзін мұра алудан тосып қалатын басқа мұрагерлер болмау керек.

Әженің мұрадан 1/6 алуына қатысты мына хадис келген: Әбу Бәкір Сыддыққа (р.а) бір әже келіп, менің немерем қайтыс болған еді,– деп өзінің мұрадан алатын үлесін сұрайды. Әбу Бәкір (р.а) Алла елшісінен (с.а.с) осы мәселе туралы ешнәрсе естімедім. Мен сахабалардан сұрайын,– деп жібереді. Бесін намазынан кейін сахабалардан әженің мұрасы туралы білетіндерін сұрайды. Сонда Мұғира ибн Шуғба (р.а) Пайғамбарымыздан бір әже келіп мұрасын сұрағанда оған алтыдан бірін берді,– деді. Әбу Бәкір (р.а): Осыны білетін басқа адам бар ма?,– деді. Сонда Мұхаммад ибн Мәсләма (р.а): Мұғираның (р.а) сөзін растады. Сосын Әбу Бәкір (р.а) әженің үлесін берді (Әд-Дәrimi, 2000).

Әйел мұрасы.

а) 1/4. Мұра қалдырушының ешқандай ұрпағы болмаса, әйелі мұраның 1/4 алады.

ә) 1/8. Марқұмның (күйеу) бір әйелінен ұрпағы болса, әйелі 1/8 алады.

Дәлелі: «Арттарыңда ұрпақ қалмаса, қалдырған мұраларыңның төрттен бірі жұбайларыңа тиесілі болады. Ал егер арттарыңда ұрпақ қалса, онда жұбайларыңа мұраның сегізден бірі ғана тиеді» (Ниса 11 аят).

Қыз мұрасы.

Қыздар мұрасының үлесі төмендегідей:

а) 1/2. Мұра қалдырушының жалғыз қызы болса, оған мұраның 1/2 тиеді. Дәлелі: «Қыз жалғыз болса, оған мұраның тең жартысы тиеді» (Ниса 11 аят). Қыздан басқа мұраға ешкім мұрагерлік етпесе, барлық мұраны алады.

ә) 2/3. Екі немесе екіден көп қыздары болып, басқа ұрпағы болмаса, қыздарға 2/3 беріледі. Дәлелі: «Ал егер саны жағынан екеу немесе одан көп болса, сонда оларға мұраның үштен екі бөлігі тиеді» (Ниса 11 аят).

б) Марқұмның мұрасына қызы мен ұлы мұрагерлік етсе, қызға ұлға тиісті үлестің жартысы беріледі. Дәлелі: «ер балаға екі қыз баланың сыбағасындай үлес беріледі». (Ниса 11 аят)

5. Ұлдың қызының (марқұмның ұлының балалары фард иелерінен, ал қыздардың балалары фард иелерінен саналмайды) мұрасы.

а) 1/2. Бұл үлесін мына шарттар табылған кезде алады:

– туған қыздары, немере қыздың әкесі және ұлдың қызының ұл бауырлары немесе туыстық дәрежелері бірдей ешкім болмаса;

– ұлдың қызы біреу болса.

ә) Жоғарыдағы шарттар орындалып, ұлдың қызы біруден көп болған жағдайда оның үлесі 2/3 болады.

б) Қыздың туған бауыры немесе көкесінің баласы болса, ұлға екі қыздың үлесіндей беріледі.

Ұлдың қызына берілетін жоғарыдағы үш үлесіне Құранның «Ниса» сүресінің 11 аяты негіз болады: «Ер балаға екі қыз баланың сыбағасындай үлес беріледі. Егер барлығы қыз бала болса, һәм саны жағынан екеу немесе одан көп болса, сонда оларға мұраның үштен екі бөлігі тиеді. Ал жалғыз қыз болса, оған мұраның тең жартысы тиеді».

в) Немере қыздар туған қызбен бірге мұрагерлік етсе, және немере ұлдар болмаған жағдайда оның үлесі 1/6.

Дәлелі: Ибн Масғұд (р.а) қыздың, немере қыздың және қыз бауыр (мұрагерлік үлесі) жайлы сұралғанда: Мен бұған қатысты Алла елшісі (с.а.с) айтқан үкімді айтамын: «Қызға жартысы немере қызға – алтыдан бірі тиесілі, (бұл екеуі мұрагерлік мал-дүниенің) үштен екісін құрайды, ал қалғаны – қыз бауырға тиесілі» – деген (Әт-Тирмизи, 1996).

г) Мұраға бірнеше туған қыз бен ұлдың қыздары мұрагер болған кезде туған қыздардың үлесі 2/3, ал немере қыздар мұрадан ешнәрсе алмайды.

6. Қыз бауырдың мұрасы.

а) 1/2. Бұл үлесін төмендегі шарттарға сай келсе алады:

– мұра қалдырушы каләлә (артынан ата-анасы мен балалары қалмаған марқұм) болу керек;

– қыз бауыры жалғыз болса;

– ғасаба болатын ұл бауыры болмаса.

Дәлелі Ниса сүресінің 176-аяты: «Артында бала қалмаған (әкесі де өзінен бұрын қайтыс болған) ер кісі қайтыс болып, артында (туған немесе бір әкеден) жалғыз қарындасы (яки қыз бауыры) қалса, қалдырған мұрасының

тең жартысы соған тиесілі (ал қалған жартысы әкесі жағынан жақындарына тиесілі), ондай жақындары болмаған жағдайда қалған мұра түгелдей қарындасына тиесілі болады».

ә) 2/3. Бұл үлесін мына шарттар орындалса алады:

- мұра қалдырушы кәләлә болу керек.
- екіден көп қыз бауыры болса;
- ғасаба болатын ұл бауыры болмаса.

Дәлелі Ниса сүресінің 176-аяты: «Егер марқұмның артында (туған немесе бір әкеден) екі қыз бауыры ғана қалса, олар бауырларынан қалған мұраның үштен екі бөлігін алады».

б) Мұра қалдырушының ұл және қыз бауыры болған жағдайда, ұлға екі есе көп беріледі. Дәлелі Ниса сүресінің 176-аяты: «Ал егер марқұмның артында (туған немесе бір әкеден) ұл-қыз бауырлары ғана қалса, мұндай жағдайда еркек кіндік мұрагерге әйелден екі есе көп үлес тиеді».

в) Мұрагерлерден туған қыз және немере қыз болып, туған ұл бауыр болмаған жағдайда, қыз бауыр ғасабалық жолмен қалған мұраны алады. Бұл үлеске жоғарыда келген хадистегі Ибн Масғұдтың (р.а) сөзі дәлел болады.

г) Ұл немесе ұлдың ұлы немесе әкесі болған жағдайда, мұрадан ешнәрсе алмайды.

7. Бір әкеден анасы бөлек қыз бауырдың мұрасы.

а) Егер мына шарттар орындалса 1/2 алады:

- мұра қалдырушы кәләлә болу керек;
- бір әкеден қыз бауыры жалғыз болса;
- туған ұл немесе қыз бауыры және ғасабалық жолмен алатын бауыры болмаса.

ә) 2/3. Мына шарттар орындалса алады:

- екіден көп бір әкеден қыз бауыры болса;
- туған бауырлары және ғасабалық жолмен алатын бауыры болмаса;
- мұра қалдырушы кәләлә болу керек.

б) Қыз бауырға ғасаба болатын ұл бауыры болған жағдайда, ұлға екі қыздың үлесіндей беріледі.

в) Туған қыз және немере қыз болса немесе екеуінің бірі болса, қыздар үлестерін алған соң, ғасабалықпен қалған мұраны алады.

г) 1/6 -ін мына шарттар орындалса алады:

- туған қыз бауырымен бірге мұрагер болса;
- туған ұл немесе бір әкеден ұл бауыры болмаса;

– мұра қалдырушы кәләлә болса.

ғ) Бір әкеден қыз бауыр келесі мұрагерлердің бірі болса, мұрадан ешнәрсе алмайды: ұлы, ұлының ұлы, әкесі, туған ұл бауыры, туған екі қыз бауыры, қызы, ұлдың қызы [16].

8. Анасы бір әкесі бөлек қыз бауырдың мұрасы.

а) 1/6. Мына екі шартпен алады:

– анасы бір ұл, қыз бауыры жалғыз болуы керек.

– мұра қалдырушы кәләлә болу керек.

Дәлелі: «Егер қайтыс болған ер адамның немесе әйелдің артында қалған ата-анасы да, балалары да болмай, (бір анадан) ұл бауыры немесе қыз бауыры ғана болса, олардың әрқайсысына мұраның алтыдан бір бөлігі тиеді».

ә) 1/3. Бұл үлесін төмендегі екі шарт орындалса алады:

– екіден көп анасы бір бауырлары болса;

– мұра қалдырушы кәләлә болса, бір анадан (ұл, қыз) бауырларға бәріне ортақ 1/3 беріледі.

Дәлелі: «Ал егер бір анадан ұл-қыз бауырлары көп болса, онда олар мұраның үштен бір бөлігін өзара теңдей етіп бөліп алады».

Қорытынды

Исламның мұрагерлік құқығы негізгі қағидаттар ретінде әділеттілік пен гуманизмді, Құран талаптарын қатаң сақтауды талап етеді. Исламдағы мұрагерлік құқықтың негізгі дереккөзі – Құран. Шариятта мирас – қайтыс болған адамның дүние-мүлкінің тірі мұрагерлеріне иелікке өтуі. Қайтыс болған адамның артында қалған дүниесі мал-мүлік, ақша, жылжымайтын мүлік немесе басқа да шарият құқықтары аясына кіретін кісі ақысы, сондай-ақ, иелікке өтетін нәрсе болуы мүмкін. Осының барлығы мирас болып есептеледі.

Мақалада, мирас жайлы Құран аяттары мен Пайғамбар (с.а.с.) хадистері негізге алынып, мирасқа катысты ғалымдардың айтқан пікірлері жан-жақты қарастырылған. Әрі мирас сөзінің тілдік және терминдік мағыналары берілді. Сондай-ақ, ислам ғалымдарының Құран аяттары мен хадистерге сүйене отырып, фард иелерінен болған

әйелдер мұрасы мен олардың мирасқа ие болу тәртіптеріне қатысты айтқан пікірлері сараланды.

Қорытындылай келе, Исламдық мұрагерлік құқықтың негізгі ерекшелігі: мұрагердің басқа мұрагерлер санын шектеу құқығына ие болмауы. Ислам мұрагерлік туралы заңдарды отбасы мен қоғам шеңберіндегі әйел мен күйеуінің қаржылық жауапкершілігі мен

функцияларына сәйкес келтірді. Исламда мұрагерлік туралы заң қаржылық-экономикалық мәселе ретінде әлеуметтік әділеттілік қағидасынан туындайды. Сонымен қатар, мұрагерлік туралы ислам құқығы заңдарының шынайы негізі мұрагерлерді жынысы бойынша бөлу болып табылмайды. Мұрагерлік туралы Алла Тағаланың дана заңдарының әлдеқайда терең негіздері бар.

Әдебиеттер тізімі

- Адил Ибраһим Ауратани. Әхкәм мирас әл-марат фи әл-фиqh әл-ислами // ән-Нәжәх. – Палестина. 2010. – Б. 25.
- Али ибн Омар әд-Дәроқутни. Сунан әд-Дәроқутни. Бейрут: «Муассасату әр-рисәлә», 2004. – 118 б.
- Барраж Ж.М. Ахкам әл-мирас фи әш-шариға әл-исламия. – Оман: «Дар әл-илмия», 1999. – Б. 38-41.
- Әбу Бакр Ахмад ибн Хусейн әл-Байһақи. Әс-Сунан әс-Сағир. – Кайр: «Дәр әл-уәфә», 1989. – 353 б.
- Әбу әл-Хасан әл-Хәнәфи әс-Синди. Сунан ибн Мәжә. – Бейрут: «Дәр әл-мағрифә», 1996. – 317 б.
- Әбу Иса Мухаммад ибн Иса әт-Тирмизи. Әл-Жамиғ әл-кәбир. Бейрут: «Дәр әл-ғарб әл-исләми», 1996. 3 т. – 600 б.
- Әбу Мухаммад Абдулла ибн Абдурхман әд-Дәrimi. Муснад әд-Дәrimi. – Риад: «Дәр әл-муғни», 2000. 4 т. – 1928 б.
- әс-Сәийд Сәбиқ. Фиqh әс-Сунна. Бейрут: «Дәр әл-фикр», 1983. – 424 б.
- Жүсіпбеков Ж., Илесбеков Б. Исламдағы мирас ілімі. – Алматы: «Нұр-Мүбарак», 2021. – 200 б.
- Мәһир Бархуми. Луғату әл-мәуәрис фи әл-Қурән әл-Кәрим уә әл-Хадис әш-Шариф. – Бейрут: «Жәмиғату Бейрут әл-арабия», 2013. – 12 б.
- Мустафа Ашур. Илм әл-мирас. – Кайр: «Мактаба әл-Қуран», 1988. – Б. 84-86.
- Мұхаммед әз-Зухайли. Әл-фараид уә әл-мәуәрис уә әл-уәсая. – Бейрут: «Дәр әл-кәләм әт-тайб», 2001. – Б. 55-56.
- Мұхаммед Әли Әс-Сабуни. Әл-Мәуәрис фи әш-Шариға әл-Исламия фи дауи әл-китәб уә әс-сунна. – Каир: «Жамиға әл-Азһар», 1990. – 34 б.
- Нургалеев Р.М. Наследственное право в исламе. – Казань: «Издательство ДУМ РТ», 2009. – Б. 20-21.
- Сибт әл-Маридини. Шарх әл-фусул әл-мухimmә фи мәуәрис әл-уммә. – Рияд: «Дәр әл-асама», 2004. – Б. 76-77.
- Уахид ибн Абд әс-Сәләм Бәлий. әл-Бидая фи илм әл-мауарис. «Дәр ибн ражаб», 2003. – 22 б.
- Усенов У.М. Право женщины на наследство в исламском праве // Наука, Кыргызстана. – № 6. – 2017. – 121 б.

А.Ш. Жамашев¹, И.Р. Наурзалиев², Т. Қожа¹

^{1,3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Колледж Медресе Абу Ханифа, Алматы, Казахстан

Привилегия наследства в исламе и наследие женщин от владельцев фард

Аннотация. Наука о наследственном праве исламской религии представляет собой развитую область, основанную на многовековом опыте мусульманских ученых. Наследство – одна из заповедей Всевышнего Аллаха, которая при правильном выполнении приносит радость в сердце человека, вносит стабильность в его общественную жизнь и упорядочивает его отношения. Основным принципом ислам-

ского наследственного права является соблюдение норм Корана. В исламском шариате Всевышний Аллах придавал особое значение науке о наследовании и подробно объяснял проблемы непосредственно под своим руководством. Всевышний Аллах в Своей безграничной мудрости показал нам беспрецедентную систему справедливого распределения наследства, оставленного умершим человеком, между наследниками. В этой системе нет места спорам и дракам между наследниками.

В данной статье проводится краткий анализ понятия наследования, используемого в исламском праве с точки зрения лингвистических и терминологических определений, основных источников ислама, Корана и хадисов Пророка. Будут обсуждаться вопросы, связанные с приоритетом исламского наследия, а также его значением в исламском праве. Основной принцип исламского наследственного права основан на нормах Корана с особым акцентом на правилах и решениях. Утверждается, что правовая система наследования в исламе сильно отличается от других правовых систем, и что ни один вопрос в Коране не освещен так детально, как вопрос наследования. Шариатские юристы представят свои взгляды на науку о наследовании в исламе и дадут краткий обзор проявлений наследственного права в доисламском арабском обществе. Будут изложены основные принципы права наследования и доля каждой наследницы женского пола от владельцев фард.

Ключевые слова: Коран, хадис, наследие в исламе, учение мирас, арабское общество, владельцы фардов, наследственное право, доля, доказательство, женское наследие.

A.Sh. Zhamashev¹, I.R. Naurzaliyev², T. Koja¹

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abu Hanifa Madrasah College, Almaty, Kazakhstan

Inheritance privilege in Islam and the legacy of women from fard owners

Abstract. The science of the inheritance law of the Islamic religion is a developed area based on the centuries-old experience of Muslim scholars. Inheritance is one of the commandments of Almighty Allah, which, when properly performed, brings joy to the heart of a person, brings stability to his social life, and streamlines his relationships. The basic principle of Islamic inheritance law is the observance of the norms of the Koran. In the Islamic Sharia, Allah Almighty emphasized the science of inheritance and explained the problems in detail directly under his guidance. Allah Almighty in His infinite wisdom has shown us an unparalleled system of equitable distribution of the inheritance left by a deceased person among the heirs. In this system, there is no place for disputes and fights between heirs.

This article provides a brief analysis of the concept of inheritance used in Islamic law in terms of linguistic and terminological definitions, the main sources of Islam, the Koran, and the hadiths of the Prophet. Issues related to the priority of Islamic heritage, as well as its significance in Islamic law, will be discussed. The basic principle of Islamic inheritance law is based on the norms of the Qur'an, with particular emphasis on rules and decisions. It is argued that the legal system of inheritance in Islam is very different from other legal systems and that no issue in the Qur'an is more detailed than the issue of inheritance. Sharia jurists will present their views on the science of inheritance in Islam and give a brief overview of the manifestations of inheritance law in pre-Islamic Arab society. The basic principles of the right of succession and the share of each female heiress from fard owners will be outlined.

Keywords: Quran, hadith, heritage in Islam, Miras teaching, Arab society, fard owners, inheritance law, share, proof, female heritage.

References

- Abu al-Hasan al-Hanafi as-Sindi. Sunan ibn Madja [Sunans Ibn Maja]. (Beirut, «Dar al -Magrifa», 1996, 317 p.), [in Arabic].
- Abu Bakir Ahmad ibn Husein al-Baiqahi. Sunan as-Sagir [Sunan as-Sagir]. (Kair, «Dar al – uafa», 1989, 353 p.), [in Arabic].
- Abu Isa Muhammed ibn Isa at-Tirmizi. al-Djamı al-Kabır [Great collection]. Beirut: «Dar al-Islam», 1996. 3 v. – 600 p.), [in Arabic].

Abu Muhammed Abdullah ibn Abdurrahman ad-Darimi. Musnad ad-Darimi [Musnad ad-Darimi]. (Riad, «Dar-almugni», 2000, 1928 p.), [in Arabic].

Adil Ibrahim Auratani. Axxam Miras al-mara fi al-fiqh al-Islami [The provisions of women's inheritance in Islamic jurisprudence] An-Nadja. Palestina. 25 p., [in Arabic].

Ali ibn Omar ad-Daroqutni. Sunan ad-Daroqutni [Sunans ad-Daroqutni]. (Beirut, «Muassasatu ar-risala», 2004, 118 p.), [in Arabic].

Baraj J.M. Ahkam al-miras fi al-sharia al-islamiya [Provisions of inheritance in Islamic Sharia], (Oman, «Daru iafa al-ilmia», 1999, P. 38-41), [in Arabic].

Mahir Barhum. Lugatu al-mauaris fi al-Quran al-Karim ua al-Hadis al-Sharif [The language of inheritance in the Noble Qur'an and the Noble Hadith], (Beirut, «Jamigatu Beirut al-Arabia», 2013, 12 p.), [in Arabic].

Muhammed Ali As-Sabuni. Al-Mauaris fi ash-Sharia al-Islam fi dau al-kitab ua fi as-Sunna [Inheritances in Islamic Sharia in the light of the Qur'an and Sunnah]. (Kair, «Jamiga al-Azhar», 1990, 34 p.), [in Arabic].

Muhammed az-Zuhaili. Al-fara'id ua al-mauaris ua al-uasaia [Ordinances, inheritances, and commandments]. (Beirut, «Dar al-Kalam At-taib», 2001, P. 55-56. [in Arabic].

Mustafa Ashur. Ilm al-miras [Inheritance of knowledge]. (Qayr, «Maktab al-quran», 1988, P. 84-86), [in Arabic].

Nurgaliev R.M. Nasledctvennoe parvo v islame [Inheritance law in Islam]. (Qazan, «Izdatelstvo Dum RT», 2009, P. 20-21), [in Russian].

Sibt al-Maridini. Sharh al-fusul al-muhimma fi mauaris al-umma [Explanation of the important chapters in the inheritance of the natio]. (Riad, «al-asama», 2004, P. 76-770, [in Arabic].

Uahid ibn Abd as-Salam Bali. al-Bidaia fi ilm al-Mauaris [the beginning of the science of inheritance]. «Dar ibn radjab», 2003. 22 p. [in Arabic].

Usenov U.M. Pravo jenshiny na nasledstva v islamskom prave [A woman's right to inheritance in Islamic law]. (Nauka, Kyrgyzstana No.6, 2017, 121p.), [in Russian].

Zhusipbekov Zh., Ilesbekov B. Islamday miras ilimi. (Almaty, «Nur-Mubarak», 2021, 200 p.), [in Kazakh].

As-Said Sabiq. Fiqh as-Sunna [Sunnah Jurisprudence]. (Beirut, «Dar al-fikr», 1983, 424 p.), [in Arabic].

Авторлар туралы мәлімет:

Жамашев Азамат Шұтбайұлы – Ph.D., Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Наурызалиев Изатіллә Рахматуллаұлы – магистр, арнайы пәндер оқытушысы, Әбу Ханифа медресе колледжі, Алматы, Қазақстан.

Қожа Тоқтияр – магистрант, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Zhamashev Azamat Shutbauly – Ph.D., Senior Lecturer of the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty city, Kazakhstan.

Naurzaliyev Izatilla Rahmatullauly – Master, teacher of special subjects, Abu Hanifa college, Almaty, Kazakhstan

Khoja Toktiyar – master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Неотенгрианство в Казахстане как ответ реисламизации: в поисках идейных истоков

Мейрам Ж. Кикимбаев^{1*}

Рузия И. Камарова²

Зауре Б. Малгараева³

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²НАО «Центр Н. Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога»,
Астана, Казахстан

³Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

***Автор для корреспонденции:**

m.kikimbaev@yandex.ru

1 <https://orcid.org/0000-0002-4157-3302>

2 <https://orcid.org/0000-0003-3517-1451>

3 <https://orcid.org/0000-0002-1794-2016>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-184-201

Аннотация. Данная статья посвящена анализу идейных оснований и истоков современного тенгрианства в Казахстане. В поиске духовных ориентиров в период нациестроительства возникает неотенгрианство, с одной стороны, как возрождение исконных казахских традиций и ценностей. С другой стороны, оно актуализируется как ответ на реисламизацию, а точнее, появление новых исламских течений, в том числе с их радикальными идеями и практиками, вступающими вразрез с традиционной казахской культурой.

В статье представлен анализ идей, вызывающих рост интереса к тенгрианскому мировоззрению. В качестве базовых источников, влияющих на идеологию неотенгрианства, рассмотрены труды Чокана Валиханова, Льва Гумилева, Мурада Аджи, Нурмагамбета Аюпова, Серикбола Кондыбая, Едиге Турсунова и других авторов. Также проведен анализ трудов неформальных лидеров неотенгрианских сообществ в Казахстане, а именно исследованы концептуальные и идеологические аспекты неотенгрианства в книгах «Истина. Священная система Қазақ» и «КАСИЕТ. Сила Духа Великой Степи». В работе делается вывод, что под влиянием идей и концепций указанных выше авторов возможно появление нового поколения последователей неотенгрианства как мировоззренческой позиции и системы практик, продуцирующей идеи, направленные на укрепление национальной идентичности.

Ключевые слова: неотенгрианство; культурное наследие; постсоветскость; реанпроприация; национальная идентичность; «қазақшылық»; ислам; реисламизация; «арабизация».

Received 27.06. 2022. Revised 01.07.2022. Accepted 10.09. 2022. Available online 30.12.2022.

For citation:

Kikimbayev M.Zh., Kamarova R.I., Malgaraeva Z.B. Neo-Tengrianism in Kazakhstan as a response to re-Islamization: In search of ideological roots // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 141. – No. 4. – P. 184-201. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-184-201.

Для цитирования:

Кикимбаев М.Ж., Камарова Р.И., Малгараева З.Б. Неотенгрианство в Казахстане как ответ реисламизации: в поисках идейных истоков // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 141. – №. 4. – С. 184-201. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-184-201.

Введение

С развалом СССР и обретением Независимости постсоветские страны вошли в период стремительных пертурбаций и общественных трансформаций, повлиявших, в том числе на мировоззренческие установки. Как отмечает известный историк и антрополог Адиб Халид, после длительного периода идеологического давления и унифицирующей политики советской власти, в Центральной Азии в широком смысле происходил процесс реапроприации – повторного освоения ценностей культурного наследия. Частным, но наиболее заметным проявлением этого был процесс реисламизации, когда образовавшийся идеологический вакуум стали наполнять возрождаемые или привнесенные религиозные институты и практики (Халид, 2012).

В центральноазиатских странах, в том числе в Казахстане, в первые десятилетия после распада СССР реисламизация представляла собой стихийный и неконтролируемый процесс: по всей стране хаотично возводились мечети (1990 г. – 46, 2001 г. – 1282, 2020 г. – 2691); возрождались различные этноконфессиональные и суфийские сообщества; бурно развивались региональные и местные паломнические практики по святым местам; из-за рубежа проникали миссионеры и последователи различных нетрадиционных, часто деструктивных и радикальных религиозных течений (Kikimbayev, 2021).

Как ответ, стали проявляться протестные тенденции, в частности в виде актуализации тенгрианства. Протест был направлен против «экспансии» через исламскую религию арабского образа жизни, языка и поведения, что представлялось как угроза для национального самосознания, как разрушительный фактор этнической индентичности. В казахоязычном сегменте часто можно встретить слово «арапқұл», что дословно означает «раб всего арабского».

Процессы возрождения интереса к мировоззренческим системам,

апеллирующим к древним культам, глубинным пластам культуры имеют место практически во всем мире. В этой связи, тенгрианство, как феномен возрождения древних тюркских верований, можно концептуализировать как один из инвариантов общемировой тенденции по актуализации языческих верований. В Казахстане оно в большей степени представляет собой деятельность общественных объединений, а также отдельных последователей. Однако, неотенгрианство в Казахстане по сей день не является достаточно организованным явлением, со многими и часто полярными центрами притяжения, хотя в этой среде уже стали появляться свои лидеры мнений, популярные книги и публикации, интернет-сайты, ютуб-каналы, группы и сообщества в наиболее распространенных социальных сетях. Анализ тенденции развития неотенгрианства показывает наличие предпосылок для дальнейшего укрепления их позиции в казахстанском обществе, для перехода от состояния «спящего режима» и «онлайн-сообщества» к состоянию реальной консолидации, социальным действиям и гражданскому активизму.

В этой связи, представляется актуальным определить основные идейные истоки, которые в мировоззренческом плане влияют на формирование взглядов и представлений неотенгрианских сообществ в Казахстане.

Материалы и методы

Baidarov E.U. Chokan Valihanov kak issledovatel' religiozno-mirovozzrencheskogo naslediya kazahov. Izvestiya Nacional'noj Akademii nauk Respubliki Kazakhstan [Chokan Valikhanov as a researcher of the religious and ideological heritage of the Kazakhs. Izvestia of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan]. 2014, No. 1. P. 99-105. [in Russian].

Begalinova K. Kokumbayeva B. Tengrianstvo kak fenomen tyurkskoj duhovnosti (na kazahskom materiale). [Tengrianism as a phenomenon of Turkic spirituality (based on Kazakh material)], (Kazakh University, Almaty, 2020, 244 p.), [in Russian].

Bejsenbinov T. «AKIKAT. Kasietti kazak zhujesi» [«Truth. Sacred Kazakh system»]. (Ysh zhyz, Almaty, 2006, 415 p.), [in Russian].

Valikhanov Ch. Ch. «Tengri». Valikhanov Ch. Ch. Sobranie sochinenij v pyati tomah [«Tengri». Valikhanov Ch. Ch. Collected works in five volumes]. Alma-Ata. The main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia. (Volume 1, 1984, 432 p.), [in Russian].

Valikhanov Ch. Ch. «Sledy shamanstva u kirgizov». Valikhanov Ch. Ch. Sobranie sochinenij v pyati tomah [«Traces of shamanism among the Kyrgyz». Valikhanov Ch. Ch. Collected works in five volumes]. Alma-Ata. The main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia. (Volume 4, 1985, 462 p.), [in Russian].

Valikhanov Ch. Ch. «Zapiski o sudebnoj reforme». Valikhanov Ch. Ch. Sobranie sochinenij v pyati tomah [«Notes on judicial reform». Valikhanov Ch. Ch. Collected works in five volumes]. Alma-Ata. The main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia. (Volume 4, 1985, 462 p.), [in Russian].

Valikhanov Ch. Ch. «O musul'manstve v Step'i». Valikhanov Ch. Ch. Sobranie sochinenij v pyati tomah [«About Islam in the Steppe». Valikhanov Ch. Ch. Collected works in five volumes]. Alma-Ata. The main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia. (Volume 4. 1985. 462 p.), [in Russian].

Gumilev, L. N. «Drevnie tyurki. Istoriya obrazovaniya i rascveta Velikogo tyurkskogo kaganata (VI-VIII do nashej ery)» [«Ancient Turks. The history of the formation and flourishing of the Great Turkic Khaganate (VI-VIII centuries before our era)»] (Crystal, Moscow, 2003. 576 p.). [in Russian].

Gumilev L.N. Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera Zemli. L.N. Gumilev: pod red. V.S.Zhekulina. [Ethnogenesis and the biosphere of the Earth. L.N. Gumilev: edited by V.S.Zhekulina] (Leningrad University Press, Leningrad, 1989, 496 p.). [in Russian].

Zakon Respubliki Kazakhstan «O religioznoj deyatel'nosti i religioznyh ob»edineniyah» ot 11 oktyabrya 2011 goda № 483-IV [Law of the Republic of Kazakhstan «On Religious Activities and religious associations» dated

October 11, 2011 No. 483-IV]. Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000483> [in Russian]. (accessed 26.10.2022).

Imanzhusip R., Rystan J. «Religioznye voprosy v nauchnyh trudah SHokana Ualihanova». Vestnik ENU im. L.N. Gumileva [«Religious issues in the scientific works of Shokan Ualikhanov». Bulletin of the L.N. Gumilev ENU]. 2019. No.3 (128). P. 60-67. [in Russian].

Kenzhaliev A. Manas Orda Kyrgyzstana. Kontury novogo gosudarstvennogo ustrojstva na osnove kul'turnogeneticheskogo koda naroda [Manas Horde of Kyrgyzstan. The contours of a new state structure based on the cultural genetic code of the people]. Available at: <https://manasordo.files.wordpress.com/> [in Russian] (accessed: 26.10.2022).

Kikimbayev M., Medeuova K., Ramazanova A. «Mosques in post-soviet Kazakhstan: discourse interpretation and regulatory practices». Central Asia & the Caucasus (14046091). 2021, Vol. 22 Issue 4, P.126-139.

Kodar A. Kul't Tengri v sisteme religij rannego srednevekov'ya. Sbornik докладов Первой международно научной конференции «Tengrianstvo – mirovozzrenie altajskih narodov» [The cult of Tengri in the system of religions of the early Middle Ages. Collection of reports of the First international scientific Conference «Tengrianism – the worldview of the Altai peoples»], (Bishkek, 2003, pp. 122-125), [in Russian].

Kokumbayeva B.D. Kul'turologiya tengrianskogo iskusstva: uchebnoe posobie [Cultural studies of Tengrian art: textbook], (Scientific and Publishing Center of PSPI, Pavlodar, 2012, 156 p. [in Russian].

Laruelle, Marlene. Religious revival, nationalism and the «invention of tradition»: political Tengrism in Central Asia and Tatarstan. Central Asian Survey. 2007. No. 26 (2). P. 203 – 216.

Munh Sereno. «Kochevoj ekologizm (Chelovek i priroda kak zalozhniki ekonomicheskogo fetishizma). Mongol'skij manifest» [«Nomadic environmentalism (Man and nature as hostages of economic fetishism). The Mongolian Manifesto»]. 2020, 34 p. (from the personal archive of the authors). [in Russian].

Ospanuly N. Tyurkskaya ontologiya: metafizicheskie osnovaniya tengrianstva. Evrazijskoe soobshchestvo [Turkic ontology: metaphysical foundations of Tengrianism. The Eurasian Community]. 1998. No. 1. P. 180-198. [in Russian].

Sartori P., Shabley P. Eksperimenty imperii: adat, shariat i proizvodstvo znanij v Kazahskoj stepi [Experiments of the Empire: Adat, Sharia and the production of knowledge in the Kazakh steppe] (New Literary Review, Moscow, 2019, 280 p.). [in Russian].

Spisok lyudej vneshnih ogromnyj vklad v razvitie istorii i kul'tury kochevyh narodov i Tengrianstva [A list of people who have made a huge contribution to the development of the history and culture of nomadic peoples and Tengrianism]. Internet portal Tengrism.kz. Available at: https://tengrism.kz/honor_wall/ [in Russian]. (accessed 25.10.2022).

Suleimenov Olzhas. AZ i YA. Kniga blagonamerennogo chitatelya [AZ and Ya. The book of a well-meaning reader] (Zhazushy, Alma-Ata, 1975, 304p).

Tursunov E. D., Nurmukhanbetov A. B. «KASIET. Sila Duha Velikoj Stepі» [«virtue. The Great Steppe»]. (Almaty, o «the world of the Great Steppe - the world of great steps», 2013, 144 p.), [in Russian].

Tursunov E.D., Nurmukhanbetov A.B. «KASIET. Sila Duha Velikoj Stepі» [«HOLY POWER. The Power of the Spirit of the Great Steppe»] («Uly Dala Alemi - The World of the Great Steppe», Almaty, 2013, 144 p.), [in Russian].

Fedorova L. «O Murade Adzhi, razbudivshem nas s vekovogo sna...» [«About Murad Aji, who woke us up from an age-old dream...»]. Website of the International Tengri Research Foundation. – 2022. Available at: <https://tengrifund.ru/o-murade-adzhi-razbudivshem-nas-s-vekovogo-sna.html> [in Russian]. (accessed 26.10.2022).

Khalid A. Postsovetskie sud'by sredneaziatskogo islama. Konfessiya, imperiya, naciya: religiya i problema raznoobraziya v istorii postsovetskogo prostranstva [Post-Soviet destinies of Central Asian Islam. Confession, empire, nation: religion and the problem of diversity in the history of the post-Soviet space]. Moscow. Novoe Publishing House. 2012. P. 316-344. [in Russian].

Сведения об авторах:

Кикимбаев Мейрам Жумабекович – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Камарова Рузия Исламовна – кандидат философских наук, Директор Департамента религиоведческих исследований НАО «Центр Н.Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога», Астана, Казахстан.

Малгараева Зауре Боранкуловна – кандидат философских наук, доцент кафедры религиоведения Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Kikimbayev Meiram Zhumabekovich – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Kamarova Ruziya Islamovna – Candidate of Philosophical Sciences, Director of the Religious Studies Department at the N. Nazarbayev Center for Development of Interfaith and Intercivilization Dialogue, Astana, Kazakhstan.

Malgaraeva Zaure Borankulovna – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Religious Studies of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Тәуелсіз Қазақстандағы коммеморативтік саясат

Мұсатаева Фарида Мағауиевна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: f.mussatayeva@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-1326-2141>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-202-217

Аңдатпа. Мақалада 90-шы жылдар мен қазіргі уақытқа дейінгі кезеңдегі Қазақстандағы коммеморативтік саясат талданады. Коммеморативтік практикаларды жіктеу барысында белгілі бір іс-шараларды жүзеге асыруда мемлекеттің ішінара қатыстылығы көрсетілген. Билікпен жүргізіліп отырған коммеморативтік саясат қоғамның сұранысына сай жүргізілетіні немесе оның әрі қарайғы ілгерілеу үдерісі мүдделі топтармен «тарихи әділеттілікті орнату» міндетімен жалғасын табылғандығы анықталды.

Аталмыш мақалада коммеморация құралдары саналатын мемлекеттік деңгейдегі актілерін саралау арқылы естелік практикаларын төрт түрге жіктеу талпынысы жасалған. Коммеморативтік актілердің жіктелімі мазмұндық құрылымына қарай аталып, әр жіктелімнің репрезентативтілігін дәлелдеу мақсатында кейс әдісі қолданылған. Практикалық кейстерге ұлттық жадыны жаңғыртуға бағытталған нормативтік актілердің нәтижелігі; көпшілікпен аталып өтілетін мерекелер мен мерейтойлардың идеологиялық маңыздылығы; топонимикалық өзгерістер ықпалы зерделенген. Сонымен қатар, Наурыз мейрамы мен Абай Құнанбайұлының мерейтойын атап өту іс-шараларына ретроспективтік талдау жүргізіліп, олардың идеологиялық маңызы ағымдағы саяси өзгерістермен шартталғаны анықталған.

Тәуелсіздік жылдарындағы коммеморациялық практикаларды саралай келе, билікпен ұлттық естеліктерге қатысты жүргізілген актілер, біріншіден, ұжымдық жадыны тасымалдаушы; екіншіден, ұрпақаралық байланысты ұзақ жылдарға біріктіруші; үшіншіден, мүдделі топтар мен халықтың қатысу белсенділігін арттыру арқылы бірегейлікті сақтаушы функциясын атқаратыны анықталды.

Мақала тақырыбын зерделеуде естелік саясатын зерделеген ғалымдар Эмиль Дюркгейм, Пьер Нора, Алейда Ассман теориялары, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі және ғаламтордың ашық көздерінде жарияланған бұқаралық ақпарат мәліметтері қолданылған.

Түйін сөздер: естелік орындары; коммеморация; коммеморативтік саясат; коммеморативтік практикалар; тарихи сана; ұлттық жады; ревитализация; тарихи әділеттілік.

Received 27.09. 2022. Revised 01.10.2022. Accepted 15.10. 2022. Available online 30.12.2022.

For citation:

Musatayeva F.M. Commemorative policy in Independent Kazakhstan// Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 141. – No. 4. – P. 202-217. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-202-217.

Для цитирования:

Мусатаева Ф.М. Тәуелсіз Қазақстандағы коммеморативтік саясат // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 141. – №. 4. – Б. 202-217. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-141-4-202-217.

Кіріспе

Коммеморация ұғымын жан-жақтылы қарастырып, анықтама беруге тырысқан «естелік орындары» концептінің авторы, француз тарихшысы Пьер Нора. Ғалым «естелік» пен коммеморацияны ажырата келе, біріншісі «тірі әлеуметтік топтар» арқылы әрқашан эволюция үдерісінде және заман ағымына қарай деформацияға шалдықса, екіншісі бүгінгі күннің қажеттілігіне орай өткен шақтың бейнесін қайта түрлендіреді. Нақтылай айтқанда, коммеморация – бұл ғасырлар тоғысы мен ұрпақ сабақтастығының жалғасуы арқасында белгілі бір естеліктер ревитализацияланып, өткен заманда көпшілікпен еленбеген оқиғалар немесе тұлғалар есімдері тарихқа қайта оралады. Алайда француз тарихшысы Нора «естелік орындары» және «коммеморация» ұғымдарының мағынасы екі бөлек болғанымен, қазіргі таңда олардың өзара байланыстылығын, бір мезгілде бір-біріне өтпелілігін айтады. Себебі, оның ойынша, қазіргі заманғы коммеморациялар «естелік орындарына» айналды, ал «естелік орындары» коммеморацияларға толы болды (Нора, 1999: 96). Осылайша коммеморация практикалары арқылы естеліктер тек қана сақталып қоймай, сонымен қатар қайта жаңғырады.

Коммеморативтік саясатты қазақстандық шынайылықта «тарихи саясат» («Politics of the Past») немесе «өткеннің саясаты» («Politics of Memory») призмасында қарастырған жөн.

Өйткені отандық ғылымда коммеморация феномені жан-жақтылы қарастырылған, лайықты зерделенген ғылыми-зерттеу жұмыстары азшылық. Орталық органдармен қабылданған ресми құжаттарда «коммеморация» түсінігінен гөрі көбінесе «тарихи сананы» қалыптастыру ұғымы жиі қолданылады. Дегенмен, ұлттық жадыда «тарих әділеттілігін» орнату мақсатында топонимдердің атауын өзгерту, ұлт санасын жаңғыртуға бірқатар маңызды тұжырымдамалар мен стратегиялық қаулыларды қабылдау, өткенді еске алуға бағытталған атаулы күндер мен мерекелерді атап өту, ғұламаларға тағзым көрсету аталмыш коммеморация құралдарына жатқызуға болады.

Мақалада Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында халықтың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған түрлі шаралардың мазмұндық құрылымына сәйкес коммеморативтік практикаларды жіктеуге талпыныс жасалған.

Зерттеу әдістері

Мақаланың әдіснамалық негізі зерттеудің пәнаралық әдістері – герменевтикалық, аксиологиялық және әлеуметтік-мәдени салаларда кеңінен қолданылатын қазіргі заманғы интерпретациялық және репрезентативтік әдістерге сүйенеді. Коммеморативтік актілер мазмұндық құрылымына қарай жіктелген әр түріне кейс

1. Нормативтік-құқықтық коммеморация	• Ұлттық жадыны жаңғыртуға бағытталған заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар, жарлықтар
2. Бұқаралық мерекелік коммеморация	• Кеңес үкіметі кезеңінде тыйым салынған немесе ұмыт қалған мерекелердің көпшілік сипат алуы
3. Ономастикалық коммеморация	• қала, көше, әлеуметтік ғимараттар атауларын өзгерту
4. Мерейтойлық коммеморация	• ғұлама тұлғалардың мерейлі даталарын атап өту; олардың есімдерін тарихи жадыда таңбалау мақсатында жыл атауын беру (1995 - Абай жылы; 1996 жыл - Жамбыл жылы, т.б.)

1 кесте. Тәуелсіз Қазақстандағы коммеморативтік актілердің жіктелімі

әдісі арқылы олардың жүзеге асырылу үрдісі мен практикалық маңыздылығына сипаттама беріледі.

Талқылау

Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында мемлекет тарапынан жүргізілген коммеморативтік актілердің жіктелімі

Шамамен 30 жыл аралығында Қазақстан территориясында мемлекет және халық бастамасымен ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған түрлі іс-әрекеттерді мазмұндық құрылымына қарай келесідей жіктеуге болады (1 кесте).

Нормативтік-құқықтық коммеморация.

Пьер Нора естеліктердің жаңғыру үрдісі бұрынғы отаршылдықтан аза болған ұлттардың «тарихты деколонизациялауынан», өзіндік дара «бірегейлікті» («identity») іздеуден бастау алғандығын атап көрсеткен (Нора, 2005: 42). Қазақстанның Тәуелсіздігі таңында бірегейлікті іздестіруге мақсатталған алғашқы құжаттың бірі – 1995 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңеспен бекітілген «Тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» (DAZ; 2013). Бұл қадам тарихи білімнің негізгі бағдарларын іздестіруге; өтпелі кезеңдегі тарихи ғылымның басты проблемаларын белгілеуге және оларды шешу бағыттарына; тарихи білім беруді реформалау жолдарын белгілеуге бағытталды. Тұжырымдама негізінде Қазақстан тарихын тек ресейлік-кеңестік кеңістігінің бір бөлігі ретінде емес, әлемдік тарихтың көшпелі өркениеттің, түркі әлемінің, Орталық Азия өңірінің бір бөлігі ретінде зерделеуді ұсынды. Осылайша, тарихты зерттеуде моноцентристік көзқарастан полицентристік көзқарасқа көшу расталды, бұл тарихи процесті екі жақты қозғалыс жолы ретінде көруге мүмкіндік берді.

Тұжырымдаманың практикалық жүзеге асырылуына тоқталсақ, аз уақыт аралығында (1995-2000 жж.) отандық ғалымдармен тарих саласында ауқымды жұмыстар жүргізіліп, жаңа типтік бағдарламалар мен оқу-

әдістемелік құралдар басылып шығарылады және қолданыстағы 4-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі «кеңестік кезеңдегі» мектеп оқулықтары ауыстырылады. Оқулықтар жазу барысында қазақстандық материалдар кеңінен пайдаланыла бастады. Оқулықтардың дизайны да өзгерді; олар әсем безендіріле бастады; авторлардың жаңа корпусы құрылды (Аяган, 2020: 54).

Жоғарыдағы Тұжырымдаманың жалғасы, толықтырушысы ретінде 1996 жылы ҚР Президентінің Өкімімен «ҚР мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданды (АҚЖ «Әділет», 1996). Аталмыш Тұжырымдаманы талқылауға Манаш Қозыбаев пен Жұлдызбек Абылхожин секілді отандық белгілі тарихшылар да қатысты (Архив Президента РК; 1993). 1996 жылы қабылданған осы құжатта іс жүзінде мемлекеттік және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолдары белгіленді және негізгі мақсат – қоғамдық санада «Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз» деген түсінікті бекіту тұжырымдалды. Ең маңызды шарт ретінде «қоғамда жоғары саяси және құқықтық мәдениеттің» болуы белгіленді, ол үшін өз кезегінде азаматтарға саяси-құқықтық білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру қажет болды.

2015 жылы ҚР бұрынғы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы, мәні бойынша, жаңа тарихи жағдайларда 1996 жылғы алдыңғы Тұжырымдаманың тереңдетілген нұсқасы болды. Егер 1996 жылғы Тұжырымдамада тарихи сана немесе қоғамдық сананың кез келген басқа нысаны, тарихи жады және т.б. туралы ережелер мен ескертпелер болмаса, онда 2015 жылғы Тұжырымдамада міндеттердің бірі – халықтың «тарихи жадын нығайту» деп тікелей жария етіледі. Мұның бәрі заңды, өйткені нақ осы ортақ тарихи сана жалпыұлттық (мемлекеттік) сәйкестіктің жоғары деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Осылайша, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған Тұжырымдамалардың мазмұны тарихи сананы қайта құрылымдаумен шартталды, соның ішінде ұлттық жадыны ревитализациялау талпынысы анық сақталды.

Мемлекетіміздің тарихи-мәдени мұрасын қалпына келтіруге негізделген ең ауқымды бағдарлама «Мәдени мұра» болып саналады. Өз кезегінде ол 2004-2011 жылдар аралығын қамтып, жүзеге асырылу бағдары қысқа мерзімді үш кезеңге бөлінді: 2004-2006, 2007-2008, 2009-2011 жылдар (АҚЖ «Әділет», 2003). Бағдарлама төрт мақсатты көздеді: Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерттеу жүйесін құру; аса маңызды, ерекше тарихи құндылығы бар сәулет ескерткіштерін қайта жаңарту; ұлттық әдебиет пен жазудың барлық ескерткіштерін жүйелеу; төртінші мақсат – әлемдік гуманитарлық ойдың ең жарқын жетістіктерін қазақ тіліне аудару арқылы «гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын» құру. Үш кезең үш түрлі бағыт бойынша жүзеге асырылып, нәтижесінде 73 аса археологиялық және сәулет ескерткіштеріне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, 40 аса археологиялық, 26 ғылыми қолданбалы зерттемелері жүргізілді (Қараманова, 2013).

Аталмыш Бағдарлама өз межесіне жетіп аяқталса да, бүгінгі күнге дейін академиялық ортада оған қатысты пікірлер әртүрлі. Танымал археолог, академик Карл Байпақовтың айтуынша, «Мәдени мұраның» басты нәтижесінің бірі – ескерткіштерді зерттеу және қорғау жөніндегі барлық жұмыстардың іргетасы ретінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағын дайындау (Байпаков, 2004). Әдетте, профессор Жахан Молдакебовтың пікірінше, «Мәдени мұра» идеясы объективті бұлыңғырлықпен, әдіснамалық сәйкессіздікпен, мәртебелік белгісіздікпен, өзгермелі және нұсқалық бейнесімен сипатталады. Мұндай түсініксіздік «мұра» мағынасының «шексіздігімен», дәлелді анықтамалардың болмауымен немесе олардың тым артықтығымен түсіндіріледі және ақталады (Молдабеков, 2011: 110-114). Ал саяси партиялардың мүшелері, мәселен,

«Ақжол» партиясының жетекшісі Азат Перуашев елдің материалдық емес мәдениетін қолдау мен дамытудың базалық тетігін жасау арқылы ғана шешуге болатынын айтты. Ал «Адал» партиясының жетекшісі Серік Сұлтанғали классикалық тұрғыдағы «Мәдени мұрадан» гөрі, ең алдымен, ауыл клубтары мен халық театрларын жандандыруды ұсынды (Шелегина и др., 2018: 30-37).

Тарихи-мәдени мұра өткен туралы жан-жақты, шынайы және бейнелі ақпарат тасымалдаушысы болып табылады. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қыруар жұмыс атқарылғанымен, «мұра» ұғымына қатысты нақты және ғылыми өлшемдермен анықталатын дәлелді әдістемелік базаның жоқтығы екүштылық сипат қалыптастырды. Сол себепті ұлттық мәдениетті дамыту мен мұраны сақтау практикасы төңірегіндегі отандық зерттеулер көмескі концептуалды жалпылау деңгейінде тұр.

«Мәдени мұра» бағдарламасының идеологиялық жалғасы, тереңдетілген нұсқасы ретінде 2017 жылғы кең ауқымды «Рухани жаңғыру» жобасын жатқызуға болады. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің соңғы 2021 жылғы деректеріне сәйкес, қазіргі уақытта бағдарламаның 17 арнайы жобасы іске асырылуда. Арнайы жобалардың ішінде естелік/коммеморация практикаларын жандандыруға бағытталғаны «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және «Туған жер». Біріншісінің аясында жалпыұлттық маңызы бар киелі нысандар тізіміне 256 бірлік және жергілікті маңызы бар нысандар тізіміне 575 нысан енгізілсе, екіншісі арқылы демеушілік қаражат есебінен 7 мыңнан астам нысан салынып, 48 тарих және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілді. Жалпы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің соңғы мәліметтеріне сәйкес 1991-2020 жылдар аралығында тарих және мәдениет ескерткіштерінде 270-ке жуық ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілген (Сахова, 2021).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының бастапқы форматы күні бүгінге дейін бірнеше

өзгерістерге ұшырап, жиі қайта қаралып, ретке келтіріліп келеді. Мәселен, 2017-2020 жылдары бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша кешенді жұмыс жүргізілсе, 2021 жылдың басында Президент Қ-Ж.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы ескеріле отырып, 2021-2025 жылдарға арналған «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы бекітілді (АҚЖ «Әділет», 2021). Соңғы жоба жоғарыда аталғандардан оны іске асыруға қатысты Жол картасының барымен өзгешеленеді.

Қорытындылай келгенде, ұлттық жады мен өткенді сақтауға бағытталған нормативтік-құқықтық актілер мазмұндық жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Сонымен қатар, бір бағдарлама шартты түрде аяқталғанымен екіншісіне бірқалыпты ауысып, тақырыбы мен мақсаты өзгерсе де, оның іске асырылу жолдарының бірдей екендігіне көз жеткізілді.

Бұқаралық мерекелік коммеморация. Неміс тарихшысы, мәдени жады зерттеушісі Алейда Ассман жадыны үш форматта қарастырған: әлеуметтік, саяси және мәдени: «Егер есте сақтаудың әлеуметтік форматы ұрпақтар ішіндегі коммуникацияларға негізделсе, онда естеліктің саяси және мәдени формалары тек кітапханалар, мұражайлар мен ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар оқытудың әртүрлі тәсілдері мен қайталануға негізделген бірлескен қатысулар» (Ассман, 2014). Көпшілікпен бірлескен қатысуларға зерттеуші мерекелік шараларды, салт-дәстүрлер мен әртүрлі сарындағы рәсімдер өткізуін жатқызады. Сол себепті белгілі бір ұжымның немесе этникалық топтардың тарихи-мәдени жадысында сақталған мерекелерді атап өту дәстүрі де олардың өзіндік бірегейлігін таныту белгісі ретінде саналады.

Ассман жадының саяси және мәдени формасын бір сипатпен анықтағаны кездейсоқ емес. Өйткені, бұқаралық мәдени мерекелерді тойлау шарасы әрқашан мемлекеттік саясатпен сәйкестендірілген. Мәселен, Наурыз мерекесі қазақ елінің Кеңес өкіметі құрамына кіргеннен, нақты айтқанда, 1926 жылдан бастап тойланбаған.

Билік тарапынан Наурызға қатысты ресми қаулы қабылданбаса да, жасырын түрдегі тыйым діни қызметкерлер мен сенушілерді қудалаумен қатар жүрді. Бұл мереке «өткеннің қалдықтары» саналғандықтан кез-келген ұлттық бірегейліктің белгілері маңызды емес деп танылды. Тіпті қазақ халқының бата беру дәстүрі Кеңес өкіметіне қарсы наразылық пен бүлік дәрежесінде қаралды. Көктемгі жаңару мерекесін атап өту туралы соңғы жарияланым 1925 жылғы 22 наурызда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген (Сулейменов, 2021). Дегенмен, қазақ ақындары мен жазушылары өз шығармаларында Наурызды еске алып, халықтың санасында ұлттық дәстүр нышандарын дәріптеген.

Ұмыт қалған мереке алпыс екі жылдан кейін – 1988 жылы мәдениет министрі болған Өзбекәлі Жанібеков Жазушылар одағында Наурыз мейрамын қайтаруды нұсқап, қатысушылардың қолдауымен қайта жаңғырту жайында шешім қабылданды. Сол жылдан бастап атаулы мейрам Алматы қаласында кеңінен тойланса, келесі 1989 жылдан Қазақстанның түпкір-түкірінде көпшілікпен мерекелененді (Искалиев, 2021). Ал 1991 жылғы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің «Наурыз мейрамының халықтық мерекесі туралы» Жарлығында «22 Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңесу күні – Наурыз мейрамы халық мерекесі күні деп жариялансын» деп жазылған (Қайратұлы, 2021). Тәуелсіздік алғаннан кейін 2009 жылдың 24 сәуірінде Н.Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» мәртебесін беріп, ресми демалыс күндері саналды. Дәл сол жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мерекесі көптеген халықтардың мәдени дәстүрі ретінде Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енді (ЮНЕСКО, 2009).

Американдық антрополог Дэвид Кертцер өзінің «Ритуал, саясат және билік» еңбегінде мемлекеттік тұрғыда мәртебесі бар мерекелерді атап өту – бұл жыл сайын көпшілікпен қайталану арқылы жадыда мнемоникалық актілерді бекітеді делінген (Кертцер, 2014; 144-154). Алайда

саяси бағдардың өзгеруіне немесе ұрпақ сабақтастығының үзілуіне байланысты бір мезетте мнемоникалық актілер бір-бірімен сәйкескелмей қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда билікпен мерекеге қатысты жаңа көзқарас қалыптастыруы, тойлаудың жаңартылған репертуары ұсынылуы қажет. Осы орайда 2022 жыл басында Қазақстан өңірлерінде жайлаған «қаңды қаңтар» оқиғасынан кейін жарыққа шыққан Президент Қ-Ж. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы Наурыз мерекесі жайындағы пікірі орынды. Мақалада Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түсу керектігі айтылады (Қ-Ж. Тоқаев, 2022). Президент Ұлыстың ұлы мерекесін арнайы Алматы қаласында, алпыс екі жылдан соң Наурыздың алғашқы оралған мекенінде қарсы алуы да оның символикалық мағынамен толтыру әрекетіне жатқызуға болады.

Осылайша, Наурыз мерекесін ретроспективалық сараптамалау нәтижесінде, біріншіден, оның екі рет қайта жанданғандығын; екіншіден, әр кезеңдегі травматикалық оқиғалардан кейін Наурыз көпшілік жадысында «сын-қатерге төтеп беріп, ұлттың бекемдігін қайта дәделдеу» нышанымен сақталғандығы анықталды. Бұл орайда мерекелік коммерация саяси өзгерістермен, сонымен қатар, ұлт жадысын, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуға жанашыр топтардың (ақын-жазушылар, зиялылар қауымы) демеуімен тікелей байланыстығын көруге болады.

Ономастикалық коммеморация. Қалалық топонимия бұрыннан жады зерттеушілерінің қызығушылығын тудырып келеді. Қала немесе көше атаулары – белгілі бір саяси, тарихи-мәдени бағытты енгізу құралы. Олар белгілі бір оқиғалар, күндер, адамдар және адамдар топтары немесе жалпы терминдер арқылы жүзеге асырылатын құндылықтарды көрсетеді. Осыған қатысты поляк урбанисті Стефан Мейер «көше атауын өзгерту, әдетте, мемлекет өзінің беделін және оның тарихын түсіндіруге айрықша құқығын көрсететін саяси акт болып табылады» деп,

биліктің мәртебесін атаған (Meyer, 2006; 106). Алайда, Ресей тарихшысы Изабелла Огоновская топонимикалық атауларды өзгерту үрдісін антикоммеморациялық актілерге жатқызып, келешек ұрпақ үшін оның антипатриоттық және деструктивтік әлеуетін көрсетеді (Огоновская, 2021; 240). Бұл ретте отандық антрополог Күлшат Медеуова ресейлік зерттеушілерді мұндай өзгертулер жиі алаңдатынын айтады. Ал жергілікті топонимдерді орыс тілінде жазудан бас тартуды, ескерткіштерді ауыстыруды немесе бұзуды жергілікті саяси элиталар қалалық кеңістікті ұлттандырудың тиімді әдісі ретінде қабылдайды. Бірақ, Медеуова елорда көшелерін өзгерту үрдісін талдай келе, кей атауларды өзгерту туралы шешімдер көбінесе идеологиялық емес, ситуациялық немесе техникалық себептерге негізделгенін анықтаған (Бекус, Медеуова, 2011).

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан бастап «тарихи әділеттілікті» қалпына келтіру үрдісі белсенді түрде жүргізілді: өткеннің кеңестік кезеңге дейінгі символдарын қайта құру, атауын өзгерту және қалалар мен көшелерге тарихи атаулар беру. Ең алғашқы қадамдардың біріне 1993 жылғы 4 мамырда қабылданған ҚР Жоғарғы Соты Президиумының «Қазақ топонимдерін орыс тілінде транскрипциялауды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының жекелеген әкімшілік-территориялық бірліктерінің атаулары мен атауларды өзгерту туралы» Қаулысын жатқызуға болады (АҚЖ «Әділет», 1993). Бұл құжат бойынша кеңестік кезеңде «Джамбул», «Чу» аталып кеткен топонимдер «Жамбыл», «Шу» болып, қазақ тілінің әдеби тіл нормасына сай 18 әкімшілік бірлік атаулары өзгертіледі және 13 облыста орналасқан 85 ауылға жаңа атаулар қойылады.

Халық арасында топонимдерді өзгерту үрдісіне қатысты ой-пікірлер әртүрлі: бір бөлігі ұлттық тарихи сананы жаңғырту, заман талабы деп санаса, екіншісі – бұған қыруар қаржы жұмсағанша басқа әлеуметтік маңызды мәселелерді шешкенін қалайды; ал үшінші аға буын топ – өткенмен қоштасу немесе тарихты бұрмалау деп қабылдайды. Сол себепті 2014

жылы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қаулы қабылданады (АҚЖ «Әділет», 2014).

Соңғы 2019 жылғы ресми мәліметтерге сүйенсек, Тәуелсіздік жылдарында бүкіл республика бойынша 20-ға жуық аудан, қала, облыс, 1500-ге жуық елді мекен, 1400-ге жуық объект (білім беру, мәдениет, спорт мекемелері және т.б.), 85 теміржол станциясы, 25000-ға жуық ономастикалық атау (көшелер, даңғылдар, шағын аудандар және т.б.) қайта аталған. Мәселен, ҚР тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ономастикалық кеңістікті реттеу жұмысы да қарастырылған. Мұнда идеологиялық жағынан ескірген ономастикалық атауларды өзгерту, географиялық объектілерге ұлттық атау беру үрдісін жандандыру маңыздылығы айтылған. Берілген атаулардың осы объектінің функциясымен сәйкес келуі, трансшекаралық аумақтардағы географиялық объектілердің тарихи атауларын қалпына келтіру қажеттілігі де ескерілген.

Топонимикалық атауларды өзгерту арқылы тарихи әділеттілікті орнату және ұлттық жадыны жаңғыртуға бағытталған практикалардың біріне соңғы жылдардағы Қазақстан бойынша жаппай «сталиндік репрессия қалдықтарын» жою әрекетін жатқызуға болады. Мәселен, отандық ғалымдар арасында Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Левон Мирзоян тұлғасына қатысты көзқарастар сан түрлі. Белгілі тарихшы Қайдар Алдажұманов Мирзоян ауылшаруашылық өндірісін арттыру арқылы ашаршылықты ауыздықтағаны үшін халық арасында «Мырзажан» аталып кеткендігін айтады (Алдажұманов, 2013; 154). Керісінше, қайраткер-жазушы Ғаббас Қабышұлы ол басқарған 1933-1938 жылдары Ахмет Байтұрсынов бастаған арыстардың қуғын-сүргінге ұшырағандығын атап өтеді (Қабышұлы, 2014). Осылайша, ономастикалық

комиссияның шешімімен 2013 жылы қазіргі Астана қаласындағы Левон Мирзоян көшесі геолог-ғалым Қаныш Сәтбаев есіміне өзгертуді қарастырды. Алайда армян қауымдастығы қарсылық білдірген соң көше атауы ресми түрде тек 2015 жылы өзгертілді. Дәл сол уақытта Тараздағы Мирзоян көшесіне қоғам қайраткері, инженер Сейілхан Аққозиев аты берілді. Кейін 2016 жылы Алматыдағы мұндай көше энергетик-ғалым Шафик Чокинге ауыстырылды. Аталған өзгерістердің толқыны елдің басқа да өңірлеріне жетіп, қоғамдық белсенділердің жергілікті билікке Мирзоян көшесін және оған орнатылған ескерткіштерді алып тастауға өтініш білдіре бастады. Белсенділердің ықпалымен 2018 жылы бұл көше атауы Алаш белсенділеріне өзгертіле бастайды: Ақтөбеде – Әлихан Бөкейханов, қазіргі Абай облысы Үржар ауылында – Отыншы Әлжанов есімдері қойылады. Мирзоян атауын жер қойнындағы кен барлауға және «Алаш» қозғалысына қатысты тұлғалардың есімдерін берудің өзі – биліктің халық жадысында еңбек пен елсүйгіштікке бағдарлау әрекеті.

Топонимикалық атауларды ұлттық тілге және тарих тағылымына сай өзгерту кейстерінің бірін саралай келе, оның тек билік тарапынан ғана емес, жергілікті халықтың ықпалымен жүргізілетіні байқалады. Мүдделі топтар, оның ішінде, зиялы қауым және қоғамдық белсенділер арасында көше атауларын өзгертуге қатысты әртүрлі пікірлердің бары аға буын мен жас буын тарихи жадыларындағы қарама-қайшылықты көрсетеді.

Мерейтойлық коммеморация.

Өткенді көпшілікпен «еске түсіру» әрекеті көбінесе күнтізбелік логикаға бағынады. Бұл әсіресе мерекелер мен мерейтойлар сияқты формаларда айқын көрінеді. «Естелік орындары» концептінің авторы Пьер Нора естеліктер қатарына жылдық, мерейтойлық іс-шаралар, айрықша оқиғаларды көпшілікпен мерейтойлық даталарда атап өтуді жатқызған. Француз ғалымы революция күнтізбесін мысалға келтіре отыра, бұрын оның өмір ағымына тікелей әсер еткендігін және сол

арқылы маңызды даталар мен оқиғалардың пайда болғандығын айтады (Нора, 1999; 42). Әрине, заман талабына қарай революция және оған қатысты оқиғалар мен айтулы тұлғаларға арналған француздық күнтізбегі «қызыл» даталар да жойылды.

Коммеморацияның негізгі түрткісі «атаулы күндер» болып саналады – онжылдықтар, кезеңдер, ширек немесе жарты ғасыр, ғасырлар. Бізді тарихи оқиғадан бөлетін қашықтықты білдіре отырып, мерейтойлар оның қазіргі оқиғамен байланысын растауға бағыттайды. Қазақстанда ғұлама тұлғалардың мерейтойларын атап өту практикасы егемендік алған жылдардан бастау алады. Мәселен, 1995 жыл – қазақ ойшылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы тұңғыш рет ЮНЕСКО (Біріккен Ұлттардың Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы) шеңберінде Абай жылы аталады. Атаулы мерейтой Париж, Анкара, Дели, Бейжің, Каир, Будапешт тәрізді әлемнің 25 елінде тойданды. Абайдың 150 жылдығы бес күн бойы – 8-12 тамыз аралығында Алматыдағы салтанатты жиыннан басталып, Семейдегі ұлан асыр тоймен ұласып, Шыңғыстауда баба рухына бағыштап ас берумен тарқатылды.

Бұдан кейінгі бес жыл да тарихи тұлғалар мерейтойларын атап өту циклы жалғасты: 1996 жылы – ақын Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығы; 1997 жылы – жазушы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы; 1998 жылы – халық композиторы Құрманғазы Сағырбаевтың 175 жылдығы; 1998 жылы – ғалым және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығы; 1999 жылы – көрнекті ғалым академик Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығы. Тәуелсіздік таңындағы билікпен жүргізілген мұндай коммеморативтік актілер келешек ұрпақтың жадысында ұлтқа қызмет еткен, халықтың өзіндік болмысын сақтап қалуға үлес қосқан тұлғалардың есімін таңбалау әрекеті.

Араға 25 жыл салып, Абайдың 175 жылдығын атап өту 2020 жылға түседі. Мерейтойға дайындық Президент Қ-Ж.Тоқаевтың 2019 жылғы 30 мамырда қабылданған Қаулыға сәйкес жалпыреспубликалық жоспармен

бекітіледі. 2020 жыл халықаралық «Абай жылына» айналып, Қазақстанның бастауымен және ЮНЕСКО мен ТЮРКСОЙ-дың (Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы) қолдауымен ғұламаның 175 жылдығы жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекеленді. Сонымен қатар, Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгіленіп, мерекелер тізбесіне енгізілді (К-Ж.Тоқаев, 2020). Жалпы алғанда бір жыл ішінде тұғырлы тұлға өнегесін дәріптеу мақсатында 500-ге жуық іс-шаралар өткізілген. Абай есімімен Қазақстанның бір әуежайы, 6 мектебі, 3 даңғылы және 10 көшесі аталып, 7 ескерткіш пен 2 бюст орнатылды. Сыртқы істер министрлігі ұсынған дерекке сүйенсек, әр жылдары әлемнің 13 қаласында Абай құнанбайұлының ескерткіші орнатылған. Соның бесеуі ақынның 175 жылдық мерейтойына арнап қойылған екен (Нақтыбай, 2021).

Аталмыш мерейтойды қаржыландыру мәселесіне тоқталсақ, 2019 жылдың соңында республикалық бюджеттен ақынның мерейтойын ауқымды түрде атап өтуге 3,3 миллиард теңгеге бөлінетіні хабарланды. Алайда пандемияға байланысты іс-шаралардың бір бөлігі онлайн форматқа көшіріліп, мерекелеудің шығыс бөлігі 1,7 миллиард теңгеге қысқарды. Негізгі қаражат Семейдегі мұражайды қайта жаңартуға, Абай оқыған мектепті және ұлы ақынмен байланысты басқа да орындарды аббаттандыруға бағытталды.

Тәуелсіздік жылдарында бұрынғы Президент Н.Назарбаев пен қазіргі Қ-Ж.Тоқаев тұсында екі рет дүркіреп өткізілген Абайдың мерейтойларын өзара салыстыра келе, оның 175 жылдығының мазмұндық сарыны жаңаша келбет алғандығы байқалады. Біріншісі әртүрлі көпшілік қатысуымен жүргізілген мәдени іс-шаралармен есте қалса, екіншісінде ғылыми-педагогикалық мәні жоғары жұмыстар атқарылды. Әрине, мерекелеу форматына дүниежүзілік пандемия да өз түзетулерін енгізді.

Абайға арналған мерейтойлық коммеморациялар «естелік орындарына» айналып келеді. Себебі жыл сайынғы ғұламаға

қатысты стандартталған және қайталанбалы іс-шаралар халық жадысында белгілі бір рәсімдер жиынтығымен есте сақталады. Сол себепті ең маңызды тарихи оқиғалардың құрметіне құрылған мерекелер олар туралы жыл сайынғы қоғамдық ескертулер ретінде қызмет етеді. Олар мерекелік, қоғамдық және жеке іс-шаралардың арнайы тәжірибелерін қалыптастыруға ықпал етеді (Ефремова, 66-79; 2014). Мерейтойлық коммеморация әр түрлі контексте қолданылатын еске алу рәсімдерінің белгілі бір жиынтығымен ұласады (гүл шоқтарын қою, жалауды алып тастау немесе көтеру, алау жағу, алау шерулері, отшашулар, қайтыс болғандардың тізімін көпшілік алдында оқу, мерейгер ескерткішінің алдында оның танымал өлең шумақтарын оқу және т.б.). Жеке тұлғаларды ұжымдық әрекетке қосқанда, мәселен, рәсімдер өткізу шарасы оларға күшті эмоционалды әсер етуі мүмкін. Дін саласындағы рәсімдерді зерттеген әлеуметтанушы Эмиль Дюркгейм «кез-келген рәсім жоғары эмоционалды күйде өтетіндіктен, біріншіден, оның ұжымдық жадыны тасымалдаушы, екіншіден, қоғамды ұзақ жылдарға біріктіруші, үшіншіден, ұжымдық бірегейлікті сақтаушы функциясын атқарады» (Дюркгейм, 2018; 536-537). Бұған қоса, әлеуметтанушы еске алу рәсімдерін талдай келе, оның басты мақсаты – өткенге шолу жасау және сол арқылы өзін-өзі қазіргі қоғаммен сәйкестендіру сезімдерін қайта жаңарту. Осылайша, жылдан-жылға қайталанбалы және ұжыммен бекітілген еске алу рәсімдері көпшілікпен заңды құбылыс ретінде қабылданады.

Соңғы жылдары кең таралған еске алу рәсімдерінің біріне – тарихи тұлғалардың мерейтойларына орай олардың ескерткіштерінің жанына гүл шоқтарын қойып, ғұламаның көпшілікке танымал өлең шумақтарын оқу практикаларын жатқызуға болады. Мәселен, 1997 жылы Астана қаласының орталық көшелерінің бірі, әрі әкімшілік ғимараты алдындағы көше атауын Лениннен Абайға өзгертілуі (Тоекин, 2008), ал 2010 жылы ғимарат алдына ҚР Парламент Сенатының төрағасы қызметінде болған Қ-Ж. Тоқаев және бұрынғы елорда әкімі Иманғали

Тасмағамбетовпен Абайға ескерткіш қою, жыл сайын билік өкілдерімен Абайдың туған күнінде – 10 тамызда ескерткіш жанына гүл шоқтарын қойып, әдеби-поэтикалық шаралар ұйымдастыру – бұл естеліктің әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымын жасақтау әрекеттеріне жатқызуға болады. Абай Құнанбаевтың туған күніне арналған мұндай жылсайынғы естелік рәсімдері жергілікті билік өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның біршама қалаларында өтеді.

Қорытындылай келе, көпшілікпен өткізілетін жалпыұлттық мерелелік шаралар, қайталанбалы рәсімдер өз кезегінде мнемоникалық актілерді бекітіп билік үстемдігін арттырады. Мерекелеу барысында билікпен өндірілетін символдық құрылымдар мен құралдар «әлеуметтік перформанс» кейіпінде көпшіліктің әдеттегі қолданысына еніп, саяси коммуникацияның айырықша түрі ретінде дамуда.

Нәтижелер

Тәуелсіздік жылдарындағы коммеморациялық практикаларды саралай келе, билікпен ұлттық естеліктерге қатысты жүргізілген рәсімдер, біріншіден, ұжымдық жадыны тасымалдаушы; екіншіден, ұрпақаралық байланысты ұзақ жылдарға біріктіруші; үшіншіден, мүдделі топтар мен халықтың қатысу белсенділігін арттыру арқылы бірегейлікті сақтаушы функциясын атқаратыны анықталды. Коммеморациялық актілердің жіктелімі келесідей нәтижелерге қолжеткізді:

1. Нормативтік-құқықтық коммеморация Қазақстан тарихын тек ресейлік-кеңестік кеңістігінің бір бөлігі ретінде емес, әлемдік тарихтың көшпелі өркениеттің, түркі әлемінің, Орталық Азия өңірінің бір бөлігі ретінде алдыға шығуға негізделді. Біріншіден, биліктің азаматтық бірегейлік пен ұлттық тарихи сананы қайта құрылымдау әрекеті десоветизация немесе антиколониалдық ұстанымның Тәуелсіздік таңынан бастап нығайғанын көрсетеді. Екіншіден, тарихи-мәдени мұрасын қалпына келтіруге бағытталған екі

ауқымды – «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы, коммеморация практикаларының жалпыұлттық сипат алғандығы анықталды. Дегенмен, «мұра» ұғымына қатысты нақты және ғылыми өлшемдермен анықталатын дәлелді әдістемелік базаның жоқтығы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы форматының жиі өзгерістерге ұшырауы тарихи-мәдени мұраны сақтау практикасы төңірегіндегі отандық зерттеулер көмескі концептуалды жалпылау деңгейінде сақталып келеді.

2. Бұқаралық мәдени мерекелерді тойлау шарасы әрқашан мемлекеттік саясатпен сәйкестендірілген. Мәселен, Наурыз мейрамы қатерлі саяси өзгерістерге байланысты екі рет қайта жандану үрдісін өткерді. Біріншісі, Кеңестік кезеңде ұлттық бірегейлікке нұқсан келтіру мақсатында 62 жыл бойы тыйым салғаннан кейін 1989 жылы қайта мерекеленуі. Екіншісі, 2022 жылғы «қаңды қаңтар» оқиғасынан Президент ықпалымен жаңаша мазмұнға ие болуы. Сонымен қатар, Ұлыстың ұлы күні білікпен «сын-қатерге төтеп беріп, ұлттың бекемдігін қайта дәделдеу» нышанымен белгіленді. Билік қатысуымен

мерекенің Алматы қаласында аталып өтілуі де, сол кезеңде саяси тұрақсыздықтың бастауын алған кеңістікті жаңа идеологиямен толтыру әрекеті.

3. Тәуелсіздік жылдарындағы ономастикалық атаулардың ұлттық тілге және тарихи тағылымға сай өзгеру үрдісі «саяси әділеттілікті» орнату белгісі. Елді мекен атауларын өзгертулерге қатысты әртүрлі пікірлердің бар болуы аға буын мен жас буын тарихи жадыларындағы қарама-қайшылықты көрсетеді.

4. Тарихи даталарды, ғұлама тұлғалардың мерейтойын атап өту коммемаративтік практикалары (гүл шоқтарын қою, отпашулар, мерейгер ескерткішінің алдында оның танымал өлең шумақтарын оқу және т.б.) жылсайын немесе кезең-кезеңмен қайталау негізінде халық жадысында мнемоникалық актілерді бекітеді. Мерейтойлар әр буын өкілдерін тарихи оқиғадан бөлетін қашықтықты білдіре отырып, оның қазіргі оқиғамен байланысын растауға бағыттайды.

Мақала «Мәдени ландшафт: зерттеу мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу аясында әзірленді.

Әдебиеттер тізімі

«Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 134 Жарлығы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000134> (қаралған күні: 02.10.2022).

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000138> (қаралған күні: 23.08.2022).

«Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2003 жылғы 4 сәуір // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030002004_ (қаралған күні: 27.10.2022).

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (қаралған күні: 16.09.2022).

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 23 мамырдағы №2995 Өкімі // «Әділет» ақпарат-

тық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/N960002995_/links (қаралған күні: 05.10.2022).

«Қазақ топонимдерін орыс тілінде транскрипциялауды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының жекелеген әкімшілік-территориялық бірліктерінің атаулары мен атауларды өзгерту туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 4 мамырдағы Жоғарғы Соты Президиумының Қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P930004000_ (қаралған күні: 10.10.2022).

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724> (қаралған күні: 02.10.2022).

Meyer S., “Dwie drogi do alei Stalina. Zmiany nazw ulic w Warszawie i Berlinie Wschodnim (1945-1950)”, in W polowie drogi. Warszawa między Paryżem a Kijowem, ed. Jerzy Kochanowski. – Warszawa: Trio, 2006. – P. 105–174.

Арт-проект «1937: Территория Памяти | Жоқтау»: Каталог. – Алматы: 2013. – 168 с.

Ассман А. Рефреймируя память. Между индивидуальными и коллективными формами конструирования прошлого // Интернет-журнал «ГЕФТЕР». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://gefter.ru/archive/11839> (қаралған күні: 25.10.2022).

Аяган Б. Г. Модернизация исторической науки в независимом Казахстане // История и современное мировоззрение. – 2020. – Т. 2. – № 3. – С. 54–61

Байпаков К. Реализуется программа «Культурное наследие» // Наука и высшая школа Казахстана. – 2004.

Бекус Н., Медеуова К. Смена эпох как смена столиц: Астана как глобальный центр // Журнальный клуб Интелрос «Неприкосновенный запас» №6, 2011 [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <http://www.intelros.ru/readroom/nz/neprikosnovennyuy-zapas-80-2011/12771-smena-epoch-kak-smena-stolic-astana-kak-globalnyy-centr.html> (қаралған күні: 20.10.2022).

Ефремова В.Н. Государственные праздники как инструменты символической политики: Возможности теоретического описания // Символическая политика: Сб. науч. тр. / РАН. ИНИОН. Центр социал. науч.-информ. исслед. Отд. полит. науки; Ред. кол.: Малинова О.Ю., гл. ред., и др. – М., 2014. – Вып. 2: Споры о прошлом как проектирование будущего. – 232 с.

Жакеев М. В Астане открыт памятник великому Абаю // МИА «Казинформ». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.inform.kz/ru/v-astane-otkryt-pamyatnik-velikomu-abayu_a2279775 (қаралған күні: 28.10.2022).

Искалиев Р. Көрісу-амал или история Наурыз мейрамы. Возрожденный Наурыз мейрамы после 62 лет забвения // Информационно-познавательный портал «El.kz». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://el.kz/ru/news/samopoznanie/chepez_gody-_peppessii_i_golod-_istoriya_nauryz_meуramу/ (қаралған күні: 09.09.2022).

Концепцию становления исторического сознания в Республике Казахстан // Газета «Deutsche Allgemeine Zeitung (DAZ)». [Электронный ресурс] – 2013 – URL: <https://daz.asia/ru/kontseptsiya-stanovleniya-istoricheskogo/> (қаралған күн: 05.10.2022).

Қабышұлы Ғ. Қазақты қырған Мирзоянды неге әспеттеп отырмыз? // Qazaquni.kz ақпараттық агенттігі. – <https://qazaquni.kz/tarikh/28550-mirzoyannyi-aza-abyir-asyi-ayyispa> (қаралған күні: 09.10.2022).

Қайратұлы Б. Береке басы – Наурыз, қазына құты – Тайқазан // «Егемен Қазақстан» газеті. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://egemen.kz/article/268819-bereke-basy-%E2%80%93-nauryz-qazyna-quty-%E2%80%93-tayqazan> (қаралған күні: 19.10.2022).

Қараманова М.С. Қазақстанның «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы: оның жүзеге асыру кезеңдері мен мағынасы // Qazaqstan Tarihy порталы. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12320/> (қаралған күні: 27.10.2022).

Қ-Ж.Тоқаев. Абай – рухани реформатор // «Егемен Қазақстан» газеті. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://egemen.kz/article/244790-qasym-zhomart-toqaeв-abay-%E2%80%93-rukhani-reformator> (қаралған күні: 20.10.2022).

Қ-Ж.Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан» газеті. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (қаралған күні: 20.10.2022).

Молдабеков Ж. Культурное наследие как проблема: характерные черты и исследовательская позиция // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2011. – № 2 (37). – С. 110-114

Нақтыбай Е. Абайдың 175 жылдығы әлем картасында қандай із қалдырды // МИА «Казинформ». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.inform.kz/kz/abaydyn-175-zhyldygy-alem-kartasynda-kanday-iz-kaldyrdy_a3822014 (қаралған күні: 18.09.2022).

Нора П. Всемирное торжество памяти // Неприкосновенный запас. – 2005. – №2-3. – С. 42.

Нора П. Эра коммемораций // Франция – память. СПб.: Изд-во СПб. ун-та, 1999. – 328 с.

Нора П., Озуф, М., Ж. де Пюимеж, М. Винок. Франция-память / Пер. с фр.: Дина Хапаева. – СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 1999. – 325 с.

Огоновская И.С. Коммеморативные практики как инструмент сохранения памяти о военной истории России // Международная научно-практическая конференция к 80-летию начала Великой Отечественной войны. Оренбург, 28-29 мая 2021 г.: сб. науч. статей / науч. ред. Р.Р. Хисамутдинова. – Оренбург: изд-во ОГПУ, 2021. – 340 с.

Празднование Навруза в ЮНЕСКО // ЮНЕСКО-ның ресми сайты. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://ru.unesco.org/silkroad/events-festivals/prazdnovanie-navruza-v-yunesko> (қаралған күні: 02.10.2022).

Сахова Г. Как возрождалось историко-культурное наследие Казахстана за годы Независимости // МИА «Казинформ». [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: https://www.inform.kz/ru/kak-vozhrozhдалos-istoriko-kul-turnoe-nasledie-kazahstana-za-gody-nezavisimosti_a3768102 (қаралған күні: 28.10.2022).

Символическая политика: Сб. науч. тр. / РАН. ИНИОН. Центр социал. науч.-информ. исслед.; Отд. полит. науки; Ред. кол.: Малинова О.Ю., гл. ред., и др. – М., 2015. – Вып. 3: Политические функции мифов. – 371 с.

Стенограмма заседания рабочей группы Национального совета по государственной политике при Президенте Республики Казахстан о разработке Концепции формирования новой государственной идентичности. – 27 декабря 1993 г. // Архив Президента Республики Казахстан Ф. 5-Н, Оп. 1, Д. 3087. – Л. 1-23.

Сулейменов А. Возрождение праздника // Qazaqstan Tarihy порталы. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/32488/> (қаралған күні: 08.10.2022).

